



БАТЫРБЕК МЫРЗАБЕКОВ

ҚАЗАҚТЫН МЫСЫ - ХАЛЫҚТЫН ЫРЫСЫ

Батырбек Мырзабеков

**ҚАЗАҚТЫҢ МЫСЫ —
ХАЛЫҚТЫҢ ЫРЫСЫ**

Жезқазған қаласы
2006 жыл

Батырбек Мырзабеков

ҚАЗАҚТЫҢ МЫСЫ — ХАЛЫҚТЫҢ ЫРЫСЫ

Публицистика. Очерктер, мақалалар.

Жезқазған «Қазақмыс» корпорациясының баспаханасы.

2006 жыл. 120 бет.

Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының иегері журналист Батырбек Мырзабековтың бұл жинағына еліміздегі алып өндіріс орындарының бірі — «Қазақмыс» корпорациясының тыныс-тіршілігі мен еңбек адамдарына қамқорлығы, әлеуметтік саладағы жасалып жатқан игілікті істер туралы соңғы он жылдағы жазғандары еніп отыр. Аты әлемге танылған кәсіпорындағы қол жеткен жетістіктер, жаңа бастамалар, корпорацияның қала экономикасы мен мәдениетіне, сәулеті мен сәніне қосып отырған үлгілі істері қаламгердің тақырыбына өзек болған. Әр жылдары жазылған очерк, суреттеме, корреспонденциялардың негізгі арқауы — абыройлы еңбек.

М 2601000000
00(05)-06

ББК 34.3

ISBN 9965-742-16-2 «Өлке», 2006 ж.

© Мырзабеков Б.

«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС баспаханасы.
Жезқазған қаласы, Жастар көшесі, 24 үй.

Бірінші бөлім

**ЖЕМІСТІ
ОН
ЖЫЛ**



Бұл еңбек ел мақтанышына айналған
«Қазақмыс» корпорациясына арналады.

Автор

ӨНДІРІС БАСШЫСЫ АШҚАН ЖАҢАЛЫҚ Жезқазғанның ғұмырын ұзартады



Кейіпкердің деректерінен: Руслан Борисович Юн — «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС басқармасының төрағасы.

Техника ғылымдарының докторы.

Мол табысқа жетуді қай мамандық иесі болса да алдына мақсат етіп қояры анық. Осындай мақсатты жер астынан кен қазған кеншілер де ұстанады. Әрине, мол табысқа жету айтуға оңай болғанымен де іс жүзінде орындалуы оп-оңай бола қоймайды. Әсіресе кен қазу үстінде қауіпсіздікті сақтай отырып, мол да ысырапсыз кен өндіру біліктілікпен қатар тәжірибені талап етеді. Бұл заңды да. Жер астына үңіліп, бұрғы салып, кен қазу жұмысы басталғаннан бері қанша уақыт өтсе де, табысты молайтудың сан түрлі әдіс-тәсілдері іздестіріліп, қолға алынып келеді. Бірақ, көңілдегі ой мен істің бірдей сәйкес келуі әсте бірдей бола бермейді де. Кезінде ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өзі кен қазудың түрлі тәсілдерін ортаға салып, оның сан саласындағы ұтымды әдістерін игерудің жолдарын ұсынғаны белгілі. Ғұлама ғалым кезінде өз ойын Қазақстан Орталық партия комитетіне жазбаша түрде білдіргенінде:

«Жезқазған кен орнын пайдаға асыру жолындағы кен қаз-
балау жобалары бойынша жер астында қайырымсыз қалатын
ысырап 12 пайыз. Бұл мөлшерден осы шығынды әлдеқайда
төмендетуге болады», деп осыдан жетпіс жыл бұрын қараша
айында мәлімдеген екен. Мұнда ғалымды ойландырып
отырған негізгі мәселе кен байлығын ысырапсыз игерудің әлі
де мүмкіндігі мол екендігі болса керек. Сол кезде ысырап
12 пайыз болса, мұның өзі байлықтың көбі жер астында

қалып қояды дегенді аңғартып тұр. Шынында да, жер астындағы байлықты ысырапсыз әрі қауіпсіз игеру өте маңызды іс. Содан да болар, кен қазу ісімен айналысатын өндіріс орындарынан бастап небір ірі ғылыми институт мамандарының өзі осы салаға ұдайы көңіл бөліп келеді. Себеп белгілі. Кен игеру ісіндегі әрбір ауысымда әр адамның толық мүмкіндігімен беріле еңбек етіп, қауіпсіздікті сақтай отырып, ысырапсыз мол өнім өндіруге тұрақты қол жеткізу. Әрине, ол үшін білімге қоса тәжірибе және іскер ұйымдастырушылық та қажет. Осындай ой, игі мақсат Жезқазғандық кен мамандарын да ұдайы толғандырып келеді. Бұл ретте Жезқазған кеніштерінде еңбек жолын қарапайым кеншіліктен бастап, басшылықты жоғары сатысына дейін көтерілген білікті инженер, іскер ұйымдастырушы Руслан Борисович Юнның осы бағыттағы ысырапсыз кен өндіру жолындағы жаңа жобасы кеншілерді де, кен мамандарын да, тіпті барша Жезқазғандықтарды да бірден елең еткізді. Басшы, маман, ұйымдастырушы, ғалым Руслан Борисовичтің бұл жаңалығы Жезқазғанның жаңа бір тынысына жол ашты деп батыл айтуға болады. Ең біріншіден, бұл жобаның маңыздылығын кеншілердің өзі де байқады. Жер астында еңбек етіп жүрген кеншілер жаңалықты өндіріске тез қабылдады. Жаңа жобаның авторы кен қазу ісінде негізгі жүйе камералық-бағандар тәсілін одан әрі қарай дамыта отырып, жоғары деңгейдегі кен қазбалау технологиясын нақтылы жұмыстар арқылы жүзеге асыруды ұсынып отыр. Бұл дегеніміз, кеншілердің қауіпсіздігін сақтауды арттыра отырып, қатерлі жерлерден кен тасымалдау жұмыстарында тиеу-тасудың арнайы жабдықтарын белгілі бір қашықтықтан басқару әдісін өндіріске енгізуге мол мүмкіндік береді. Сондай-ақ, кен қазу ісіндегі бұл жоба әсіресе, кен ішінде тек біз білетін, өзімізге бұрыннан таныс болып қалған мысты ғана алуды қамтамасыз етпейді, қайта кеннің құрамындағы мыстан да бөлек, өте сирек кездесетін күміс, рений, осмий сияқты жиырмаға тарта асыл металдардың ысырап болуына жол бермейді. Бұрын әрине, кен қазбалауда ең басты

назар мыс алуға аударылса, енді мына ұсыныс негізінде мыстан да құнды бағалы байлықтардың ысырабына әдемі тосқауыл қоя алады. Ал, оны жүзеге асыру, өндіріске қолдану тәсілі де қарапайым-ақ. Мәселен, кені алынған жерлер толтырылып, жер бетінің төменге опырыла құлауының алдын алуға бұл жүйе бойынша мүмкіндік мол. Жаңа жобаның негізгі құндылығының бір өзегі де осында жатқандай.

Жоба авторы Руслан Борисович Юнның бұл ұсыныстары Жезқазған кенінің келешегінің әлде де мол екендігін дәлелдеуге де негізделгендей. Бәз біреулер айтып жүргендей «Жезқазған кені таусылудың алдында» емес, қайта екінші тыныспен өндіріле бастағанына көңілді де, көзді де сендіре түседі. Жаңа жоба Жезқазған кенінің көлемі біз ойлағаннан да мол екенін дәлелдей отырып, жер астындағы кендердің 95-96 пайыздай қорын пайдаға асыру негізінде бұрынғы кездері қалыптасып келе жатқандай кен құрамының 15-30 пайыз аралығында ысырап болуын тоқтатып, оның (ысыраптың) көлемін 4-5 пайызға дейін төмендету арқылы табысты бірнеше есеге молайтуға болатындығын көрсетіп берді. Демек, Жезқазған кенінің көлемі жеткілікті, ондағы еңбек ырғағы ғасырдан ғасырға жалғаса береріне күмән қалмайды.

Жезқазғандық автордың бұл жаңалығы алыс-жақын шетел мамандарының да назарын аударып, олардың қызығушылығын арттырып, қолдау тауып отыруының өзі оның өндіріс үшін қаншалықты құндылығын білдірсе керек. Осы тұрғыдан келгенде ең алдымен мәскеулік ғалымдардың пікірі ойға оралады. Үстіміздегі жылы шыққан мәскеулік «Горный» және «Цветные металлы» журналдарының бесінші саны түгелге дерлік Жезқазған кеніштеріне, оның ішінде осы Руслан Борисович Юнның ұсынысына ерекше мән беріп, оған үлкен қызығушылық танытқан. Автордың жаңа ұсынысы негізінде қазір Жезқазған кеніштерінде бұрыннан қалған ысырапқа айналған кенді тіректерді қайтадан алудың өзінен 1 млн. тонна таза мыс алынып, одан 3 млрд. доллар таза пайда кірген екен. Ал, жаңалық авторы Р.Б. Юн ғылыми жаңалықтар

ашуға өз жобаларын жасауды кешелі-бүгінді ғана қолға алған жан емес. Ол бұған дейін де кеніштерде қарапайым инженер болып жүргеннің өзінде бірнеше ондаған өнертапқыштық ұсыныстардың авторы атанған. Оның тау-кен өндірісін дамытуға арналған 39 инженерлік — өнертапқыштық жұмысы өндіріске жолдама алса, осыларға арнайы 5 патент және соған тең құжат-куәліктер берілген екен. Мұның өзі бүгінгі жаңалық авторының келелі іске кеңінен оралып келіп отырғанын көрсетеді.

Жаңалық авторының ғылыми ізденісі нәтижесіндегі бұл жұмысы оның көп жылғы сапалы жетістіктерінің нәтижесі екені даусыз. Жобаны жүзеге асырудың өзі де негізінен екі бөліктен тұрғандай. Оның негізгі бөлігі кен қорын жер астында барынша аз қалдыру мақсатында екі сатылы әдіспен жүзеге асырылады. Алдымен камералық-бағанды жүйе арқылы жоғары дәрежелі технологияның көмегімен қорғаныштық баған-тіреулерде қалған кен қоры алынып, содан кейін жер астындағы сапалы сәйкес кен қоры қазылып, бұрыннан тұрған тіректердегі кен қорына қайта оралып, оны ысырапсыз алу арқылы атқарылған еңбектің нәтижесінде пайда болған жер астындағы бос қуыстарды толтыру ісі кенді алумен қатар жүргізіледі. Осындай қаз-қатар жүйелі атқарылатын күрделі жұмыстардың нәтижесінде Жезқазған кен орындарында кен игерудің жаңаша бір әдісі өндіріске енді. Бұл әдістерді кен өндірудегі жаңа бір құбылыс десе де болады. Жаңалықты жасаушы Р.Б. Юнның тың ұсынысы жобасы негізінде Жезқазған кеніштерінде осыған дейін кені алынған миллион текше метр бос қуыстардың қатерінен құтылу мүмкіндігі туды. Осылайша кен өндірудің инженерлік өлшеміне жаңа ұғым қалыптасты. Білімді маман, білікті басшы, ізденгіш ғалым Руслан Борисович Юнның бұл жобасының, басында айтып кеткеніміздей, басты құндылығының және бірі кені алынған қуыстарды өшіру арқылы олардың орнын жер бетіне дейін толтыра отырып, тамыры үзіле бастаған жер бетінің өз әлпетін қайыра қалпына келтіруге, сөйтіп, экологиялық жағдайдың бұзылмауына ерек-

ше ықпал етеді. Енді қалай, бұрын астындағы кені алынған жердің үстіндегі бедері бұзылып, түрі өзгеріп, бейне бір өлі денеге айнала бастаса, жаңа жоба, жаңа жүйе табиғаттың қалыпты жағдайда тұруына ықпал етеді. Демек, тамыры үзілмеген дене тұтас күйінде тіршілік күйін шерте береді деген сөз. Бұл, сөз жоқ, Жезқазған кенінің келешегінің кемел екендігіне айқын дәлел болғандай, ертеңге деген сенімді нығайта түседі.

Республикалық
«Ана тілі» газеті. №40.
6 қазан 2005 ж.

**Ответы Председателя Правления
корпорации «Казакхмыс» Руслана Юна
на вопросы «Жезказганской газеты»**

Вопрос: *Взяв курс на капитализацию, решением собрания акционеров «Корпорация Казакхмыс» была переименована из ОАО в ТОО. В 2001 году простые именные акции корпорации продавались от 600 тенге до 40 долларов. В 2003 году корпорация дополнительно выпустила привилегированные акции, которые разместили закрытым способом среди заранее определенного круга лиц (работников общества). А после преобразования ОАО «Корпорация Казакхмыс» в ТОО Госфиннадзор аннулировал все выпуски акции, в связи с чем правление корпорации приняло решение торги простыми акциями, ранее включенными в список ценных бумаг биржи по категории «А», приостановить. С 23 декабря 2004 года эти акции исключены из списка, который используется для расчета капитализации рынка акций KASE и из представительского списка, который используется для расчета биржевого индекса KASE. Что означает эта ситуация для держателей простых именных акции и чем она чревата для владельцев акций впоследствии?*

Ответ: Сейчас 96% акций АО «Корпорация Казахмыс» обменяны на доли в ТОО «Корпорация Казахмыс». Эти участники ТОО «Корпорация Казахмыс» зарегистрировали в Лондоне свой холдинг «Kazakhstan Copper Corporation International Pie» (далее — КССИ). На Лондонской фондовой бирже (London Stock Exchange или LSE) будет размещено не менее 25% акций холдинга КССИ.

Акции этого холдинга будут привлекательны как для многочисленных инвестиционных фондов, так и для множества банков, страховых компаний, пенсионных и паевых фондов, многих других финансовых институтов и просто индивидуальных инвесторов на Западе. А потенциал привлекаемого холдингом КССИ капитала значительно увеличится. Это позволит оценить «Казахмыс» по более высокой рыночной цене и обеспечит высокую ликвидность акций.

Но это вовсе не означает, что казахстанские инвесторы не будут иметь доступа к акциям холдинга КССИ, торгуемым на LSE. Руководство ТОО «Корпорация Казахмыс» намерено получить разрешение уполномоченного органа Республики Казахстан на допуск акций КССИ для торговли на Казахстанской фондовой бирже (KASE) и произвести одновременную их регистрацию на лондонском и казахстанском фондовых рынках. В этом случае казахстанские инвесторы нисколько не пострадают. Акции холдинга КССИ вернутся на казахстанский рынок как акции привычного нам «Казахмыса», но уже в качестве ценных бумаг компании мирового класса, узнаваемой на рынках капитала всего мира. В целом это позволит корпорации «Казахмыс» стать полноправным участником мирового финансового рынка и привлечь большие средства для дальнейшего развития компании.

Вопрос: *Что ждать простым казахстанским трудящимся корпорации от капитализации, к которой стремится корпорация?*

Ответ: Более высокая капитализация компании повысит стоимость ее акций и привлечет дополнительные инвестиции. Это позволит корпорации направлять больше средств на создание новых рабочих мест в производстве и вкладывать больше в развитие социальной сферы. Если в 2004 году на все социальные объекты было затрачено 22 миллиона 616 тысяч долларов, в том числе на текущее содержание 11,8 миллиона и на новое строительство 10,7, то в 2005 году эти затраты возрастут в полтора раза. К примеру, только на строительство спортивного комплекса в Сатпаеве и детского лагеря в Крыму затратим более 20 миллионов долларов. А 2006 год планируется вообще объявить годом социальных программ «Казахмыса».

Вопрос: *Германская налоговая система облагает высокими налогами своих производителей, а германское трудовое законодательство надежно защищает своих трудящихся от произвола работодателя, поэтому открытие, или поддержка промышленного производства, поддерживающего европейскую экономику, страной приветствуется. Тем не менее, корпорация выводит инвестиции в Европу из благоприятного налогового казахстанского режима. Не означает ли это, что Казахстан станет сырьевым придатком европейскому производству «высоких переделов?»*

Ответ: Корпорация «Казахмыс» в первую очередь вкладывает инвестиции в экономику Казахстана. К примеру, в 2004 году в Казахстан было инвестировано 180 миллионов долларов, а на 2005 год планируем вложить более 200 миллионов. Именно в Казахстане мы строим новые рудники и заводы. Именно в Казахстане корпорация планирует начать производство легированной стали и алюминия. А завод в Германии куплен потому, что он перерабатывает медь и другие цветные металлы в тысячи готовых изделий. Такого производства нет

не только в Казахстане, но и во всех странах СНГ. Создавать же такой завод в нашей стране совершенно **неразумно**, так как это потребует миллиарда долларов **вложений**, а продукцию такого качества, как в Германии, мы не получим, то есть не сможем ее продать. Там ведь этот завод **существует** аж с 12 века. Зато создать в Жезказгане производство легированной стали из местного сырья, которая в Казахстане не производится, нам под силу, и мы это сделаем.

Что же касается сырьевого «придатка», то мы, к примеру, собираемся за счет новейших технологий создать производство алюминия из собственных бросовых отходов. И другие наши технологии по комплексному использованию рудного сырья как раз направлены на недросбережение, что является сейчас ведущим направлением в мировой экономике. Если говорить о том, что мы оставим потомкам, то, как раз и оставим самые современные в мире технологии использования самого бедного в мире рудного сырья и даже отходов производства. При таких технологиях нас уже нельзя называть «сырьевым придатком». Мы эти технологии уже сможем продавать. К примеру, «Норильскому никелю» продали технологию закладки выработанного пространства шахт отходами обогатительных фабрик. Ведь в этом случае решается сложная во всем мире проблема истощения недр. В результате мы уже сейчас имеем программу обеспечения сырьем на 80 лет, но в будущем будем иметь ее и на 300 лет. А при таком развитии нам не нужно создавать свое производство телевизоров и компьютеров, ибо каждая страна имеет свою специализацию и свои ноу-хау. Все это уже не обычное сырьевое направление экономики, а как раз высокотехнологичное. А то, что самый последний передел в переработке меди будет в Германии, то это нормальное во всем мире территориальное разделение труда.

Вопрос: *Отдыхающие санатория «Лесной» в Железновод-*

ске отмечают не совсем качественный ремонт, произведенный в санатории во время реконструкции и ухудшение санаторного сервиса. Какая судьба ожидает «Лесной» после открытия детского санатория «Лучезарный» в Крыму, на строительство которого корпорация намерена потратить 9 млн. долларов?

Ответ: На содержание санатория «Лесной» на 2005 год предусмотрено 1 миллион 37 тысяч долларов, то есть столько же, как и в 2004 году. А жалоб отдыхающих оттуда нам не поступало.

Вопрос: *Какие из планируемых социальных проектов (строительство «Дома ветеранов», гипермаркета для работников корпорации, стадиона с полем по европейским стандартам) в этом году воплотятся в реальность?*

Ответ: В 2005 году будет завершено строительство спортивного комплекса в Сатпаеве, мечети в Жезказгане, а в 2006 году построим торговый центр и Дом ветеранов в Жезказгане. Необходимость строительства торгового центра мы поняли в ноябре 2003 года, когда на 30% повысили зарплату. Тогда сразу же цены на все самое необходимое резко поднялись. Оказалось, что одним повышением зарплаты жизненный уровень наших трудящихся не повысить, так как нынешние цены все повышение «съели». Но в торговом центре корпорации, где будет все самое необходимое для жизни, такого роста цен не будет. Вот тогда можно будет снова повышать зарплату.

Вопрос: *Как прореагировало руководство корпорации «Казахмыс» на критику, прозвучавшую в адрес корпорации «Казахмыс» от кандидатов в период выбора депутатов в Мажилис Парламента РК?*

Ответ: К критике мы относимся терпимо, если она конструктивная, то есть направленная на исправление конкретных недостатков. К примеру, принимаем все возможные меры для улучшения условий труда и совершенствования системы оплаты. Это означает, что за более продуктивную работу должна быть и более высокая зарплата. Но в критике бывают перефразы, когда забегают вперед естественного хода развития и требуют от нас решения таких вопросов, которые сейчас неразрешимы. Для этого просто нужны годы упорной работы всего трудового коллектива. К примеру, нельзя полностью исключить несчастные случаи на производстве, так как для этого нужны более квалифицированные и более ответственные кадры на всех уровнях производства. А этого нет, хотя мы к этому искренне стремимся и все возможное делаем. А из-за того, что нужно в первую очередь обеспечить корпорацию надежной сырьевой базой и современными технологиями, не можем слишком часто повышать зарплату. Последний раз повышали ее для всей корпорации с 1 ноября 2003 года а с 1 июля 2004 года для Балхашцветмета. Но если мы все будем работать еще лучше, больше будем производить металлов и получать больше прибыли, то появится и возможность нового повышения. При этом нужно учесть, что мы много денег из этой прибыли вкладываем в социальную сферу, что является реальной прибавкой к оплате труда. И это направление будем развивать, создавая для наших работников и всех жителей региона максимально возможную социальную защищенность.

Возьмите вот такие примеры. Если корпорация «Казахмыс» за последний год вовлекла в занятия спортом около 3 тысяч жезказганских и сатпаевских детей, причем не только из семей своих работников, а всех желающих, то это уже помощь массовая. Заметим, что все расходы корпорация берет на себя. А еще она строит в Сатпаеве для детей самый лучший в Казахстане спортивный комплекс олимпийского стандарта. В результате будут вовлечены в спорт еще 3 тысячи ребят. Да еще строит для детей же в Кырму первый казахстан-

ский оздоровительный лагерь за 9 млн. долларов. Обратите внимание, что затраты «Казахмыса» в социальную сферу сравнимы с городским бюджетом. Причем это делается в основном для всех жителей наших городов. К примеру, более дешевые продукты и товары в нашем торговом центре будут покупать все, а наши затраты на медицину повышают соответствующие бюджетные расходы на одного жителя. А еще все без исключения жители наших городов платят за тепло-снабжение в 2,6 раза меньше, чем в Караганде (у нас округленно от 18 до 23 тенге за квадратный метр жилплощади, а в Караганде — 57 тенге). Цена горячей воды у нас в 4,5 раза меньше чем в Караганде, в 2,5 раза чем в Усть-Каменогорске и в 2 раза чем в Темиртау. Так во многом потому, что корпорация берет на себя значительную часть коммунальных и других расходов. Да и надежность обеспечения коммунальными услугами высокая. Вот сейчас во многих городах опять повышаются коммунальные тарифы, но мы повышать их не будем.

***Вопрос:** Реальные шаги в производстве 2005 года, направленные на снижение травматизма и повышение уровня техники безопасности на горнорудном производстве.*

Ответ: Мы в 2005 году наметили реальные меры по снижению травматизма и повышению уровня техники безопасности в горном производстве. Анализ несчастных случаев показал, что в 2004 году наибольшее их число произошло на горных работах, и основной причиной травматизма являются обыкновенная безответственность и халатное отношение к своим обязанностям, как отдельных ИТР, так и рабочих. Практически все пострадавшие в 2004 году были профессионально обучены и являлись опытными работниками, не один год проработавшими по профессии. Не называя фамилий (хотя такая возможность у нас имеется), можно сказать, что отдельные работники получали травмы после нарушения запрета прове-

ряющих — это даже отметили работники прокуратуры, проверяющие корпорацию в ноябре 2004 года.

На сегодняшний день основной своей задачей руководство корпорации считает снижение уровня травматизма, для чего принимаются решительные меры по техническому перевооружению предприятий, цехов с учетом новейших достижений науки и техники, научно-исследовательских и проектно-конструкторских работ по актуальным проблемам (особенно в горном производстве), внедрению в производство более безопасного оборудования известных мировых фирм «Катерпиллар» — США, «Тамрок» — Финляндия, «Бумар» — Польша, «Вольво» и «Атлас-Конкор» — Швеция. Достаточно сказать, что внедрение такой установки, как «Роболт», позволяет крепить кровлю горных выработок без присутствия людей в забоях, а, как всем известно, крепление в шахте — наиболее опасная операция.

Для создания безопасных условий работы при креплении кровли приобретен специальный комплекс машин. Установка веерного бурения «Роболт» обеспечивает бурение шпуров в кровле и установку последовательно из кассеты 10 анкерных болтов. Торкретмашина «Спреймет» финской фирмы «Нормет» сразу же осуществляет торкретирование обнаженной поверхности кровли. «Нормет» позволяет увеличить существующую производительность торкретирования выработок для предупреждения падения кусков горной массы в 15 раз. А механические оборзчики горных выработок ОКНТ полностью исключили ручной труд при обезопасивании кровли.

Правильное использование этого комплекса позволит горнякам работать без нарушений по креплению кровли. А на каждый рудник нужно всего 1-2 комплекса, которые полностью обеспечат торкретирование обнаженной поверхности кровли при ведении горных работ.

В настоящее время подготовлены для проведения испыта-

ний новые анкерные болты для крепления кровли, которые изготавливаются из композиционных материалов с использованием базальтовых волокон. Такие стержни легче стальных в 2 раза и прочнее в 3-4 раза.

На шахте 67, впервые в истории отработки Жезказганского месторождения, для подземной транспортировки руды будут применены ленточный конвейер и передвижные дробильные установки производительностью 400 тонн руды в час. Это позволит значительно уменьшить загазованность в горных выработках. Переход на конвейерный транспорт позволит улучшить вентиляцию и снизить количество самоходных машин в шахте. Аналогичные транспортные системы будут использоваться на руднике «Жаман-Айбат» и на нижних горизонтах Анненского рудника.

Переход на безкапсульное взрывание с применением эмульсионных взрывчатых веществ позволяет практически свести на нет возможность преждевременного взрыва при ведении горных работ. Повысит безопасность труда и внедрение автономной буровой установки SOLO-Dh-07-7 с для бурения межкамерных целиков.

Так называемая малая механизация ремонтно-монтажных работ (где также имеет место травматизм) позволит более безопасно работать с инструментом и приспособлением при монтаже, демонтаже оборудования, ремонтно-строительных работах с применением современного оборудования для подъема перемещения тяжестей, сварочных резательных, сверльных, долбежных и других работах.

Парк горных машин будет обновлен усовершенствованными машинами ТОРО-50Д, ТОРО-0010, ТОРО-0011, АК-4ДД, автосамосвалом САТ-777 и другими.

Геомониторинг выработанного пространства и реконструкция закладочного комплекса позволили увеличить производительность закладки в 10 раз.

Достаточно сказать, что в 2004 году на горное, обогатительное, металлургическое производство, электростанции и соцкультбыт израсходовано 141,2 миллиона долларов США, в 2005 году планируется порядка 160 млн. долларов США.

Надеемся, что эти цифры говорят сами за себя. Высокая инвестиционная активность позволит в 2005 году формированию сбалансированной политики в вопросах промышленной безопасности на предприятиях, эксплуатирующих опасные производственные объекты. Конечно, всего этого недостаточно без систематического повышения уровня профессиональной подготовки рабочих основных профессий, их переобучения в учебных центрах, инструктирования, ознакомления с причинами происшедших несчастных случаев для исключения ошибочных решений при работе — это бурильщики, проходчики, взрывники, машинисты, слесари и электромонтеры. Для этого приняты соответствующие решения, которые позволят достичь современного уровня профессионального образования работников, обеспечивающего более безопасную и безаварийную работу.

Мы уверены, что в корпорации «Казахмыс» есть все необходимое для того, чтобы в 2005 году сообща, всем коллективом, значительно уменьшить бесконтрольность, безответственность и халатность в работе, реализовать намеченные задачи и снизить производственный травматизм.

***Вопрос:** Бывший кирзавод решением комиссии выставлялся на торги с условием выплаты заработной платы работникам завода. Купив предприятие, «Казахмыс» долги по зарплате за счет собственных средств перекрыл, а объект стоит. Что будет предприниматься корпорацией в плане решения его судьбы?*

Ответ: Кирпичный завод сейчас не работает, и мы намерены его продать.

**«Жезказганская газета» газеті.
2005 ж.**

ӘЛЕМДІК БИІКТЕН ӘДЕМІ КӨРІНЕДІ

Ауылдан келген ақсақалдың сауалы тіке болды.

— Ауылдың жаңалығын айт дейсіңдер, ауылда не қалды осы? Жаңалықтың бәрі қалада емес пе? Бәріміз бет-аузына қарап отырған «Қазақмыс» атын өзгертіп жатыр дей ме, сондай бірдеңе естідім ғой. Ол неліктен. Неге олай етіп жатыр. Соны неге айтпайсыңдар. Жаңалық деген сол емес пе? — деп көңіліндегісін жайып салды. Бұл сөзге елең ете қалғанымыз рас. Енді қалай, қанаттас қос қала тұрмақ, тұтас Қазақстан экономикасына үлес қосып отырған «Қазақмыс» корпорациясы болса, әңгіме сол туралы айтылып жатса, қалай ғана қарап қаласыз. Себебі, бүгінгі күні Қазақстан бойынша Жезқазған ең жайлы да жылы қала атанып отырса, ол әуелі құдай, қалды осы «Қазақмыс» корпорациясының қайырымды қамқорлығының арқасы екендігін еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін бәрі-бәрі біліп келеді. Корпорацияның қалтасы қалыңдап, дәулеті тасыса Жезқазғанның ырысы асты дей беріңіз. Осыдан да келіп ақсақал қойған сауалға алғашқыда ойланыңқырап қалсақ та, соңында көңілдегі көп жайдың ортаға түскенін қаладық. Шынында да «Қазақмыс» корпорациясы ААҚ, (ашық акционерлік қоғамы) енді ЖШС (жауапкершілігі шектеулі серіктестігі) болып атын өзгертіп жатқаны жасты да, кәріні де бей-жай қалдырмауы атауын өзгертіп жатқан алып кәсіпорынның біздің тіршілігіміздегі алар орнының ерекше екендігінен де болар. Олай деуге негіз де жоқ емес. Жезқазған қаласы болсын, оның маңайындағы елді мекендер болсын, қайсысы болса да жарық пен жылудан, жолдан, ауызсудан, тағы басқа да тұрмыстық-әлеуметтік мәселелердің сан саласынан туындаған сауалдарын осы «Қазақмыс» корпорациясының басшыларына барып, шешіп келе жатқандығы, әлде де шеше беретіндігі баршаға аян. Демек, атын өзгертіп жатқан акционерлік қоғамның жаңа атауға ие болуының сыры неде деп өзімізге өзіміз сауал қойсақ, оған

жауап іздесек, бұл бүгiнiмiз бен ертеңiмiзге ден қойған-дығымыздан болар. Ендеше, ақсақал қойған сауалдың жауабын iздеп көрейiк.

ЖАҢА АТАУ — ЖАҢА МҮМКiНДiКТЕР

ЖШС болудың акционерлiк қоғамға қажетi қанша едi? Неге бұрынғы атауымен акционерлiк қоғам болып жүре бермедi десек, оған жауапты корпорацияның бүгiнгi тыныс-тiршiлiгi мен оның алға қойған мақсаттарының мүддесiнен табар едiк. Иә, акционерлiк қоғамның мүшелерi қоғам атауын өзгертiп жатқан кезде — қолдарындағы акцияларынан айырылып қалады екен, — деген бiр жел сөз алғашқы кезде кiмнiң аузынан шыққанын қайдам, көпке лезде тарап кеттi. Әрине, оған елп етiп сене қалғандар да болған шығар. Бiрақ, әңгiменiң шындығына келгенде акционерлiк қоғам жауапкершiлiгi шектеулi серiктестiкке өткенде де қолдарында акциясы бар мүшелердiң өз үлестерiнен еш ажырамайтындығы баршаға белгiлi болды. Демек, акционерлiк қоғамның үлесi бар мүшелерi бұл жерде ештеңе де жоғалтып тұрған жоқ екен. Олай болса, бiр атаудан бiр атауға өтудiң керегi не едi десеңiз, корпорацияның әлемдiк деңгейдегi биiктерге құлаш ұрғаны осы жолы да жаңа межелердi алу үшiн дүниежүзiне танымал банкiлермен жұмыс iстеу, әлемдiк стандартқа сай талаптан көрiну сияқты мiндеттердiң үдесiнен шығуға қажет болыпты. Әлемдiк стандарттық талаптардың сөз жоқ орындалуы шарт. Осы тұрғыдан келгенде бәрi де ашық, айқын көрiнетiн, мүмкiндiгi мен мiндеттерi сараланған, төрт құбыласы тең келген алпауыттардың қатарынан көрiну мықтылардың мықтыларының ғана қолынан келетiн, нақ мықтының ең биiк арманы деңiз. Бұл ретте «Қазақмыс» корпорациясы Лондондағы қор биржасында корпорацияның 96 пайыз акциясын жауапкершiлiгi шектеулi серiктестiк атына тiркеу мүмкiндiгiне

ие болды. Қор биржасы кез келгенді қатарына қабылдап, екінің біріне төрінен орын бермейді. Оның қатарынан орын алу «Қазақмыс» корпорациясының ғана емес, тұтас Қазақстанның абыройы мен беделін жоғарылатары сөзсіз. Осылай десек, Әлемдік Қор биржасы дүниежүзі бойынша санаулы алпауыттарды ғана өз қатарына қабылдап отыр. Ал, бұл көштен «Қазақмыстың» көрінуі оның мүмкіндігі де, келешегі де мол екендігіне әлемдік деңгейдегі алпауыттарды мойындатқанының белгісі дейік.

АЛЫПТЫҢ АДЫМЫ АЛЫМДЫ

«Қазақмыс» корпорациясының әлемдік қор биржасына ұмтылуы ол өз мүмкіндігінің орасандығын көрсетеді. Қолда бар шикізат қорымен ғана шектеліп қалмай, қазақ елін іргелі ірі өндірісі дамыған, өзінде де өнім шығаратын кәсіпорындары қалыптасқан айтулы мемлекеттердің қатарына тарту үшін «Қазақмысқа» әлемдік деңгейдегі қолдау қажет. Ал, әлемдік қолдауды кез келген ала бермейді. Ол үшін дүниежүзінің қалыптасқан берік қағидасын сақтау керек. Санамалап көрсек шикізат қоры жеткілікті, өндірісі іргелі, қаражаты мол, еңбек адамдарының әлеуметтік жағдайлары жасалған, экологиялық, экономикалық мәселелері әлемдік стандарт талаптарына сай келетін кәсіпорын дүниежүзінде некен-саяқ екен. Осындай басты талаптардан «Қазақмыс» көрініп отыр. Демек, «Қазақмыстың» мысы әлем өндірісінің алдында басқалардан оқ бойы озып тұр деп батыл да ашық айта аламыз.

Әлемдік банктен белгіленген көлемде қажетті қаражат алу үшін жоғарыдағыдай санамаланған талаптардың деңгейінен көріну «Қазақмыстың» қалыптасқан кәсіпорын екенін, Қазақстанның іргелі ел екендігін әлем алдына таныта отырып, несиені қиналмай алуға мүмкіндік берді. Ал, мол несие тек

корпорацияның өзі үшін ғана емес, тұтас Қазақстан үшін екенін ескерсек, қазақ мысының астанасы атанып отырған Жезқазғанның жұлдызды сәттері мол болатынына сене беріңіз.

Бір сөзбен айтқанда «Қазақмыстың» қалтасына түскен қаржы металлургтер мен кеншілер тұратын қала тұрғындарының дәулеті мен сәулетінің артуына жұмсалары және анық. Оған «Қазақмыстың» бүгінге дейінгі атқарған істерінің өзі дәлел бола алғандай. Мәселен, өткен 2004 жылы «Қазақмыс» бойынша кеншілер мен металлургтердің әлеуметтік салаларын жақсартуға 22 млн. 616 мың доллар қаржы жұмсалған екен. Бұл дегеніңіз Жезқазған мысының халық игілігіне қызмет еткендігінің көрінісі десек, өткен жылы жалпы Қазақстан экономикасына корпорация 180 млн. доллар инвестиция құйыпты. Бұл көрсеткіш биылғы жылы 200 млн. долларға жетпек.

Әлемдік Қор биржасы арқылы қазақ еліне мол қаржы әкелуді ниет еткен «Қазақмыстың» бүгінгі беделі, абыройы дүниежүзіндегі мыс өндіруші елдердің қай-қайсысы болса да онымен санасатын жағдайға келді. Кеше ғана қаз-қаз басқан тәуелсіз Қазақстанның өндірісі өркендеп, алға басты десек, тілге тиек етеріміз Жезқазған жеріндегі байлықты игеріп жатқан «Қазақмыс» корпорациясы екені айтпай-ақ белгілікті. Әлемге танымал болып отырған «Қазақмыс» бүгінде шетелдерге де қолғабыс қолын созды. Германиядан мыс қорыту заводын сатып алуы «Қазақмыстың» биікке ұшқан қыран екенін танытып тұрғандай. Бұл бір жағынан келгенде «Қазақмысты» басқарып отырған бүгінгі басшыларының әлемдік деңгейдегі экономикалық жағдайларды дер кезінде бағамдап, байқап, біліп отырғандығын және сол арқылы қазақ мысының бағасын асырғанын да айғақтайды.

Бүгінде батыс та, шығыс та Қазақстан мысының алтынға бергісіз ардақты екенін біледі. Және оны қолына ұстап отырған корпорацияның табанды да тиянақты, тұрақты табысты дөңгелетіп отырғанынан да хабардар. Осыдан да барып, әлемдік қор биржасы «Қазақмысқа» кеңсесінің есігін ашып

сала берді. Әрине, алмақтың да салмағы бар. Әлемдік деңгейге аты танылған «Қазақмыстың» алдында ірі-ірі үлкен міндеттер де тұрғаны айқын. Ең бастысы толқындатып, тасыта отырып, Жезқазған жеріндегі өндірістің өмірін енді бірнеше жүз жылдарға ұзарту. Бұл әлемдегі өнеркәсібін өркендетушілерінің қай-қайсысының болса да ұйықтаса түсіне кіретін, тұрса ойында жүретін асыл армандарының бірі. Үзілмей жалғаса беретін өндіріс жүйесін қалыптастыру қандай алпауыттың болса да жеке бір өзінің қолынан келмейді. Оған әлемдік көмек қолы керек. Міне, осы ретте мұндай мүмкіндікке ие болған «Қазақмыс» корпорациясы басты талаштың бірі ретінде қойылған шартқа сай акционерлік қоғамнан келіп, енді жауапкершілігі шектеулі серіктестікке айналды. Қазақша айтқанда қосылғыштардың орны ауысқанмен қосынды өзгерген жоқ. Бұл жерде корпорацияның қолдарында акциясы бар мүшелері сол акцияларымен сол көлемдегі табысқа серіктестікке ауысқанда да ие болып шыға келді.

БАЙЛЫҚ — БАРШАҒА ОРТАҚ

Кім болса да, қашан болса да өзінің мүмкіндігіне орай, қазақша айтқанда көрпесіне қарап көсілері сөзсіз. Қолында бар жағдайы келген жан тұрмысын да, денсаулығын да жақсартпа алады. Тұрмысы көңілдінің еңбегі өнімді деген сөздің астарында осы жатыр. Ал, көңілді тұрмыс қайдан келеді. Ол үшін тиянақты да тұрақты жұмыс істеу керек. Жерасты байлығын барлаудан бастап, оны өндіріп, байытып, қорытып кәдеге жаратқанға дейінгі жұмыс процестерінің кідіріссіз әрі қауіпсіз болуы біліктілік пен білімділікті, толысқан тәжірибені қажет етеді. Бүгінгі өндіріс орындарындағы жұмыс ырғағы кешегі кеңестік кезеңдегілермен сәйкесе бермейді. Себеп, бүгінде жер астында және үстінде кешегі кеңестік кезеңдегі шағын техникалар емес, әлемдік сынақтан өткен алып шетелдік техникалар жұмыс істейді. Ал, оларда жұмыс істеу үшін жаңа техниканың тілін білу басты шарт. Бұл тұрғыдан келгенде ізденістер, жаңалыққа құлшыныстар қолға алынып жатыр. Бұлай деп айтуға «Қазақмыс» корпорациясы басшыларының жергілікті және республикалық басы-

лымдарында жарияланған сұхбаттарындағы мәліметтер негіз болады. Шынында да АҚШ-тан алынған «Катерпилларды» немесе финляндиялық «Тамрок», сондай-ақ, польшалық «Баумар» техникаларымен жұмыс істеу үшін тәжірибе де, білім де қажет. Демек, «Қазақмыстың» бүгінгі таңдағы кеншілер дайындауды кәсіптік-техникалық мектептерден бастау керек деп, соларға қолғабыс қолын созып, көмек көрсетуінің өзі өндіріске білімді жастарды тартудан туған ой болса керек. Несі бар, жаңа техниканы білімді, білетін жастың басқарғаны, соның жұмыс істегені өзіне де, өзгеге де пайдалы емес пе?

Жеті қат жер астында еңбек ету айтуға ғана оңай. Ал, іс жүзінде жер астына бір түсіп шыққанның өзі қандай десеңізші? Демек, кеншілерге қандай құрмет, қандай жағдай жасаса да артық емес. Біздің бұл ойымызды корпорациядағы жаңа бастамалар, игілікті істерді көздеген бағдарламалардың жүзеге асырылуы айқындай түседі. Оған өткен 2004 жылы тұтас корпорация бойынша өндіріс пен әлеуметтік саланы жақсарту үшін 141 млн. доллар жұмсалғанын еске алсақ, көп жұмысты көз алдыңызға келтіре беріңіз. Бұл көрсеткіш үстіміздегі жылы 160 млн. АҚШ долларына жетпекші. Ендеше, кенші мен металлургтердің әлеуметтік жағдайына ұдайы назар аударылып отырғанын неге айтпасқа? Сөз орайына қарай Жезқазғанда тұрғындардың жылуды пайдалануға жұмсайтын шығыны облыс орталығындағы тұрғындарға қарағанда 2,6 есе аз екенін, ыстық суға 4,5 есе кем төлейтінін де айта кеткен жөн болар. Міне, қараңыз зерделемесеңіз байқалмайды да. Бірақ, тиыннан теңге құралады десек, кеншілер мен металлургтердің, қала тұрғындарының корпорацияның қамқорлығын сезінетіні аян.

Жаңа мүмкіндіктердің көзі де осы жаңа атаумен бірге қатар өрістей берері сөзсіз. Әлемдік деңгейдегі биікке көтерілген және соған лайық болып танылған «Қазақмыстың» бүгінгі абыройы мен беделі жезқазғандықтардың ғана емес, тұтас еліміздің тұрақтылығының, мол табысының кепіліндей болып та сезіледі. Жері байдың елі бай деген осы.

**«Сарыарқа» газеті.
№ 21 (7111). 2005 ж.**

ҮЛКЕН ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ БОЛАШАҒЫ БАР МА?

ЖЕЗ қазған. Осы бір атауды біз қашаннан бері сөздік қорымызда пайдаланып келеміз. Неліктен ғана сары дала төсіндегі осы бір алтынды аймақ ЖЕЗ қазған деп аталған. Байқасақ, жер мен суға ат қоюда ата-бабамыз әсте қателесе қоймапты. Бұл жерде жер қазылып, кен алынып, мыс балқытылғаны әлімсақтан бері белгілі. Иә, әлімсақтан бері дегенде сонау кешегі сақ тайпасы кезіндегі жазу таңбалар ойға оралады. Тарих атаулының атасы атанып келе жатқан Геродот жазбаларында Скиф тауы деп аталатын кең дала төсіндегі кербез тау суреттеліп, оның етегінде жер қазып, кен алып, мыс балқытып, мал өсірген ел отырады деп айтылады. Бұл тарих бастауларының алғашқы беттерінде алтын әріппен жазылып тұрса, заманының ғұлама ғалымы, академик Қаныш Сәтбаев «Адамзаттың алғашқы мыс өндірген жері Жезқазған-Ұлытау өңірі» деп нақтылап айтқаны бар. Демек, жер бетіндегі мыс өндіру туралы әңгіме қозғалса, алдымен осы Жезқазған ауызға алынуы заңды да.

Жезқазған-Ұлытау өңіріндегі жерасты байлығы дүйім елге кешелі-бүгінді ғана белгілі емес. Ол сонау әлгіндегі Геродот жазбаларынан бергі сан ғасырлардың белесінде өзіндік өрнекпен көрініп келе жатыр. Тіпті, қазақ халқының ауыз әдебиетінің ең бір шұрайлы ертегісі «Ертөстікте» баяндалатын жағдайдың бәріде дерлік кен өндіру процестеріне негізделген. Осындағы аталатын «Сорқұдық» бүгінгі Сәтбаев қаласының Солтүстік кенішінің іргесінде болуы және бұл жерде ықылым заманнан бері кен өндіру ісі қолға алынғаны кейінгі қазба жұмыстарымен басқа да дәлелдемелер арқылы нақтыланып келеді. Осылай десек, қазақ даласындағы кен алу, мыс балқыту кәсібі ертеректен қалыптасқанын көрсетеді. Оның бергі жағында патшалы Ресейдің, ағылшындардың алпауытта-

ры келіп, осы өңірдегі жерасты байлығын барлап, байқап, болжап байыту істерін қолға алған. Әрине, олар Ресей патшалығы болсын, ағылшын алпауыттары болсын қазақ даласының бір қиырында жатқан Жезқазғанның бар екенін, оның асты қазына екенін қайдан білді дейсіз. Бұл, сөз жоқ, Геродот жазбалары арқылы көрсетілгеніндей әлем базарына Жезқазған мысы қарым-қатынас негізінде жетіп тұрғанын көрсетеді. Бұған дәлелді Жезқазған-Ұлытау тас жолының жиегіндегі «Талдысай» елді мекеніндегі археологиялық қазба жұмыстары мұнда мыс балқытылған орындарды анықтап көрсетті. Археолог ғалымдардың дәлелдеуінше Талдысай елді мекеніндегі кен өндіру ісінің негізі әріде Андрон мәдениеті деп аталатын тарих көшінде осыдан үш жарым мың жылдың ар жағына жол сілтейді.

Кешегі кеңестік кезеңде бұл өлкенің ел игілігіне қызмет етуі үшін кең көлемді ғылыми негіздегі бағдарлы жұмыстар атқарылды. Әрине, олардың басы-қасында Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өзі жүргені, оның Жезқазған кен қорының мол әрі бай сапалы екенін дәлелдеу үшін қаншама күш-жігері жұмсалды. СССР Түсті металлургия саласын басқарған Серго Орджоникидзениң алдына Жезқазған жерінің байлығын ғылыми негізде дәлелдеп, бірнеше рет барғаны бүгінгі тарихтың бір парағындай болып тұр. Жас кеңес мемлекеті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғылыми тұжырымдамаларын қабылдады.

Жезқазған кен орнын мемлекеттік тұрғыда қамқорлыққа алуға шешім алды. Осының негізінде Жезқазған, Қарсақбай атаулары әлем карталарына белгілене басталды. Бұл ретте Қаныш Имантайұлы 1935 жылы 9 қарашада «Социалды Қазақстан» газетінде «Ұлытау аймағы» атты ғылыми мақала жариялап, онда мынандай мәліметтерді келтіреді. Қолымыздағы сарғайған газет тігіндісіне көз салсақ, онда «Ұлытаудың солтүстік батыс жағында 80 км. жерде қорғасын, алтын кені мол қорғасын ауданы бар. 100 км. жерде күкірт колчеданы мен көмір сапасы миллион пұттан асатын Болат-там ауданы

бар. Таудың оңтүстік батыс жағында 100 км. жерде мысты Жезқазған кені бар. Бұл кеннің зерттелген мысы қазірдің өзінде-ақ 1,5 млн. тонна болады. Әбден зерттеліп болмаған, запасты қосқанда Жезқазғанның қызыл металы 3 млн. тонна болып отыр. Осы кен запастарын еске алғанда республикамыздың үлкен алыптарының бірі — Қарсақбай заводының қазірде жылына 6 мың тонна мыс қорытуы, алдағы күндерде істелетін ірі жұмыстардың тек бастапқы адымы болып қана есептеледі» деген жолдарды оқуға болады. Ғұлама ғалым сол жылдары жылына 6 мың тонна мыс қорытуды үлкен жетістік ретінде бағалаған. Әрине, ол сол кездің өлшемімен үлкен жетістік екені де рас. Аталған мақалада Қанекең «Жезқазған жылына 150 мың тонна қызыл металл қорытып, ондағы жұмысшылардың саны ең кемінде 25-30 мың болмақ», — деп және бір мәліметті назарға ұсынады. Ғұлама ғалымның бұл айтқандары кешегі кеңестік жүйе кезінде жүзеге асқанын көз көрді. Жылына 150 мың тонна қызыл металл қорытылып, мыс бұлағы тас бұлақтай тасқындады. Бірақ, кешегі өлшем қашанда бүгінге, бүгінгі ертеңге ешқашанда өлшем болып көрмеген және бола да алмайды. Еңбек өрістеп, жұмыс қарыштаған сайын екпін де еселеніп, табыс та ұлғаяры сөзсіз. Әйтсе де, осынша жерасты байлығы сонау ықылым заманнан бері алынып жатса, оның қалған қоры қанша, енді қанша жылға бұл Жезқазғанның жұлдызы жанады. Жалпы бұл Жезқазғанның ертеңі, болашағы қандай? Бұл сауал тек мені ғана ойландырып қоймаса керек. Бұл сауал осы жерінің асты қазына, үсті ырысты, шырайлы да шуақты қаланы мекен еткен әрбір жанды толғандырады сөзсіз. Тағдыр өзі бұл қалаға жер бетіндегі барлық ұлттың өкілдерін табыстырып, таныстырып, туыстастырып жібергендей. Бұл жерде ұлты мен ұлысына қарамай «Менің қалам — мысты қалам» деп мақтан тұтатындар қаншама? Және олардың қай-қайсысы болса да бұлай айтуға толық қақылары бар. Бұл жерде тағдырдың жазуымен сан ұлттың өкілі келіп, тұрақтап, мекендеді. Жергілікті ұлттың да

ұл-қыздары жер қазу, мыс балқыту сияқты баяғы Геродот заманындағы бабалар ісін жалғастырып келеді. Осының бәрін ойлай келгенде «ала берсең қар да таусылады» дегендей, Жезқазған жерінің астының кені қазылып, алына басталғанына бірнеше ғасырдың белесі артта қалғанын көңілге де, көзге де елестете береді. Ал, көңілде тұрған сауалдар қашан да өзінің жауабын іздейтіні анық. Осылай десек, менің де және мен сияқты осы қаламен тағдырын байланыстырған әр азамат ертеңіне алаңдауы заңды. Бұлай деп алаңдауымыздың негізі неде? Себеп, «Жезқазған кені таусылудың алдында. Жезқазғанның болашағы бұлдыр» деген сияқты алып-қашты сөздер әр жерде, әр деңгейде әртүрлі болып айтылып қалады. Сондайда оның кім айтып тұрғанына емес, және неге айтып тұрғанына да емес, тек Жезқазғанның болашағы жайлы айтылған сөзге елең ете қаларымыз анық. Енді қалай, ата-бабамыз маңдай терін төкті. Өзіміз осында өсіп, ер жеттік. Балаларымыз еңбек етіп жүр. Немерелеріміз бен шөберелерімізге нені мұра етеміз? Міне, осы тұрғыдан келгенде Жезқазғанның болашағы дегенге мән бермей қалуға дәті бар адам елең етпей қалмас. Ал, осы жердің жырын жырлап, тарихына бойлап жүрген жан бұны қалай қабылдайды. Алғашқы кездерде «Жезқазғанның бес-он жылдық қана ғұмыры қалды» дегенді естігенде, өн бойымды тоқ ұрғандай дір ете қалғаным да рас. Бірақ, есту барда, оның байыбына барып, сараптау, ой таразысына салу бар емес пе. Осы жағынан келгенде Жезқазғанның келешегі жайлы жан-жақты іздестіріп, сұрастырып, осы кенді өлкенің күре тамырындай болып отырған «Қазақмыс» корпорациясының әр күнгі тынысы мен тіршілігіне назар аударып, оның әр ісінен өзіме қажеттісі — Жезқазғанның келешегіне қатыстысын іздедім. Іздедім де таптым. Бұл жерде таптым деген де жеткіліксіздеу болар. Көңілімді орнықтырар көп істерге көз жетті. Ал, оны ортаға салмауға және болмайды.

Жезқазған кеніштері дегенде кіші Жезқазған көз алдыңа

келеді. Бір кездерде Рудник поселкесі немесе кіші Жезқазған аталған кеншілер мекені қайнаған қызу еңбектің көрігі сияқты гүрпілдеп, табыстың қазанын қайнатып жататын. Ондағы кеніштердің сол кездердегі алғашқы бесжылдықтар мен жеті жылдықтардың жоспарларын орындауында көш басында болып тұрғанын тарихи құжаттар дәлелдей жатар. Сонау бір кездегі ағылшын алпауыттарынан қалған кеніштер кеңестік кезде кеңейтіліп, ғылыми тұрғыдағы жұмысқа бағытталды. Нәтижесінде алып шахталар өмірге келді. Алып шахталар дегеніміз де жер астындағы кен өндіру жұмыстары ағылшын кезіндегідей қайламен емес, енді күрделі техникалармен атқарыла бастады. Бұл дегеніміз жерасты шахталары бірімен-бірі жалғасып, үлкен дәлізді дарбазалы жолдарға, даңғылдарға ұласты. Бірнеше жүздеген шақырым жерасты кендері алынды. Нәтижесінде кеңестік кезеңнің белгіленген жоспарлы межелері орындалып жатты. Кеншілер жоспар орындауымен бағаланды. Алайда, ол жоспар ненің есебінен, қалай орындалды, ол әрине, басқа әңгіме еді. Бұлай деуімнің себебі не десеңіз, бүгінде менің қайсыбір әріптестерім «Төртінші елді мекенін бекер көшірді, соның астының кенін алмай-ақ қойса болмас па еді» деп өкпе-наз білдіргендей болады. Алғашқыда мұндай сөздерге елең ете қалсам да, соңында сол Төртінші елді мекенін түгелдей басқа жаққа көшірілгенінің дұрыс екендігіне көзім жетті. Төртінші елді мекенінде сонау алпысыншы жылдардың бел ортасында кіреберістегі екі үй опырылып құлап, жер астына түскені ойға оралады. Абырой болғанда онда адам шығыны болған жоқ. Қоналқада Төртіншіге барып жатқанда жер астындағы кеншілердің күбір-күбір сөздері мен дүбір-дүбір дүмпулері апанық естіліп тұратын. Қонаға жатқан әр адам «жер астына түсіп кетпесек екен» деп алаңдаумен ұйықтайтын. Сол кездерде Шынболат ақынның «Төртіншім-ай, төрт қалаға бергісіз» деп жырлап, «Кұлай ма деп жел жағы емес, ел жағы» деуінің астарында үлкен алаңдаушылық жатты. Шы-

нында да, Төртіншінің тағдыры сексенінші жылдардың басында-ақ айқындалып қалған. Сол кездерде осы аймақтағы басылымдардың бәрінде де бұл тақырып көтеріліп, Төртіншіге алаңдаушылық айқындалған. Ал, ондағы тұрғындарды тұтастай көшіріп, басқа жаққа апаруға сол кездегі қалалық партия комитеті де, атқару комитеті де, оның сыртында кеншілермен тікелей жұмыс істеп отырған кен металлургия комбинаты да қауқарлы істер таныта алмады. Әлі де солай кете берер ме еді, ал, кете берсе Төртіншідегі төрт жүзге тарта үй жерастына түгелімен түсіп кетсе, не болмақ? Міне, осындай сауалдардың жауабын бүгінгі «Қазақмыс» корпорациясының осы елді мекенді тұтастай дерлік қауіпсіз аймаққа көшіріп, әр тұрғынына ақшалай, үйдей көмек беріп, қамқорлыққа алуы мәселенің қаншалықты маңызды екендігін байқатса керек. Осы тұрғыдан келгенде Төртіншінің тұтастай аман-есен көшірілуі көңілді жайландырып, елдің амандығын ойлаған азаматтардың іскерлігін мойындатады. Кеңестен қалған мұра деп, кергіп қарамай, әр тұрғынның амандық-саулығын ойлау жан ашығандықтың белгісі десек, «Қазақмыс» корпорациясы жезқазғандықтардың әрқайсысының тағдырына алаңдайтындығын көрсетеді.

Әрине, «Қазақмыс» корпорациясының келуі кешегі кеңестік жүйе бұзылып, республикалар өздері тәуелсіздік алып, әркім өзімен-өзі болған кездегі тұралап қалу кезеңдерімен тұспа-тұс болды. Бүгінде ойға түссе дене дір ете қалатындай бір жағдай, бүкіл әлемге Жезқазған атын әйгілеп тұрған Жезқазған мыс қорыту заводы өз жұмысын тоқтатудың алдында қалған кезі болатын. Завод жұмысшылары айлап, тоқсандап жалақы ала алмай, жұмыс өнбей, кен өндірілмей, жарық өшіп, қиналған кездеріміз әрқайсымыздың әлі де есімізде болар. Жас республика Жезқазған мысына көңіл бөлуге қолы да, жолы да жетпей жатты. Бірақ, алып заводты тоқтатып алмаудың қандай да бір тәсілі іздестіріле берді. Шетел инвесторларына сауын айтылды. Әркімдер-ақ келгісі де келді. Кешегі ағылшын алпауыттары да сұқ сау-

сақтарын көтеріп, бәйгеге қатысты. Әрине, олардікі де белгілі. Бұл жердің байлығын біледі, мемлекеттік тұрғыдағы бұл мәселе елге де, жерге де ыңғайлы шешілуі қажет болды. Және солай шешілді де. Жас мемлекет қазақ еліне әлемнің түкпір-түкпірінде өндіріс орындарын ашып, тәжірибе жинақтаған өзіндік белгілі қаржы-қаражаты бар «Самсунг—Дойчланг» компаниясы Жезқазған кен металлургия комбинатының барлық ісін әрі қарай жалғастыруды қолына алды. Өндірісті өркендетуде тәжірибесі мол компания мол қаржы сала отырып, өндірістің негізгі буындарын — жерасты жұмыстары мен мыс қорыту зауытындағы, байыту фабрикасындағы еңбек өнімділігін арттырудың жаңа тәсілдерін қолға алды. Басқарудың жаңа жүйесі іске енді. Жаңа техника, жаңа басқару тәсілі, есеп-қисаптың жүйелі жолға түсуі, әркім еңбегіне қарай еңбекақы алуы қалыптаса бастады. Осы кезде жаңа жүйеге, жаңа басқару тәсілдеріне көндіге алмағандар да болды. Олар әлі де бар. Бар екенін несін жасырамыз? Ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүретіндерге нақты еңбекке нақты еңбекақы алу қиындай бастады. Осыдан барып, Жезқазған мысы бітеді екен, санаулы жылдар қалды деген әңгіме әр жер-әр жерден бүрқ ете қалатыны. Бірақ, бұл әңгімелердің негізсіз екенін «Самсунг» компаниясының ісін әрі қарай жалғастырып, өзінше жаңа бетбұрыспен жұмыс бастаған «Қазақмыс» корпорациясының бүгінгі таңдағы атқарып отырған істері айқын көрсете алады. Мәселен, «Қазақмыс» корпорациясы Үлкен Жезқазғанның болашағы үшін не істеп жатыр деңіз? Айталық, Жезқазған кеніштеріндегі бүгінгі таңдағы атқарылып жатқан жұмыстарды тоқтатпай, еңбек адамдарының санын қысқартпай, кен өндіруді өрістету үшін іргелі қадамдар жасалуда. Бұған «Қазақмыс» корпорациясының басшылық саласында жүрген бірнеше азаматтармен әңгіме барысынла көз жетті. Әрине, ол азаматтардың қай-қайсысы болса да бүгінгі мен болашағын Жезқазғанмен байланыстырған жандар. Жезқазған өркендесе, біздің болашағымыз жалғасады деп ертеңіне үміт артқандар. Айталық, Амантай Мамахов «Қазақмыс» корпорациясы-

ның транспорт бөлімін басқарады. Осы азаматпен аз-кем сұхбаттасқанда — Жезқазғанның болашағы зор. Бүгінмен шектеліп тұрған жоқ. Сонау Жаман Айбат кенішін іске қосу үшін қаншама күш жұмсалып жатыр. Жезқазғанмен екі ортаны жалғау үшін теміржол салу ісіне, кешегі Жетіқоңыр совхозының орнында қалған елден жетпіске жуық азамат жұмысқа тартылды. Бұл бір жағынан жаңа жұмыс орны ашылды десек, Жаман Айбатта өндірілген кенді Жезқазғанға кідіріссіз тез жеткізуге мүмкіндік ашады. Сондай-ақ, сонау Ақтоғай кенішін игеру, мына жақта Балбырауын кенішін ашу, бәрі-бәрі жоспарлы түрде қолға алынып жатқан іс. Бұл кеніштер іске қосылғанда Жезқазған мыс қорыту зауыдының қуаты арта түседі, — деген еді. Дәл осындай әңгімені «Қазақмыс» корпорациясында еңбек ететін бірнеше азаматтан естідік. Олардың әрқайсысы да ертеңіне сенімді түрде батыл қарайды. Қай-қайсысы болса да «Қазақмыс» корпорациясының бүгінгі басшыларының Жезқазған кенді аймағының келешегіне немқұрайлы қарамайтындығын, қайта қолдан келгенше бар көмекті қаланы көркейту мен әлеуметтік саланы алға жылжытуға арнап келе жатқанын айтады. Шынында да бүгінгі Жезқазғанның көз тартар келбетіне назар аударсақ, «Қазақмыс» корпорациясының қолтаңбасы көрінеді. Ең басты байлық денсаулық десек, «Қазақмыс» корпорациясына қарасты емдеу-сауықтыру орталығының тек қала тұрғындарына ғана емес, алыс-жақын маңайдағы ауру-сырқауларға, емдом қажет ететіндерге бүгінгі әлемдік деңгейдегі медициналық құрал-жабдықтар арқылы мінсіз қызмет көрсетуінің өзі неге тұрады. Қаладағы спорт кешені, мешіт, шіркеу салынуы әрине, қаншама қаржының халық игілігіне жұмсалғанын көрсетеді. Сәтбаев қаласындағы біріне-бірі сән беріп тұрған ғажап ғимараттар қаншама. Кеншілер қаласындағы Ш. Ділдебаев атындағы мәдениет сарайы, мешіт, тіс емдеу орталығы, тағы басқа да көпшілік орындары көңілді тұрмыстың өнімді еңбекке бастайтынын дәлелдеп тұрғандай.

КЕЛЕШЕКТІ КӨЗДЕГЕН КЕНІШТЕР

Адам қызық. Кейде құлағы шалған әңгімені естігің келмесе де лажсыздан тыңдауға мәжбүр болатыны бар. Айтайын дегенім, автобус үстіндегі қатарлас отырған бейтаныс екеудің бір-біріне екілене әлде бірдеңені дәлелдеуге тырысқан сөздері құлақ түбінде күні бүгінге дейін күмбір-күмбір етіп тұрып алғаны. Қастарына барып әңгімелеріне араласа кетудің реті келмесе де сөздерін үнсіз тыңдаудан басқа онда еш амал қалмаған еді.

— Жезқазған кеніштерінде енді санаулы жылдары кен таусылады дейді.

— Кім айтты оны саған. Ол өтірік.

— Өтірігі несі, ел айтып жүр емес пе?

— Айта береді де.

— Неге?

— Сол, көбісі ештеңе білмей, жобалап ойша соға салады. Әйтпесе, мына екі қаладағы атқарылып жатқан жұмыстарды көрмейтін соқыр емес шығарсың.

— Нені айтасың?

— Нені болсын, мына корпорацияның екі қалаға жасап жатқан қамқорлығына зер салсаң, ойлануыңа болады ғой. Бүгін, ертең кені таусылатын жерге, жұмысы тоқтайтын жерге корпорация ақша шашып несі бар дейсің. Демек, олар жұмысты жеделдетіп қолға алып жатса, ертеңіне сенгендері деңіз, — деп екіншісі сөзін төпелеп, қатарласына дес бермей кеткенде серіктесі де ептеп-ептеп сабасына түскендей ыңғай танытып, — иә, иә, — деп оны қалай өзінің де қоштап кеткенін аңғармай қалғандай болды.

Осы бір ойда-жоқта құлақ естіген әңгіме көпке дейін көңілімнен кетпеді. Бейтаныс жігіттердің туған жер туралы, туған ел туралы, оның келешегі жайлы бір-біріне беріле

әңгімелесуі, пікір таластырулары бір көргенге алғашқыда оғаштау көрінгенімен де, бірте-бірте ойланған жанға олардың осы жердің иесі, осы жердің жанашыры ретінде келешекке көз жүгіртіп отырғандары көңілге қуаныш ұялатары анық. Шынында да қай-қайсымыз болсақ та туған жеріміз туралы, оның тағдыры жайлы ойланбай отыра аламыз ба? Осы тұрғыдан келгенде екі жігіттің әңгімесінен кейін Жезқазған жерінің байлығы — кен өндіру ісінің келешегі жайлы көңілдегі ойды іркіп қала алмадым.

Жігіттердің бірінің серіктесіне «Ертеңіне сенбесе осынша жұмыс атқара ма?» — деп қарата жауап тастауы шынында да ойлантады екен. Қандайда болмасын бір алпауыттардың дүние жүзіндегі қалыптасқан тәжірибесіне қарасақ, қалтасы қалың дәулеттілер бергісі бес жыл, әрісі одан әріге дейін қайтарым бермейтін іске қаражат шығармайды екен. Бұл мен айттып отырған қағида емес, дүние жүзіндегі алпауыттардың алдында тұрған негізгі міндеттерінің бірі саналған. Осы тұрғыдан келгенде «Қазақмыс» корпорациясы Жезқазған, Сәтбаев қалаларында салып жатқан ірі-ірі құрылыс жұмыстарына қаражатты аямай-ақ салып келеді. Олардан әрине, корпорацияға берісі бес жылда тұрмақ, әрісі он жылдың өзінде қолма-қол қайтарым болмайтыны белгілі. Ендеше, қыруар қаржыны корпорация қайтарымсыз шашады деп ойланып көріңізші. Ал, он жылдың әрісін ойлаған кәсіпорын басшылары болашақтың жолын көріп отырғанына және соған сеніп отырғанына күмәнданбаңыз. Бұл ретте Жезқазған қаласындағы аэропорт құрылысының қайта жабдықталып, халықаралық әуежай деңгейіне көтерілуіне елеулі істер атқарып жатқанын еске алсақ, көп жағдайды көңілге түюге болады. Оның сыртында Жезқазған қаласында сауда орталығы, мешіт құрылысы жобаланып, оның салынар орындары анықталып, алғашқы жұмыстары атқарыла бастады. Сәтбаев қаласындағы

олимпиадалық талаптарға жауап беретін спорт кешені Қазақстанды былай қойғанда, достастық елдерінде де бой көтермегені белгілі. Демек, қолдарындағы табыстарын келешектің игілігіне жұмсап отырған корпорация ертеңге нық сенімде деп айтуға негіз бергендей.

Корпорацияның ертеңгі күнге сенімді екеніне және бір жағдай кеніштердегі кен алу істерінің жаңа жоба бойынша жүзеге асырылуы дер едік. Корпорация басқармасының төрағасы Руслан Борисович Юнның бастамасы негізінде кен алудың жаңа тәсілі қауіпсіздік сақтауды арттыра отырып, қатерлі жерлерден кен тасымалдау жұмыстарында тиеу-тасудың арнайы жабдықтарын белгілі бір қашықтықта басқару әдісі қолға алынуы ысырапсыз кен өндіруге мол мүмкіндік бергенін де есте ұстаған жөн. Бұрын кеңестік кезеңдерде кен өндіру ісінде жерастында қазба байлықтардың 35-40 пайызға дейін ысырабына жол беріліп, негізінен басты назар мыс өндіруге ғана аударылса, өндіріс басшысы Руслан Борисовичтің жобасы негізінде кен ысырабы 4-5 пайыз ғана болатындай жағдайға жетті. Бұл дегеніміз, негізгі қазба кен байлығының ішінде мыстан да бөлек күміс, рений, осмий сияқты жиырмаға тарта сирек металдардың алынуына қол жетті дегенді білдіреді. Осылардың бәрі айналып келіп Жезқазған кенінің көлемі біз ойлағаннан да мол екенін жер астындағы кен байлығының 95-96 пайыздай қорын пайдаға асыруға болатынын іс жүзінде дәлелдеп отыр. Жаңа жоба бойынша кен қазу ісі камералық-бағандар тәсілін одан әрі дамыта отырып, кен қазбалау технологиясын жаңаша жетілдіруге мүмкіндік берді. Бұрынғы кездерде кеніштерде кен алу кезінде қалып кеткен баған-тіреулер алынып, олардың орны жер бетіне дейінгі қуыстары толтырылып, жер бетіндегі экологиялық жағдайдың да тұрақтануына қолайлы жағдай жасалып отыр. Осындай жұмыстардың нәтижесінде кеніштерде бұрыннан

қалған ысырапқа айналған кенді тіректерді қайтадан алудың өзінен 1 млн. тонна таза мыс алынып, одан 3 млрд. доллар таза пайда табыс табылған екен. Бұл аз табыс емес, ал, кеніштердегі жұмыстар бүгінгі күндері жобалы түрде жүйелі жалғасуын табуда. Корпорация басшылығының бүгінгі ұстанып отырған кен қазбалау ісіндегі бағыттары Жезқазған кенінің келешегін көз алдына келтіріп, мұнда әлі де сексен, сексен бес жылдың арғы жағына дейін жетерлік мол кен қоры бар екендігін дәлелдеп беріп отыр. Ал, кені бар жердің келешегі жоқ деп кім айтады. Мол кеннің үстінде отырып байлық иелері Жезқазған мысының нағыз кемелденіп, ел игілігіне ысырапсыз ұсынылар шағына көз тіреуде. Бұл ретте жаңа кеніштер Жезқазған жерінде келешекке мойнын соза көтеріліп келеді. Мына жақтағы Жаман Айбат, Жыланды төңірегіндегі кен орындарына Жезқазғанның ертеңін бүгінгіден де нұрландыра түсеріне шүбә жоқ. Ал, кен қазу ісінің жаңа жүйемен алға қарай қарыштай түсуі тәуелсіз еліміздің көк байрағының еркін желбіреуінің нәтижесі емес пе? Бұрын мәскеулік шенеуліктерге жалтақтайтын кен мамандары енді еркін елдің тәуелсіз ұландары ретінде өз байлықтарын өздері үнемді де, ұқыпты, ысырапсыз, әрі қауіпсіз жағдайда өндірудің жаңа жобасын қолға алып отыр. Осының бәрі ертеңгі күннің бұлыңғыр емес ашық және нақты табыстарға негізделгенін көрсетеді. Табыс тасқындай берсе, ел дәулеті арта түседі емес пе.

«Сарыарқа» газеті.

№ 82 (7172).

7.10. 2005 ж.

ЖЕМІСКЕ ТОЛЫ ОН ЖЫЛ

Бүгінде атағы әлемге танылған «Қазақмыс» корпорациясын білмейтіндер жоқ шығар. «Қазақмысының» бағын ашып, ел атын асқақтатқан корпорацияның құрылғанына биылғы жылы шілдеде он жыл толып отыр. Бұл он жыл нағыз шырғу мен шынығудың, жеңістің жолдары болды. Әр күні ғасырлық істер бастауына жол ашты. Әрине, он жыл бедеріне көз салсақ, бүгінгі жетістік өзінен өзі келіп, өзінен өзі құралмағанын көрер едік. Бұл ретте бір сәт осыдан он жыл бұрынғы кезеңге ой жіберсек бүгінгі істердің және ертеңгі күннің болашақ сәулесін көз алдымызға келтіре алғандай боламыз. Шынында да қазақ мысының сол бір тоқырау тұзағына түсіп, қиыншылық шырмауына шырмалған шағында бүгінгі корпорация құрылмаса, ел мен жердің ырысы мен байлығы қандай күйге түсер еді? Ол өз алдына, әйтсе де, сол кездің өзінде де «Жер байлығы сыртқа кетті, өз байлығымыздан өзіміз айырылдық», — деп байбалам салып, жаңа келген басшылық құрамның ойы мен мақсат мүддесін көрмей-білмей жатып-ақ айқайға — сүрең қосқандар аз болған жоқ. Тіпті, «Шетелдің қарауына өтіп кетпесе нағылсын» — дегендерді де құлақ естіді. Бірақ, осыншама жел сөзге нақтылы іс, атқарылған жұмыс, ел дәулетінің артуы, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы жауап бергендей болды. Осындайда осынау он жыл ішінде «Қазақмыс» корпорациясы келгенге дейін және келгеннен кейін өңіріміз бен өміріміз қандай деңгейден қай көлемге келді деген сауалды өзімізге өзіміз іштей болса да қоятынымыз анық. Ол заңды да. Себеп, өткенді білмей, бүгінгіңді саралай алмайсың, ертеңгіңді бағамдауың қиын. Содан да барып, бір сәт болса да өткенді ойға ала кеткен жөн сияқты.

Тарих тарауына көз салсақ, Жезқазған жерінде, Қарсақбай белінде 1928 жылы Қазақстанда тұңғыш мыс қорыту

заводы салынған екен. Онда жылына 50 мың тонна қара мыс алу мүмкіндігіне қол жеткізген. Заводқа кенді Жезқазған шахталарынан тасып жеткізген. Кейін отызыншы жылдардың көлемінде Қарағандыдан теміржол тартылып, Жезқазған кен металлургия комбинатының құрылысы басталған. Сол жылдары жаңа шахталар, Кеңгір су қоймасы, жылу электр станциясының құрылыстары да қолға алыныпты. Жезқазғандағы тұтқында отырған 25 мың адамның күші жұмылдырылып, аталған құрылыстардың мерзімінен бұрын салынуы қамтамасыз етілген. Бұл кеңестік жүйенің қатаң тәртібінің негізінде атқарылды. Қарсақбай мыс қорыту заводының негізінде 1958 жылы Жезқазған кен — байыту комбинаты құрылған. Ал, бүгінгі Жезқазған мыс қорыту заводы 1973 жылы пайдалануға берілген. Бұл мәліметтер Жезқазған жеріндегі байлықтың кешелі-бүгінді ғана ел игілігіне жаратылмағанын, оның бастауы негізі барын дәлелдеп отыр. Жерасты шахталарында кен қазу істері қолға алынғаннан бері қаншама шахталар бой көтеріп, жаңа техникалар іске қосылды. Бірақ, бір айта кетерлігі кеңестік кезеңдегі жерасты кенін игеру жұмыстары бүгінгі күннің жаңа жабдықтарынсыз, ескі әдіспен атқарылды. Жерастының кені алынған қуыстар сол қалпында қалып жатты. Бұл жер бетіндегі тіршілікке, тұрғын үйлерге қауіп туғызды. Ол туралы кезінде кеңестік басылымдардың ірілі-ұсағы бірінен-бірі асыра жазып, тұрғындар өміріне алаңдаушылық білдірсе, Шынболат сияқты ақындар: «Құлай ма деп қорқамын жел жағы емес, ел жағы», — деп өзінің төрт қалаға бергісіз Төртіншісіне қамқорлық керек деп дабыл қақты. Бірақ, кеңестік басқару жүйесі «бүгін-ертең» деп жүргенде Төртіншінің бір-екі үйі құлап та кетті. Автобусымен адам түсіп кеткені де есімізде. Міне, осындай қиын жағдай қалыптасып тұрған жерде қайтадан кен өндіріп, тұрғындарды еңбекке жұмылдыру, олардың әлеуметтік мәселелерін шешу айтуға оңай демесек, қиынның-қиыны екені балаға да белгілі. Осы қиыншылықтарды көріп-біле тұрып, «Қазақмыс»

корпорациясы үлкен тәуекелге бел байлады. Жезқазған кен орындарын басшылыққа алды. Корпорация басшылары басқа жақтан келген жоқ. Жезқазған жерінің табиғатын да, байлығын да, адамын да, аңын да білетін, осы жердің ауасын жұтып, осында өсіп жетілген азаматтар тізгінді қолға алды. Әлемдік деңгейдегі алыс-беріс, барыс-келістің қыр-сырын білетін, ішкі-сыртқы саясатқа жетік, парасат-пайымы мол Владимир Сергеевич Ким мен Жезқазған кен орындарында қатардағы кен шеберінен, кеніш директорлығына дейінгі жолдан өткен Руслан Борисович Юн салмақтың ауырын иыққа алды. Олардың қатарындағы азаматтар да өз міндеттерінің қаншалықты қиын болса да, оны орындау абыройлы екенін білді. Корпорация басшылық тізгінін қолға алғаннан кейін ең бірінші кезекке әлеуметтік мәселелерді алға шығарды.

Жерастының кені алынған аймақтан Төртінші елді мекенін қауіпсіз жаққа көшірді. Тұрғындар оған рахметтен басқа айтары жоқ. Енді қалай, «Төртіншіде ұйықтап жатып жер астына түсіп кетеміз бе?» — деп үрей құшағында жатып тұрған қандай, алаңсыз қауіпсіз жерде тірлік еткен қандай? Міне, мәселе осында.

Әлеуметтік мәселелер дегенде, «Қазақмыстың» қолтаңбасы қанаттас жатқан қос қаладан басқа да республиканың шығысы мен орталығынан, оңтүстіктен де айқын көрінеді. Тіпті, шетелдің өзінде де «Қазақмыстың» аты аталса, елең ете қалатындар аз емес. Бұл ретте күні кеше ғана дегендей Қырым жағалауында Украин елінен 12 млн. долларға сатып алған «Лучезарный» демалыс орнының өзі неге тұрады. Бір кезде мүйізі қарағайдай елдердің аты аңызға айналған басшылары ғана барып, басқаларға арман болған бұл демалыс орны бүгінде «Қазақмыс» корпорациясында еңбек ететіндерінің өздері мен балаларына, ардагерлеріне арзандатылған бағамен, қайсыбір жағдайда тегін жолмен қызмет көрсететін болды. Алғашқы кезекте кеншілер мен металлургтердің балалары жазғы демалысын осында өткізуінің өзі болашақ балалардікі

деген қағиданың қате еместігін көрсетіп тұрғандай. Ал, Кавказ тауындағы Бестау бөктеріндегі сауықтыру — демалыс орындары да қысы-жазы кеншілер мен металлургтердің денсаулығын түзеп, демалуына қалыпты жағдай жасалған жақсы жәй болып саналып келеді. Мұның сыртында Алатау бөктеріндегі «Балқаш» пен «Ақбұлақ» сауықтыру-демалыс орындары да мінсіз қызметтің межесінен көрініп жүр. Осыншама сауықтыру орындары еңбек өнімділігін арттыруға мол мүмкіндік жасайды. Оны әлеуметтік жағдайға назар аударғаннан кейін корпорация құрамындағы кәсіпорындардың еңбек өнімділігінен де аңғаруға болады. Орта есеппен жылына «Қазақмыстың» есебінен 5 мыңнан астам адам сауықтыру-демалыс орындарында емделіп, демалады екен. Бұл әрине, тұрмыс көңілді болса, еңбек өнімді болады деген қанатты сөздің шындығын дәлелдейтіндей. «Қазақмыстың» өзінде бүгінде 70 мыңға тарта адам еңбек етеді. Ал, әлеуметтік салада 75 кәсіпорын қызметін ұсынады. Бұл, сөз жоқ, ауыр еңбектегі жандардың жанын жадыратып, көңілін көтеруге, денсаулығын сақтауға бағытталған істердің бастауы деп қабылдаған жөн.

Корпорацияның бүгінгі таңдағы атқарған істері ел игілігінің ырысына ырыс қосуға, байлығына байлық қосуға бағытталған. Басқа шетелдердегі жекеменшік кәсіпорындар сияқты емес, мұнда еңбек адамына қамқорлық жасау, көмек көрсету қашан да бірінші кезекте ұсталып келеді. Шетелдік басқа жекеменшік кәсіпорындар уыс-уыс ақша беріп, тұрмысыңды өзің түзе, — деп қарауындағылардың тұрмыс жайына бөлендей мән бермесе, біздің қазақмыстықтар ақшасын да береді, тұрмыс жағдайын да өздері басты назарда ұстап, әлеуметтік саланың әлсіремеуіне демеушілік етеді.

«Қазақмыстың» аты шетелге де танылды деп қалдық. Қазір Германиядағы байырғы кен орнының бірі «Қазақмыстың» қарауына өтті. Бір айта кетерлігі «Қазақмыстың»

қарауына өткен Германиядағы кен орнының кеншілері «Аты әлемге танымал корпорациямен бірлескен ісіміз жемісті болары сөзсіз», деп қуаныштарын алдын-ала паш етті. Ал, өз республикамыздағы Ақтоғай кен орны, Жаман Айбат, Жезкент, шығыс Қазақстандағы, Қарағандыдағы кен орындары «Қазақмыстың» қарқынын бұл ғасырдан келер ғасырға жалғастыратындай әсер етеді.

Ал, Жезқазған жерінің өзінде «Қазақмыстың» колтанбасы көшесінен де, көлінен де, төрінен де көрінеді. Жезқазғанда алдағы уақытта бой көтеретін сауда орны мен жаңа мешіт «Қазақмыстың» тұрғындарға тартар тартуы болмақ. Сәтбаев қаласындағы салынып бітіп қалған «Спорт комплексі» достастық елдерінде де алдына қара салмайтын бірегей кешен екенін кеншілер де мақтан етеді. Жезқазғанның төрінде тұрған медициналық-санитарлық орталық шетелдік ең жаңа үлгідегі медициналық құрал-жабдықтармен жасақталуының өзі корпорация басшылығының адам денсаулығына немқұрайлы қарамайтынын көрсетеді. Мұнда тек корпорацияда еңбек ететіндер ғана емес, қала тұрғындары да қалауынша медициналық көмек алып келеді. Асылы Жезқазған қаласындағы игілікті істердің қай-қайсысының болса да басы-қасында «Қазақмыстың» тұруы қазақ мысының бәрінен де басым екенін байқатса керек. Шынында да, мысы бар қазақты — ырысы бар қазақ деңіз.

«Сарыарқа» газеті.

№ 59 (7149).

15 шілде 2005 ж.

БАҒЫТЫ ТҮЗЕЛГЕН БАТЫС

«Мешкей» деген жақсы ат емес» деген қазақтың бір сөзі бар еді ғой. Сол айтпақшы, кейінгі бірер жылдың көлеміндегі Батыс кенішінің жұмысы қожырап, «Кім жаман? Батыс жаманға» айналып кеткен кеніш еді бұл. Сондықтан, қашанда жүрген жерінен жақсылық іздеп, соны елге жеткізуге жандары құмар журналистер қауымының да Батысқа атбасын бұрмағанына біршама уақыт болған-ды. Енді, міне, құлағымызға еміс-еміс жылы хабар жетісімен, дегбір тауып отыра алмай Батысқа қарай бет түзедік.

Кеніш басшысын кабинетінде көбірек күтіп қалдық.

— Күттіріңкіреп қойдым ба, қалай? Айып етпеңіздер, ана жақтағы жұмыстың жайы жібермей, тұсалып қалдым, — дей келген директормен де таныстық. Жас жігіт екен. Іске беріле кіріскені аңғарылып тұр. «Келген жерімнің шаруасын түзесем екен» деген ниетін байқау қиын емес.

— Бізде жаза қоятындай не бар дейсіз? — деді директор — Енді-енді ғана бас көтеріп жатқандай жайымыз бар. Әдейі ат арытып келген соң, қоржынымыз бос қайтпасын деген оймен: «Тым болмаса азын-аулақ бірдеңе айтпайсыз ба?» — деп тақымдап қоймаған соң ғана кеніш директорының беті бері қарады. Мұхамеджан Тұрсынұлы Алданазаров бұған дейін № 31 шахтаны басқарған екен.

Кеніш директорлығына көтерілгеніне көп бола қоймаған. Ол кеніштегі ахуалдың ауырлап кетуіне соңғы жылдарда басшылардың жиі ауыстырылуы біршама салқынын тигізді деп санайды. Өйткені, әр басшы келе сала көзге түсуді ойлайды. Кім атының озғанын қаламайды? Бірақ, бап болмаса, бақ шаба қоюы екіталай. Бапты ұмытып, бәйгеге қосқанмен ол

ұзаққа шаба алмайды. Бақ деген нәрсе сүріншек келеді. Осыны ескергендіктен ертеңді емес бүгінді ойлағандар көзге көрініп тұрған көлемде ғана жұмыс жүргізген тәрізді. «Осыны алайық, жоспар берейік, көзге ілінейік» деген ойдың шырмауына байланғанда, жұмыс ауқымын ұлғайтып отыруға мән бермеген. Сөйтіп, екі ортада аттың да сұлап, арбаның да сынуына өздері себепкер болып жүргендерін өздері де сезбей қалған, өйткені, ертеңгі, бүрсігүнгі жұмыс жасар жеріңді күнілгері әзірлеп қоймасаң бүгін барың ертеңге жетпесе, қайда барасың? Әрине, далақтап жүріп, «қап кеше істеп қоймаған екенбіз» деп жаңа аумақтың кенін бітіре алмайсың. Ертең де, бүрсігүні де болмашы бірдененің басын шалып жүргенің болмаса, қарқындап кен қопарып тастауың неғайбыл. Осыдан келіп, күн өтеді, уақыт өтеді, жұмыстың берекесі қашады.

«Жоқ бұлай болмайды». Жаңа директор келе салысымен жұмыс ауқымын ұлғайтып отыруды, күнілгері әзірлеп отыруды қолға алды.

— Қазір № 55 шахта түзелді. № 31 шахта да көп ұзамай қалыпты жұмыс ырғағына түсетін болады, — дейді ол. Директор мығым сөйлеп отыр, яғни, біліп отыр, өз ісіне сеніп отыр.

Негізі Батыс Жезқазған кешенінде екі шахта бар. Бұлар № 31 және № 55 шахталар. Екеуі де ірі шахталар санатында. Әрі бұлардан уақытысында мықты-мықты марқасқалар өсіп шығып, елге танымал болғаны бүгінгі таңда біртіндеп тарихқа айналып та барады. Басқасын айтпағанда, академик Өмірхан Байқоңыровтың № 31 шахтаның «тумасы» екені неге тұрады?! Әрине, уақыт алға тартып барады. Бірақ, кеніш мықты кеншілерге қазір де кенде емес.

АЙТАЛЫҚ, Вазир Ідірісов, Андрей Эккерт, Бақыт Башаровтардың артельдері басқаларға үлгі болғандай. Еңбектің ескерусіз қалғанынан артық жаман не бар? Кеніш директоры еселі еңбегімен көзге түскендерді марапаттап, құрметтеудің де қажеттігін жадында ұстайды екен. Соның бір мысалы

жақында ғана В. Ідірісовке «УАЗ» жеңіл машинасын сыйлық ретінде беруге ұйтқы болыпты. Ал, ағайынды Жайық, Еділ Тұрмағанбетовтерді кеніш ұжымы әрқашан мақтаныш тұтады. Олар да адал еңбектің алғы шебінен көрініп жүрген жігіттер.

— Көп нәрсе, әрине, кадрларға байланысты. Осы белгілі қарапайым қағиданы ескере бермейтіміз бар. Сондықтан, кенішке біршама кадрлық өзгерістер де жасалды. Іскер, құлшынысы, ұмтылысы бар жастарға қолдау көрсетіп әрі сенім артып жатырмын. Айталық, Е. Тұрмағанбетов жақында учаске бастығы болып тағайындалды, ол жұмысты әу баста слесарьлықтан бастаған, істің бүге-шігесіне дейін біледі. Неге осындай жігіттерді жауапты жұмыс учаскелеріне тартпасақ? — деді кеніш директоры әңгіменің бір тұсында.

— Тұрмағанбетовтер туралы көп айтуға болады, — деп сөзге араласты кеніш кәсіподақ комитетінің төрағасы Кемелхан Нұрсейітов. — Екеуі де жұмыс десе жанып тұрған жігіттер екенін директор дәл айтып отыр. Біз де өз тарапымыздан олардың еңбегін дәріптеп отыруды ұмыт қалдырмаймыз. Айталық, Жайық Америкада, Атлантада өткен олимпиаданы көзбен көріп, қызықтап қайту мүмкіндігіне ие болса, Еділ отбасымен бірге Кореяда демалып қайтты.

Төрағаның әңгімеге әр қосқаны дұрыс болды, осыдан соң сөз арнасы өз-өзінен әлеуметтік мәселелерге қарай ауысып жүре берді. Сәтбаев қаласындағы «Юность» Спорт сарайының дәл осы кеніштің арқасында тірлік кешіп жатқанын, сол сияқты, кеніш ұжымы № 19 орта мектебіне шефтік қамқорлық көрсетіп келе жатқанынан да азды-көпті хабарымыз барды. Біле тұра осы арада: «Қазір екінің бірі тиын санауға көшкен заман, әркім өз қотырын өзі қаситын күйге түсті. Ендеше қосымша шығын шығарып, Спорт сарайын ұстаудың, көмек көрсетудің қаншалықты қажеті бар? Оларды мойындарыңызға ауыр қылып кайтесіздер?» — деген сұрақты ортаға қарай лақтырып келіп жібердік. Мұндағы мақсатымыз мұндай

ізгі қадамға кеніш шын ниетімен барып отыр ма екен, әлде, әлдекіміңіз тоқпағынан тайсалғандықтан жасап жүр ме екен, осы арасын жіктеп алу еді. Сауалымыз директорды да, төрағаны да «шалқасынан түсірді».

— Бұл не дегеніңіз? Аздан үнемдейміз деп, көпті игілігінен қағамыз ба? Спорт сарайына кімдер барады? Негізінен — кеншілер. Мектептерде кімдердің балалары оқып жүр? Негізінен — кеншілердің балалары. Жалпы Сәтбаев қаласы — кеншілер қаласы емес пе? Сондықтан, мүмкіндігі келгенше қала өмірінен қалыс қала алмаймыз. Рас, кейде сәті түспей жатуы да мүмкін. Бірақ, қаланың мәдени-көпшілік шараларына атсалысып, көріктендіру, тазалық мәселелеріне келгенде ат тонымызды ала қашқан кезіміз жоқ, қайта жан-тәнімізбен, шын ынта-ықыласымызбен араласамыз, — деді ол да.

Кеніштің қос басшысының бірін-бірі толықтыра отырып айтқан бұл әңгімелері шын мәнінде жанды жадыратып, жүректі жібітіп жіберді. Өйткені, олар қаланы — өз қаламыз деп түсініп отыр, қаланың халқын — өз адамдарымыз деп ұғынып отыр. Ең бастысы осы ғой. Мұндай түсінік, мұндай ұғым бар жерде кеніш пен қала арасындағы байланыс беки түсетініне күмән жоқ. Айтпақшы, қаладағы № 2 шағынауданға қарасты тұрғын үйлердің күтімі де Батыстың мойнындағы жүк. Мұнда кеніштің тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету учаскесі бар. Шағынауданның тазалығы, көріктендірілуі, тұрғын үйлердің қысқа әзірлігі, яғни суы, жылуы, бәрі-бәрін кеніш өз міндетіне алған. Міне, бұл қалаға көмек пе? Әрине, көмек. Көмек болғанда қандай? Бюджетінің бүйірі томпаймай қойған, тіпті, былтырдан бері дербес бюджетінен де қағылып қалған қала үшін бұл дегеніңіз ұшан-теңіз қамқорлық қой.

ҚАЙ ЖЕРДЕ де еңбек өнімділігін арттырудың ең басты шарты — еңбек тәртібі. Темірдей тәртіп орнату да оңай емес.

«Бай болсаң бақырып боласың ба?» демекші, әрине, сөгіс беріп, айлықтан кесіп, сыйақыдан қағып, тіпті, болмаса, жұмыстан қуып та тәртіпті түзетуге болар. Дегенмен, жаңа директор бұл мәселеге де жаңаша қарап отыр. Бұл адамдарды қорқытып-үркіту жолымен емес, олардың бойында имандылық, салауаттылық сезімдерін қалыптастыра отырып, саналарына сәуле түсіру арқылы тәртіпке шақыру. Яғни, иман, сауаптан хабары бар адам пәле-жаладан аулақ жүреді, өзін, отбасын ойлайды, араққа салынып, ләйліп кетпейді, дер мезгілінде жұмысына келеді. Әрі мол табыс табуды көздейді. Демек, мұндайда артық айқайдың да керегі болмай қалады. Осылай ойлаған директордың бастамасымен қазір кеніште өлкемізге танымал ғалым, діни сауаты анау-мынау молдалардан мың есе артық, әрі қисайғанды түзейтін қабілеті бар Ғұзыхан Ақпанбек арнайы дәрістер өткізуде.

— Ол кісі әр келген сайын жігіттердің бетіне қан жүгіріп қалады, — деп қойды директор. — Дөп айтылған бір ауыз сөз мың сөгісіңізден де артық. Иманды сөзге ұйымағандарды амал жоқ арамыздан кетіруге тура келеді.

Тегі М. Алданазаров — иманжүзді азамат болса да, қатаң талап қоя білетін басшы ма деп қалдық. Ол өзіне үлкен сенім артылғанын түсіне біледі. «Болыс болдым мінеки» дегенге салынбай, істің мән-маңызына көп назар аударуда. «Үш жылдығын ойламаған еркектен без» демекші, ол бүгінін ғана көріп қоймай, ертеңін де ойлайтын азамат. Соңынан ерген бір жарым мыңнан аса сарбазына сардарлық танытуға ұмтылған Мұхамеджан Алданазаров — бағытын білетін басшы.

— Әрине, кеніште аздап ілгерілеушіліктің барын ішім сезді, — деп ой бөлісті бізбен ол. — Бұл жалғыз Алданазаровтың ғана еңбегі деуге болмайды. Менің де ақылдастарым, маған да жөн-жоба сілтейтін жігіттер баршылық. Кеніштің қазіргі ілгерілеуіне бас инженер Аманкелді Менеғұловтың

үлесі өз алдына бір төбе деуге болады. Мен қарапайым жұмыскердің де, жоғарғы басшылардың да ақыл-кеңесін зейін қоя тыңдап, зердеме салғанды ұнатамын. Сөз реті келіп калғанда, «Қазақмыс» корпорациясының бірінші вице-президенті Р.Б. Юн, корпорацияның атқарушы директоры М. Әліпбергенов мырзаларға өз алғыс сезімімді білдіре кетсем деймін. Өйткені, бұл кісілер тарапынан жасап жатқан азынаулақ шаруамызға қолдау көрсетіліп, қамқорлық танытылуда.

КЕҢІШ аяғынан қаз тұрып келеді. Бетбұрыс бар. Жұмыскерлердің арасында сенімділік ұлғайып келеді. Олар бұл сенімді, үмітті жаңа директордың есімімен бекерден-бекер байланыстырып отырған жоқ. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» дегенмен, жаңа басшының істі ұйымдастыруы, жұмысқа көзқарасы, адамдармен араласуында өзіндік ерекшелік, бұрынғылардан бөлекше бір леп бар екенін сезеді қарапайым жұмыскерлер.

Кезінде дүрілдеген Батыс еді бұл! Даңқы жер жарып жатушы еді. Бәйгенің алдын бермейтін. Кейінгі жылдары... жә оның несін қайталайық?!

Батыс сол баяғы биігіне бет түзеген тәрізді бүгінде. Ендеше, бағыт оң болсын!

«Сарыарқа» газеті.
№ 89 (163).
31 шілде 1998 ж.

КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ КЕНІШ

Жыл сайын аталып өтілетін кеншілер мерекесі бұл өлкеде ерекше салтанат ретінде қабылданады. Себеп, жер астының байлығын ел игілігіне жаратып жатқан кеншілердің жылына бір келер мерекеге әзірліктері де ерекше болады. Маңдай терді моншақ-моншақ төге жүріп, халық байлығын еселеу жолындағы қиын да жауапты істердің басы-қасында тұрған кеншілердің әр күні абыройлы. Олай дейтініміз, тәулік бойы үзіліссіз кен байлығын игеруге толассыз күш салатын кеншілер шаршауды да, шалдығуды да еңбек нәтижесімен бағалайды. Еңбек жанса, шаршағаны да, шалдыққаны да қайтқаны. Осы ретте Жезқазған қойнауындағы жер асты байлығын игеріп жатқан кеніштердің ішінен Солтүстік кенішке әдейі арнап ат басын бұрдық. Мұндағы кен өндіру ашық тәсілмен жүргізіледі. Осындағы басқа кеніштерде кеншілер жер астына қуалай түсіп еңбек етсе, Солтүстік кеніштегілер ашық аспанда жер қыртысына қайла тірейді.

Өзінің аты айтып тұрғандай, Солтүстік кеніші Сәтбаев қаласынан солтүстік бағытқа қарай орналасқан. Бұл жер қазақ ауыз әдебиетіндегі әдемі аңызға айналған «Ертөстік» ертегісіндегі әңгімеге негіз болатын «Сор құдықтың» тұрған жері. Бүгінгі ғалымдардың пайымдауынша аталған ертектің тұтас құрылымы кен өндіру технологиясының ишара түріндегі баяндалуымен өрбітілген. Осындағы жер астынан кен қазатын кеншілер өмірі салыстырулар мен түспалдау арқылы бүгінге жеткені аян. Демек, Солтүстік Жезқазған кенішінің тұрған жері ертеректе кен өндірген ата-бабалардың маңдай тері тамған жері деп те айтуға келеді. Міне, осындай ой құшағына бөлене отырып, аталған кеніштің басты ғимаратына да келдік.

Ертелетіп келуіміздің екі-үш түрлі себебі болды. Оның ең бастысы кеніш директорымен осы ертеңгілік лездемеден кейін кездесіп сұхбаттасып қалмасақ, одан кейін онымен жолығудың сәті қиындап кететінін ескергендігіміз. Себебі, директор осындағы барлық шаруаның басы-қасында болып шыққанша ұзақты күн жетпейді деп естігенбіз. Сондықтан да, ертелетіп келдік. Алдын-ала келісіп алғандығымыз дұрыс та болыпты. Директордың жұмыс барысындағы қарамағындағылармен әңгімесінің үстінен түстік. Әлгінде ғана «Қазақмыс» корпорациясы басшылығы тарапынан тың тапсырмалар алған жас директор енді оны орындау бағытындағы ойларын ортаға салып жатыр. Директор — жап-жас жігіт. Келген шаруамызды түсінгеннен кейін сәл жымыш:

— Қалай болар екен, жалпы біздің кеніш озаттар қатарынан көріне алмай келе-жатыр. Бірақ, кеншілердің ынтасы мен ниеті жоғары, үмітіміз алда. Мақтана алар ма екенбіз, — дегенінен де оның өз ісіне өзі ерекше талаппен қарайтындығын аңғардық. Аңғардық та, мұнда келу себебіміз жер астында еңбек етіп жатқан басқа шахталардан ашық әдіспен кен өндірудің ерекшелігін біліп, осы туралы ондағы еңбек адамдары туралы әңгімелеу екенін директорға жайлап отырып, жайып салдық. Сонымен, кеніш жайлы білгеніміз.

Солтүстік Жезқазған кеніші негізінен бес ашық карьерден құралады екен. Олар: «Итауыз», «Сарыоба», «Қыпшақбай», «Қарашошақ», «Ақши-Спасский». Міне, осы бес карьер Солтүстік Жезқазған кенішінің негізін құрап, атағын көтеріп, абыройын асырып тұр. Шынында да, ашық карьерлердегі жұмыс жер астындағыларға қарағанда көз алдында тұрғандай. Түнде самаладай жарық шамдары карьер бойында жұлдызша жымыңдаса, күндіз ашық күннің астында тынымсыз еңбектің тындырымды ісін қолға алып жүрген кеншілерді көресіз. Мұнда осыған дейін де бұрын сан рет болғанбыз. Ол

кез кешегі кеңестік кезеңнің жүйесі бұзылмай тұрған кез болатын. Ал, бүгін мұндағы еңбек тіптен бөлек. Бөлек дейтініміз, біздің сол кездердегі көрген алып деп санаған техникаларымыз бүгінде мұнда кездеспейді. Олардың орнында шетелдік алымы да, адымы да қарышты, қуатты техникалар тұр. Тек бір ғана «Терехс» алып экскаваторы неге тұрады. Ожауының сыйымдылығы 11 куб болатын бұл экскаватор айына 300 мың куб кенді тией алады. Міне, әңгіме қайда жатыр. Ал, осы кейінде ғана келген сыйымдылығы 96 тонналық 12 тиегіш кеніштің бүгінгі еңбегінің көрігіне айналған. Жер бетінен төмендегі кен жұмыстарын бұрғылауға арналған «ДМ-М-2» бұрғылау станогы айына 10 мың метр жерді бұрғылауға арналған. Осы айтылып тұрған техникалар іске қосылғанына көп болмапты. Әлгіндегі жас директордың «Жоспарды орындауымыз» деп күмілжуінің астары осыған дейінгі ескі техникалармен жұмыс атқарылған кездерді меңзейтін сияқты. Ал, осы жаңа техникалар келіп өндіріске қатысқаннан бері кеніштің жоспары орындалып келеді. Бұл енді тұрақты қалыпты сипатқа айналу үшін осындағы қарапайым кеншіден бастап, кен мамандары мен басшыларына дейін алдарына мақсат етіп қойған басты істеріне айналып отыр. Шынында да, корпорация басшылары ашық карьерде кен өндірушілерге енді бірыңғай ден қойып, көмек қолын созғандай. Жаңадан жұмысшылар таситын автокөлік, су тасушы машина, жол таптауыш техникаларынан көмектесіпті. Бұлар әрине, ашық жер бетінде жұмыс істейтін еңбек адамдарының кідіріссіз іске кірісуіне көп көмек. Олай дейтініміз ашық карьердегілердің жабық жер астында еңбек ететін кеншілерден ерекшелігі ауа райына бірден-бір тәуелді екен. Содан да мұнда жауынды шашынды, боранды, бұрқасынды күндері жұмыстың мазасы кетіңкірейді. Бұрынғы кездері ескі техникалар жаңбырлы күндері батпақтап өрге шыға алмай

жатса, енді жаңа жол таптаушы бар кәсіпорын алып техникалар жүрер орынды алдын-ала баптап дайындауға мүмкіндіктері молайыпты. Сондай-ақ, жаңағы бір тиегенде 96 тонна тиейтін, өздігінен төгетін техниканың қуаты сөзбен айтып жеткізуге келмейді.

Әрине, қаншама қуатты техника болса да ол адам күшінсіз өндіріске қатыса алмайды. Осы тұрғыдан келгенде Солтүстік Жезқазған кенішінде еңбегінің нәтижесін көріп, көптің құрметіне бөленіп жүрген жандар аз емес. Жалпы мұнда 1300-ден астам адам еңбек етеді екен. Бұлардың қай-қайсысы болса да бір мақсат, бір ниетке жұмылған. Ол мақсат — еңбек көрігін қыздыра отырып, табысты тасқындату. Ол үшін мұнда барлық жағдай жасалған. Біз болған жерлердегі кездескен жандардың жүректерінде қуаныш, жүздерінде шаттық нұры ойнағанын көрдік. «Итауыз» ашық карьерінің бастығы Мұса Ақашев:

— Табысымыз жаман емес, еңбек көрігін қыздырып келеміз. Жаңа техникалар қолға енді-енді тиді. Алдағы кезде озаттар қатарында кенішіміз көш бастайды деген сенім мол, — деп сенімді түрде нық айтты.

Ал, «Қыпшақпай» карьерінің бастығы Есбол Айбеков болса, ашық кен өндірудің өзіндік ерекшелігін еркін меңгерген жандардың жақсы нәтижеге қол жеткізеріне сенімді. Сондай-ақ, «Ақши-Спасский» карьерінің бастығы Темір Битуғаевтың да өз әріптестеріне артар сенімі жоғары. Осындағы өнегелі істердің басы-қасында жүрген кеншілер есімі де құрметпен аталады екен. Кен тиейтін экскаватор жүргізушілері С. Котвицкий, А.А. Шнит, алып «Терехсті» меңгерген С. Нұрмағанбетов, Б. Чашков және Ю. Шалагин, С. Елубаев, Н. Бекжанов еңбектері өзгелерге үлгі-өнеге етуге әбден тұрарлық.

Солтүстік Жезқазған кенішінің директоры жас жігіт Ғабит Төлеубайұлы Төлеубаев бұл қызметке келгеніне көп болмап-

ты. Жас жігіт кен инженері мамандығын 2000 жылы алғаннан кейін Оңтүстік Жезқазған кенішінде ауысым шеберінен бастап барлық сатылы жолдан өтіпті. Білімді, жігерлі жігітке әкімшілік сенім артып, осы кенішке алғашқыда бас инженер етіп тағайындап, кейінде директорлыққа бекітіпті. Директор болғаннан бері өзінен бұрынғы болып өткен басшылардың ізін жалғастырып, ұйқысыз, күлкісіз еңбектің көрігін қызған үстіне қыздыра түсуде. Өзінен бұрынғы дегенде мұнда небір айтулы, мықты директорлар болған екен. Ең алғашқы директор болған Кимнің атын бүгінде көнекөз қариялар құрметпен айтады. Одан кейінгілер де аз емес. Асатов, Вахрушев, Боранбаев, Аяшов есімдері кеніштің бүгінгі келбетіне ерекше ажар бергендей.

Жалпы Солтүстік Жезқазған кенішінің ашылғанына биылғы жылы 45 жылға айналыпты. Осынау жылдар белесінде елдің еселі игілігін жаратқан жандардың жарқын қолтанбасы жатыр. Әр жыл сайын жаңа белестерді бағындырған кеншілердің еңбегі қалай айтса да мақтауға тұрады. Биылғы жылы бұл кеніштің кеншілері 350 мың тонна кен рудасын алуды міндеттеніп отыр. Бұл меже орындалады деген сенім әр кеншінің көңіліне нық орныққан. Ал, сенім бар жерде табыс ешқайдада кетпейді. Ертеңгі күнге сенім артқан жандардың бүгінгі шаттықты мерекелі күнгі көңілдерінің шуағы болашақ мол табыстың биігіне жол тартары анық. Ендеше, Солтүстік Жезқазған кенішінің келешегі кемел екендігіне еш шүбә жоқ.

**«Сарыарқа» газеті.
№ 71 (7161).
26.08. 2005 ж.**

Екінші бөлім

МЫСТЫ БҰЛАҚ

МЫСТЫ БҰЛАҚ — БАСТАУЫНДА

Егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы қол жеткізіп отырған табыстарына зер салсақ, сөз жоқ, экономикалық жағдайымыздың жақсара түскенін тілге тиек еткен болар едік. Бұл ретте әлемге өзінің алтынға бергісіз сары мысымен аты шығып, дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы ең бір алпауыт аталатын елдерінің өздері де өнімдеріне ерекше үлкен бір сұраныс танытып отырған «Қазақмыс» корпорациясының алға басқан қарышты қадамына соқпай әсте кете алмайсыз. Әлем елдерінің арасында өте сапалы мыс өндіруіменен ерекшеленетін, Қазақстанның атын аспандатып отырған «Қазақмыс» корпорациясының мол табыстарға тұрақты қол жеткізуінің сыры неде? Қазақстанның экономикасына айтарлықтай көлемде мол қаржы құйып отырған «Қазақмыстың» алдағы мүмкіндігі қандай?

Осыған орай Жезқазған мыс қорыту зауытындағы бүгінгі қол жеткен жетістіктер, ертеңге ұмтылған құлшыныстар төңірегінде әңгіме қозғаудың артықтығы бола қоймас деген ниетпен байлық бастауы — Мысты бұлаққа ат басын тіреудің сәті түсті. Мұндағы ең бірінші көзге түскені ішкі және сыртқы жинақы тазалық пен тәртіптің темірдей тегеурінділігі болды. Ал, көңілдегі сауалдарымызға осындағы еңбек озаттарының пікірлерінен тиянақты жауап тапқандай болдық. Осы орайда озаттар ойын ортаға салуды да жөн көрдік:

ЖАҢАША ЖҰМЫС — ТАМАША

Игібаев Жұман Уәлиұлы,

Жезқазған мыс қорыту зауытының от төзімдеушісі.

Зауыттың бүгінгісі туралы сөз қозғамас бұрын оның өткенінен хабардар болу керек. Мұндағы қазіргі жұмысты ұйымдастыру мен еңбек адамына жасалар әлеуметтік жағдайлар да сонау Кеңестік кездегіден әлдеқайда бөлек. Менің бұлай батыл айтуыма себеп, мен осы зауытта табан аудармай еңбек етіп келе жатқаным 25 жылдан асты. Соның соңғы оншақты жылы мен оның алдындағы он-он бес жылды салыстыра айтсам, онда сол бір коммунистік ұран «Бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» дегенге сүттей ұйып, біреуіміз үшін біреуіміз еңбек ете алады екенбіз, бізде бәрі де ортақ дегендей, жұмысқа қалай келсек, кетуді ойлап, одан қалды біріміздің орнымызға бірімізді ауыстырып, әйтеуір күнделікті жұмысқа келді деген атты арқалап жүргенге мәз болғанымызды несіне жасырайық. Ол кезде алатын айлық, та ортақ ашығын айтқанда зауытқа келіп-кеткенді көңілге демеу етіп келдік. Біз осылай жүргенде басшылардың да жағасы жайлауда, бірінен бірі тереңдетіп жауапкершілік сұрамайтыны белгілі еді. Енді қалай, басшылардың да артында «не істедің?» — деп тікектеп сұрап отырғандар шамалы. «Сен салар да мен салар, атқа тоқым кім салар?» — деп атам қазақ айтқандай біріне бірі сілтеу басым болғаны рас. Ал, бүгінгі жағдай тіптен басқаша. Қазір ең алдымен зауыттың сыртына іші сай. Тазалығын сөзбен айтып жеткізу қиын. Асханаға бас сұға қалсаңыз шет елдік үлкен мейрамханаларға енгендей боласыз. Асы дәмді, іші сәнді. Бұрын мұндай асына заты сай асхана Жезқазғанның өзінде де болған жоқ десем, жалған айтқандығым болмас. Жуынатын орынның жабдықталғаны өз алдына. Бәрі-бәрі жалт-жұлт етеді. Жұмыс орнымыздың да ықшам әрі ыңғайлы жасалғанын айтудың өзі артық. Міне, осындай жерде еңбек еткен әр адам жеке өзі үшін, өзінің ипгілігі үшін барын салып табыс табуға ұмтылуы заңды. Қазіргі ұран — «Әркім өзінің еңбегіне орай табыс табады» дегенге сай тұр. Шыны да солай. Мен үшін біреу тер төкпейді. Мен де өзімнің тапсырмамды екі-үш есе артығымен орындасам, сол күнгі

тапқан табысым соншалықты артатынын білемін. Өне, осыдан келіп, тұтас зауытқа еңбек тәртібі де, табыс табу да қиын емес. Мұның сыртында осындағы әр адам еңбегіне орай құрметке бөленіп, сый-сияпатқа ие болады. Әлеуметтік жеңілдіктерді бірінші кезекте пайдаланады. Мәселен, менің суретім зауыттың құрмет тақтасында ілулі тұр. Әрбір айтулы мерекелерде алғыс хат, сыйлықтардан құр қалмаймын. Мұндай құрметке менің әріптестерім Қуаныш Әбенов, Серік Байтұрсынов және басқалары да ие болып келеді. Демек, біздегі бүгінгі табыстар ертеңгі күнге өлшем емес. Бірімізден біріміз оза еңбек етуге ұмтыламыз. Жұмысымызда да от төзімдеудің жаңа тәсілдері өндіріске енгізілді. Ұзындығы 24, биіктігі — 3, ені — 8 метрлік электропештерде жаңа технология бойынша жұмыс атқарғанда уақыттан да ұтамыз.

Жұмысқа бару, қайту, ондағы еңбекке араласу процестерінің бәрі жүйелі жолға қойылған. Тек, жұмыс істей біл. Әйтсе де, арамызда осындай жағдайдың өзіне де риза болмайтындар да кездеседі. Қайсыбір басылымдардан «Бізде анау жоқ, мынау жоқ» — деп байбалам салған әріптестерім үшін, шынын айтайын, қысылуға тура келеді. Ең бастысы, жасалып жатқан жақсылықтарды айтпай, тырнақ астынан кір іздейтіндер, жұмысқа жалқау, «ауырдың үсті, жеңілдің астымен» жүргісі келетін, еңбекке қатыспай-ақ көп айлық ақша тапқысы келетіндер деп білемін. Бірақ, зауыттағы нағыз еңбек адамдарының көңіл-күйі, ынта-жігері өте жоғары. Күн-күн сайын жасалып жатқан жақсылықтар ізсіз емес. Спортпен айналысасың ба, денсаулығыңды жақсарту үшін емдеу орындарына барасың ба, тынығасың ба, бәрі де зауыттың жасаған жеңілдіктері нәтижесінде жүзеге асып жатыр.

Халқымызда «Тұрмыс көңілді болса, еңбек өнімді болады» деген қанатты сөз бар. Біздегі Жезқазған мыс қорыту зауытындағы, табыстың сыры — ұйымшылдық пен әркімнің өзінің ісіне жеке жауапкершілікпен, жаңаша нарықтық көзқарас қалыптастыруында жатыр. Бір сөзбен айтқанда жаңаша жұмыс — тамаша.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ТҰРАҚТЫ

Ерлан Тайжанов,

шихта дайындау цехының

шихта дайындаушысы.

Мен Жезқазған мыс қорыту зауытында еңбек ететінімді әр кезде де мақтан етемін. Себеп, «жері байдың елі бай» — деген байлығымызға бастау болып, қазынамызға миллиондаған доллар құйып отырған берекелі ортада болу және өзің сол байлықты игеруге үлес қосуың бір жағынан мәртебе әрі құрмет. Еңбек еткен адамның бүгінде мұқтажы тез шешіледі. Жұмыстың қуанышының өзі де сол, отбасына маңдай термен тапқаныңды уақытылы әкеліп отырсаң, алаңсыз тұрмыстың баянды боларына сенім молая түседі. Бұл тұрғыдан келгенде бізде барлық жағдай жасалған. Зауыт әлемдік талаптарға толық сай келетіндей етіп қайта жарақтандырылып, жабдықталған. Еңбек етудің барлық шарттары жасалған. Мұнтаздай тазалық, мұқият жұмыс кестесі сақталады.

Әріптесім Оксана Шукина екеуіміз қорғасын шаңын вагондарға тиеп, тиісті жерлерге уақытында жеткізілуін қадағалап отырамыз. Біздің өнім өз ішімізде де, сондай-ақ шет елде де сұранысқа ие. Демек, біздің қол қусырып қарап отыруымызға уақыт та жоқ. Ал, қолы қимылдағанның аузы қимылдайды дегендей, ерінбей тер төгеміз.

Маңдай терді мың төгіп жүрген жерде әлеуметтік қамқорлық ең жоғары жағдайда жасалады. Зауыттағы медициналық бөлімге, ондағы құрал-жабдықтарға зер салсаңыз, асхана, тынығу орнына жасалған істі көрсеңіз — ондай жағдайға жауап тек еңбекпен ғана қайтарылуы керек деп есептейсіз.

Табыс мол — тұрмыс көңілді десек оған жағдай жасап, мүмкіншілікті беріп отырған «Қазақмыс» корпорациясына, оның мыс қорыту зауыты басшыларына шынайы алғыс айтуымыз қажет. Себебі біздегі еңбекті ұйымдастыру мен үйлестіру, әлеуметтік қамқорлық жасау соған лайық.

БАСПЫНЫҢ ТАПСЫРМАСЫ

*Мәлқандар Әбілдинов,
шихта күйдірушісі.*

Табысқа жету дегеніңізді басшылар берген күнделікті тапсырманы үнемі ойдағыдай орындау деп білемін. Алған тапсырманы ақаусыз, ойдағыдай орындасаң өзің үшін де, маңайыңдағы әріптесің үшін де абырой. Өзің үшін болары, табар табысың көбейеді, әріптесің үшін іскерлігің ортақ мерейді асырады. Демек, цех бастығы атыңды атап тапсырма берген екен, сол үдеден шығу міндет. Өзім осында еңбек еткеннен бергі жиырма бес жылдан бері осы беттен жаңылып көргенім жоқ.

Жиырма бес жыл еңбек етіп келемін. Екі жүйедегі басшылықтың тәртібін байқадым. Қазіргі талапты өзіңе өзің қоясын. Табыс тапқың келеді екен, тынымсыз еңбек ет. Бұған бізде бәрі төселген. Алайда кешегі кеңестік кездегі ортақ істі көксейтін, «Біреу үшін екінші біреу тер төксе, өзім одан көп ақша тапсам» дейтін масылдық пиғылдан әлі де арыла алмай жүргендер арамызда бар. Талаптың күшейгенін көтере алмай байбалам салып «Бізде анау жоқ, мынау жоқ, анау керек, мынау керек» деп тырнақ астынан кір іздеп жүргендерге танау қалам. Кешегі кеңестік кездегі зауыттың жағдайы қандай еді. Бұрын шаң тозаңнан арылмаған жерде уақыт өткізіп жүргендер, енді мынау жан-жағың айнадай жарқыраған, жаракталған, жабдықталған жерде жеке еңбек егуден қашқақтап жалқаулығын сөзбен жасырғысы келеді. Бірақ, басы ашық бір мәселе, бізде нақты іс бағаланады. Қазақтың «Алдыңа ас қойдым, екі қолды бос қойдым» дегендей жұмыс істеуге жағдай бар, ал еңбек ете алмағандар, ешкімге өкпелемейді.

ҮЙРЕНЕРІМ КӨП

*Дархан Қазанбаев,
күкірт қышқылы цехындағы
жөндеуші-слесарь.*

Менің жұмысым өзіме ұнайды. Мұнда еңбек еткеніме де көп бола қойған жоқ. Екінші жыл. Әйтсе де зауыттағы ұйымшыл ұжымнан үйренгенім көп. Осындағы тәжірибелі мамаңдар Қайрат Мұханбедиев, Есен Қалмұрзаев қатарларына тарта отырып, шеберлігімнің шыңдалуына үлкен үлес қосты. Қазір қандай күрделі жөндеу жұмыстарын болса да өз бетімше атқара аламын. Басшыларым да маған ерекше сеніммен қай жұмысты болса да тапсырады. Бұл дегеніңіз — бір сәтті де бос жібермей еңбек етемін дегенді білдіреді. Ал, еңбек болған жерде табыс тасқындай түседі.

Мені зауыттағы жасалып отырған әлеуметтік қамқорлықтар өте жігерлендіреді. Кәсіподақ арқылы емдеу-сауықтыру орындарына барып жатқандар қаншама. Тұрғын үй мәселесін шешіп, қуанышқа бөленгендер де аз емес. Балаларын демалыс орындарына жіберу, өздерінің де ойдағыдай демалуына жағдай жасап отырған жерде көңілде еш алаң болмайды екен. Алаңсыз жұмысқа келу де бір бақыт.

Менімше зауыттың бүгінгі қол жеткізіп отырған мол табысына да озаттар қосқан үлес көп. Озаттар көп жерде табыс тасқындай түсуі заңдылық.

ИГІАКТИ ІСТЕР ЖАЛҒАСА БЕРМЕК

Шынын айту керек, өзінің түп негізін сонау қазақ өндірісінің қара шаңырағы атанған қазыналы Қарсақбайдан

алатын Жезқазған мыс қорыту зауытының ырғақты да, қалыпты жағдайда тұрақты жұмыс істеуі «Қазақмыстың» ғана емес, қазақ елінің де атағын аспандатып келе жатқаны рас. Демек, ел экономикасына күректеп пайда түсіріп отырған зауыттың кешегі Кеңестер Одағы кезіндегі жер жарған атақ-даңқы бүгінде де бұрынғысынан да асқақ, бұрынғысынан да жоғары. Кеңестер Одағы кезінде қол жетпестей көрінетін жылына 100 мың тонна мыс өндіру межесі бүгінде тоқсандық, жарты жылдық биіктермен белгіленуінің өзі, мұндағы істердің, алымды да қарымды, жаңаша да тамаша екенінен хабар бергендей. Бір кездері есімдері кешегі Кеңестер Одағына кеңінен таныс болған О. Мейрамов, С. Салқауов сынды Кеңестер Одағының құрметті металлургі атанған, сол сияқты жүздеген жүйріктердің маңдай тері тамған киелі де қуатты өндіріс орнының берекесі бұрынғысынан да артып, дәулеті тасып, байлығы молайған үстіне молая түсуде.


Мыс қорыту зауытында әлеуметтік қамқорлыққа ерекше мән беріледі. Осында еңбек ететіндердің арасынан жыл сайын 150-дей адам «Ақбұлақ» шипажайында демалса, Жезқазған емдеу-сауықтыру орнында бір жылда 230-дан астам адам ем қабылдап шығады екен. Бір айта кетерлігі осында еңбек еткен соғыс ардагерлеріне сауықтыру және демалыс орындарына жолдама тегін берілсе, еңбек етіп жүргендер жеңілдікті пайдаланады.

Спорт кешені металлургтердің сүйікті орнына айналған. Мұнда бассейн, футбол, волейбол, теннис, тренажер залдары жұмыс істейді. Міне, осындай жағдайлар үлкен табысқа еркін жол ашып отыр. Бүгінді мол табыспен бастайтын ұйымшыл ұжым ертеңгі күнге нық сеніммен қадам баса бермек.


«Сарыарқа» газеті.
№ 33 (7123).
15 сәуір 2005 ж.



Солтүстік Жезқазған кеніші




Кен тиеу сәті




Ашық карьерде



Қазақтың мысы



Батыс Жезқазған кеніші
55 шахта




Шахта





Мыс зауыты



Жезқазған мыс қорыту зауытында



Жезқазған байыту фабрикасы



Мыс заводы (сыртқы көрінісі)




Жезқазған мыс қорыту заводы.
Сары алтындай сары мыс




Жезқазған мыс қорыту заводы.
Дайын өнім



«Қазақмыс» корпорациясы
әкімшілік ғимараты



Анненск кеніші



Жезқазған қаласындағы
«Самсунг» ауруханасы



Сәтбаев қаласындағы
мұсылмандар мешіті



Жезқазған.
Жанарған, жасарған әуежай

ҚАЗАҚТЫҢ МЫСЫ — ХАЛЫҚТЫҢ ЫРЫСЫ

Қазақ мысының екінші тынысын ашып әлем алпауыттарының талайының таңдайын қақтырып келе жатқан «Қазақмыс» корпорациясын кім білмейді дейсіз. Бүгінде шартарапқа даңқы тарап кеткен бұл кәсіпорынның ірге теуіп, шаңырақ көтергеніне осы шілденің 17-ші жұлдызында аттай 10 жыл толып отыр. Бір қарағанда аз болып көрінгенменде осынау он жыл ізіне зер салсақ, атқарылған істер ғасырлық жүкті көтеріп тұрғандай, бұл жай сөз орайына қарай айтылып тұрған жоқ. Шын мәнінде де солай. Ол үшін осынау жылдар жетегіне бір сәт көз жүгіртіп көрейікші.

Кешегі Кеңестер Одағы тарап, алыс-беріс үзілген кезде шаруаның көбі шатқайақтап кеткені рас. Тіпті түкірігі жерге түспей тұрған алып кәсіпорындардың өзі тұралап қалды. Солардың бірі «Жезқазғантүстіметалл» кен-металлургия комбинаты болатын. Бұл алып кәсіпорын 1995 жылдың басында-ақ хал-ахуалы күрт төмендеп, өнім өндіруді тоқтатудың аз-ақ алдында тұрды.

Металлургтер мен кеншілер бірнеше айлық жалақы ала алмады. Әлеуметтік салада да қолбайлау көп болды. Жарық, жылу мәселесі шешілместей көрінген-ді. Бұл әрине тек Жезқазған кен орындарына ғана тән емес сол кезде еліміздегі барлық өндіріс орындарында қалыптасқан жағдай еді. Республика бойынша осындай қиын шақта Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев — өндіріс орындарын қуаты күшті шетелдік инвесторларға уақытша басқаруға беру керек дегенді қадап айтты. Бұл нәтижелі болды. Елімізге дүниежүзіне аты мәлім шетелдік небір алпауыттар атбасын бұра бастады. Солардың ішінде бізге қолайлысы Оңтүстік Кореялық «Самсунг» компаниясы болды. Оның құрамынан құрылған «Қазақмыс» корпорациясы Жезқазған кен орындарын басқаруға алды. Қаржыдан қалжырап тоқтап қалудың аз-ақ алдында қалған өндіріс орындарына корпорация арқылы 204 миллион доллардың инвестициясы құйылды. Бұл өндіріс қан тамырларына нәр берді. Зауыттар мен шахталардың жаңа тыныс-тіршілігі басталды. Рас, осы кезде ел ішінде жер байлығы

сыртқа кететін болды-ау деп әлдебір әңгіменің ауанын ескендер де болды. Бірақ, көп жел сөзге екпінді еңбек, нәтижелі іс нақтылы жауап берді. Корпорацияны шетелден келіп әлдебіреу басқарған жоқ. Өз еліміздің азаматтары билікті қолға алды. Әлемдік деңгейдегі байланыстарды зерделеп саралай білетін, жаңаша ойлап, жаңаша іс басқарудың тәсілдерін жетік меңгерген билікті маман Владимир Сергеевич Ким мен Жезқазған кенішінде өсіп жетілген, шыңдалған маман басшы Руслан Борисович Юн мырзалар корпорацияның жұмысын тіптен де жаңаша ырғаққа бұра білді. Шын мәніне келгенде корпорацияның алдында қиын да күрделі міндеттер тұрды. Ол міндеттер жарты ғасырдан артық кен орындары алынып қазылған шахталардағы жұмысты жаңаша қалыптастыру және тозығы жеткен жабдықтарды жаңалау, металлургия мен кеншілердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын көтеру мәселелері кезек күттірмей тұрған-ды. Сол кезде Кеңестік кезеңінен мұра болып қалған кен орындарының үстіндегі елді-мекендерді жаңа, қауіпсіз аймаққа көшіру осы корпорацияның еншісінде қалды. 400-дің үстінде түтіні бар 4-ші елді мекенінің тұрғындары түгелдей дерлік жаңа қонысқа көшірілді.

Нарық жағдайындағы еңбек қатынастарын қалыптастырудағы корпорацияның атқарған істері аз емес. Бір кезде жылына 100 мың тонна мыс өндіруді қанағат тұтатын Жезқазған мыс қорыту зауыты енді жылына 200 мың тонна мыс өндіру деңгейіне көтерілді. Мұның сыртында Балқаш мыс қорыту зауыты, шығыс Қазақстандағы кен орындары корпорацияның қамқорлығына алынды. Бүгінде корпорацияның құрамында 70 мыңға тарта адам еңбек етеді десек, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы да бірінші кезекте шешімін тауып келеді. Корпорацияның өзінде әлеуметтік салада қызмет көрсететін 80-ге тарта мекеме өз міндеттерін мінсіз атқарып келеді. Қазақстанның өз ішіндегі іргелі, ең мақтаулы емдеу-сауықтыру орындарын өз қамқорлығына алған корпорацияның басшылары Алматыдағы «Ақ бұлақ», «Балқаш» сауықтыру орындарына ұдайы көмек көрсетеді. Бұлардың сыртында Кавказ таулары мен Қырым жағалауындағы сауықтыру демалыс орындарын да өз есебіне алған корпорацияның игілікті істері көпшіліктің ықыласына бөленуде. Жақында ғана Қырым

жағалауындағы «Лучезарный» демалыс орнын сатып алып, көпшіліктің пайдалануына ұсынғанының өзі металлургтер мен кеншілерге, олардың отбасы мен балаларына жасалған қамқорлықтың бір көрінісіндей сезіледі. Шынында да қолдағы мәліметтерге қарасақ жыл көлемінде корпорацияда еңбек ететіндер мен ардагерлеріне ұдайы жасалған қамқорлықтың нәтижесінде 5 мыңның үстінде адам емдеу-сауықтыру орындарында арнайы бөлінген жеңілдіктер арқылы тынығып демалды екен.

«Қазақмыс» корпорациясының ырғақты жұмысының нәтижесінде Жезқазған, Балқаш, Өскемен өңірінде, Қарағанды төңірегінде еңбек ететіндердің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелері басқа жерлерге қарағанда оқ бойы озық шешіліп келеді. Аталған қалаларда тұрғын-үй мен жарық пен жылуға төленетін төлемақы Қазақстан бойынша ең төменгі бағайы ұстап отыр. Бұл әрине корпорация еңбеккерлерінің айлығынан тыс. Жылу мен жарықтың белгілікті бір артық төлемін корпорация өз мойнына алып отыр. Демек, қамқорлықтың қандай түрі болса да қайтарымды қажет етері анық. Бұл ретте кеншілер мен металлургтердің еңбек қарқыны жыл сайын артып келеді. Әр жыл сайын кен қазу, түстіметалл өнімдерін өндіру жоспары артығыменен орындалатын жағдайға жетті. Еңбек адамдарының айлық жалақылары тұрақты түрде атқарған ісіне қарай көтеріліп келеді. Басы ашық бір қағида корпорацияда кешегі Кеңестік кезеңнен қалған «Біріміз бәріміз үшін» ұраны алынып тасталған. Мұнда әркім өзі үшін еңбек етеді. Кім тұрақты таза еңбек етсе, оның табысы да тұрақты мол. Содан да болар Жезқазған жеріндегі кеншілер мен металлургтердің тұрмысы, әлеуметтік жағдайлары еліміздің басқа өңірімен салыстырғанда ілгеріде тұр.

Өндірілген кен көлемімен алынған алтын, күмісті саралап салмақтамай-ақ «Қазақмыстың» халыққа жасап отырған және бір жақсы жұмыстары ол елдің тұрмыс жағдайына көңіл бөлуі дер едік. Корпорация келген он жылдың ішінде Жезқазған, Сәтбаев қалаларында жаңа үлгідегі мешіт, шіркеу салынып пайдалануға берілді. Ш. Ділдебаев атындағы мәдениет сарайы бой көтерді. Сәтбаев қаласының орталығынан жаңа

үлгідегі медициналық-санитарлық орталық салынды. Жезқазған қаласындағы салынған медициналық-санитарлық қалашық әлемдегі ең озық деген медициналық орталықтармен бой теңестіре алады. Сәтбаев қаласындағы салынған спорт комплексінде жақында ғана Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы болып оған оң бағасын берді. Шынында бұл комплекс бірегей ірілігі мен жаңа үлгісі жағынан достастық елдер ішінде алдына ешқандай кешенді түсірмейді. «Бұл тек бізде ғана бар» деп кеншілер мен металлургтер мақтанса мақтанатындай ірі спорт кешені бой көтерді.

Қазір «Қазақмыстың» алдында тағы да бір іргелі істер тұр. Ол енді Республика көлеміндегі қол жеткен табыстарын дамыта отырып, шетелдік алпауыттарды да мойындату. Лондондағы сауда биржасында қазақ мысының ең жоғарғы сапа белгісіне ие болуы жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Германиядағы байырғы кен орнын «Қазақмыс» корпорациясы басқаруға алды. Неміс ағайындары қазақтың белгілі корпорациясының келуін игілікке балап отыр. Жезқазған аймағының өз маңайын барлау ісі де жүйелі жалғасып келеді. Қазір Жезқазғанның оңтүстігіне қарай созылған Жаман Айбат жазығы Жезқазғанның екінші тынысын ашпақ. Солтүстік беткейдегі жаңа кен орындарында ашық әдіспен кен қазылып алына бастады. Ең бастысы өз құрамына небір айтулы-айтулы ірі кәсіпорындарды құрап отырған «Қазақмыстың» алдағы межесі он жылдық белестен де асып тұр. Өзі құрылғаннан кейін құрамынан қалыптастырған «Казкат», «Ұлытау Ботлерс», «Молодежная разрезі», «Жезкент» сияқты бүгінде есімі өзімен қатар аталатын мықтыларды да осы «Қазақмыс» қалыптастырып шығарды. Бұлардың әрқайсысы қазақ мысының даңқының дәуірлеп, атағының аспандауына өзіндік үлес қосып келеді. Бір кезде Қаныш аға армандаған Жезқазған жерінің жайқалып өсуі ғұлама ғалымның ісін әрі қарай жалғастырған оның ізбасарларының ерен еңбегімен құлпыра түсуде.

Республикалық
«Ана тілі» газеті.
21 шілде 2005 ж.

ЕСЕЛЕНГЕН ТАБЫС

Металлургтер мен байытушылардың маңдай терінің әр тамшысы ел ырысы мен игілігіне айналып, халық дәулетінің өркендеуіне, өсуіне елеулі ықпал етіп келеді. Олай деп айтуымыз от жалында шыңдалып, байлық бұлағының бастауында тұрған металлургтер мен байытушылардың еселі еңбегінің нәтижесі дер едік. Шынында да жер қойнауынан алынған кен байлығын сұрыптап, сорттап, балқытып, баптап, дайын өнім күйіне жеткізу айтуға ғана оңай болғанымен, іс жүзінде қажырлы еңбек пен қайтпас қайратты қыруар қажет етері сөзсіз. От жалынның алдында кірпік қақпай қас қағып тұру батырдың батырының ғана қолынан келер. Жүрек жұтқан жігіт қана жанар жасқар жалынға жасқанбай қарай алады. Ендеше, байыту фабрикасы мен мыс қорыту заводында еңбек ететіндердің қай-қайсысы болса да нағыз батырлар, жүрек жұтқан жігіттер, ең бастысы ел ырысын еселеуге есепсіз үлес қосып жүргендер. Жыл сайын шілде айының осы күндері тойланатын металлургтер мен байытушылардың төл мерекесі қарсаңында металлургия заводына тағы бір айналып соғып, ондағы еңбек ырғағының жоғары қарқынды қалыпты жағдайда жалғасып келе жатқанына куә болдық.

МЫС ҚОРЫТУ ЗАВОДЫ СЫРТ КӨЗДІ ДЕ ТАМСАНТАДЫ

Мыс қорыту заводына бұрын да, сонау кеңестік жүйе кезінде де, талай барып, ондағы еңбек тынысымен танысқанмыз ойымызға оралды. Онда мыс қорыту заводының сыртқы келбеті де қандай аңғал-саңғал болса, іші де сондай шашыранды жағдайда, үздік-создық созылып жатқан темір-

терсек пен тарам-тарам жолдарға толы болатын. Бірақ, ол кезде оны солай болуға тиісті деп қабылдаған сияқтымыз. Ал, бүгін ше? Тіптен де басқа. Басқа көрініс.

Мыс қорыту заводы аумағына кіре-берістің өзі жинақы қол мен жүйелі жұмыстың белгісін көрсетіп тұрғандай. Ең бірінші завод алдындағы автотұрақтың өзі неге тұрады. Бұрын кім көлігін мініп келіп, қалаған жеріне қалай болса солай қойып кете беретін. Ал, қазір рет-ретімен, әр көліктің өзінің қоятын орны, жолы, жобасы көрсетілген. Көліктердің төбесінен күн өтпейтін көлеңке тұр. Бұл да болса металлургияға жасалған қамқорлықтың басы деп қабылдаңыз. Көлігінің өзіне көңіл бөлініп тұр деген осы.

Одан әрі өткенде завод ішіне кіріп-шығудың өзіндік белгілі ережесі берік әрі қатаң сақтаулы. Рұқсат қағазбен ішке енудің өзі бөгде адамның бұл жерге бас сұқпауын қамтамасыз етіп тұр. Демек, қауіпсіздік шарасы қолға алынған. Ойлағанға дұрыс-ақ. Осыншама алып завод кеңестік кездегідей кім болса сол кіре беретін ашық-тесік алаң емес. Керісінше, иесі бар, күтулі күзетті мекеме екенін кім-кімге де еске салады. Заводта еңбек ететін әр саладағы еңбек адамдары бұл тәртіпке шын көңілді риясыз алғыстарын айтады. Заводқа келер алдында «Мұнда ең бастысы әлеуметтік мәселелерге басты назар аударылған», — дегенді бірнеше мәрте естіген болатынбыз. Осыған орай осындағы әлеуметтік салаларға қызмет ететін орындарға барып көруді мақсат еттік. Ас адамның арқауы деген, алдымен асханаға бас сұқтық.

АСХАНА десе, асхана осындай-ақ болар. Тазалығы тартымды, піскен дәмнің иісі танауыңды қытықтап, тәбетіңді ашқандай. Қай жағыңа назар аударсаң да жып-жинақы тазалық пен ұқыптылық көзге бірден ұрып тұр. Артық айтты демеңіз, ауруханалардағы қайсыбір операция бөлмелерінің өзі дәл осындай тап-тұйнақты болып тұра қояр ма екен-ау. Бұл жерде завод еңбеккерлері арнайы бөлінген талон арқылы тойғанша тамақтанады. Демек, тамақ құнының жартысынан

көбін заводтың өзі мойнына алып тұр. Ал, тамақ сапасы ол нағыз үлкен қалалардағы айтулы-айтулы дәмханалардың өзімен де қатар қойсаң бәйгеге түсіп, бәс тіге алатындай. Мұның сыртында завод аумағында № 66 шаруашылық есептегі асхана жұмыс істейді. Бұл асхана алдындағы № 9 асханадан өзгешелігі сол бұл жерден дәм ішетіндер өз ақшаларына қалаған, таңдаған тамағын сатып алады. Асхананың қасында кондитер цехы жұмыс істейді. Завод еңбеккерлері осында арнайы тапсырыс беріп, түрлі тәттілерді жасатып алады. Ал, дәмді тамақ ішкен, қарны тоқ жанның уайымы жоқ дегенді бұрынғы қазақ білген соң айтса керек. Завод еңбеккерлерінің әр күнінің табысты аяқталуының бір сыры осында да жатырма дедік.

ДЕНІ саудың жаны сау деген де бар ғой. Завод ішіндегі медициналық бөлім кішігірім ауруханалар мен емханалардан асып тұр. Медициналық бөлімнің меңгерушісі Рахима Әбдіқадырқызы Әленова өз қызметінің ойдағыдай атқарылуына мұнда барлық жағдай жасалып отырғанын қуана да тебірене айтады.

— Біздегі бұл медициналық бөлімнің мүмкіндігі мол. Дәрі-дәрмек те, құрал-жабдық та жеткілікті және ең сапалы, ең жоғары техникалық жабдықтармен жасақталған. Тек мінсіз қызмет атқару ғана біздің міндетіміз, — дейді Рахима. Дәрігердің сөзін осындағы әрбір еңбек адамы да қуаттайды. Демек, табыс көзінің және бір сыры осындай мінсіз қызмет көрсету саласының сапасында да жатқан жоқ па?

Металлургтердің және бір мақтанып, көпшілікке көрсетер орны қала бағының ішіндегі «Металлургтердің спорт комплексі» екен. Мұнда көркем фильмдерден көретін үлкен кең зал, спорт жабдықтары, бассейн, гүзар, жаттығу алаңдары қараған жанның жанын жадыратып, жүрегіне жылылық құйып жатқандай. Үлкен теннис залы кірген жанды өзіне еріксіз баурап алады. Бұл жерде ерте де, кеш те металлургтердің өздері де, отбасы да, балалары да қалағанынша келіп,

қалауынша демалып, жаттығып, тынығып, сауығып отырады.

Жезқазған қаласындағы кезінде «Казмедьстрой» тресіне қараған сауықтыру кешені бір кездері қараусыздық күйге ұшырап, жадап, жүдегенін көз көрген. Міне, осы сауықтыру кешенін мыс қорыту заводы өз қарауына алып, қайта жабдықтап, жөндеп, әрлеп, ел игілігіне жаратыпты. Бұл жерде енді спорттық сауықтыру кешені ашылған. Осында тәулік бойы боулинг залы жұмыс істейді. Ал, кешеннің атшаптырым алқабы жап-жасыл қалпында жайқалып тұр. Келешекте мұнда меймандар қабылдайтын қонақ үй комплексі де ашылу жоспары тұр. Дәмханасының өзі мейрамхананың міндетін атқаратындай мүмкіндігі бар. Жаңа кешен жыл бойы жұмыс істеуге жоспарланған. Қазірдің өзінде спорт жарыстарының түр-түрі тіпті, балық аулау жарысы да осында өтіп тұрады. Бұл көңілді демалыс өнімді еңбекке бастағанын танытады.

Мыс қорыту заводының атағын аспандатып, абыройын көтеріп тұрған осындағы негізгі-негізгі төрт цех десек артық емес. Олар: балқыту, шиті құрам дайындау, мысты электролиздеу және күкірт қышқылы цехтары. Бір-бірімен тығыз байланысты жағдайда жұмыс атқаратын бұл цехтардың еңбек өнімділігі жыл сайын жоғары нәтижелермен аталып өтіліп келеді. Мыс қорыту заводында қалыптасқан және бір қағида бар. Ол — Металлургтер күнінен Металлургтер күніне дейін деген қағида. Бұның мәні былтырғы Металлургтер күнінен кейінгі көрсеткіш биылғы мерекеде еселенген түрде өсіп түсуі керек. Жыл бойы металлургтер осы бағытта, осы мақсатта тер төге отырып, жегістіктерге ұмтылады. Биылғы көрсеткіш те жоғары. Мәселен, үстіміздегі жылдың алты айында завод бойынша қара мыс өндіру жоспарлары 119790 тоннаның орнына 119806 тонна болып орындалды. Анод мысы 149373 тонна болып жоспарлы көрсеткіштің биігін алды. Жоспардағы 117733 тонна катод мысы өндірілді. Бұл көрсеткіштер қажырлы еңбектің қайтарымы десек, тер төгіп жүрген озаттар қатары да жаңа есімдермен толығып келе жатқаны қуан-

тады. Биылғы мерекеде әріптестері арасында үздік көрсеткіштерге қол жеткізген бірнеше озаттар есімі қазірдің өзінде белгілі болып отыр. Заводта он бес жылдан бері еңбек ететін Думан Жәбікенұлы Шәйінбаев, жиырма төрт жылдық еңбек өтілі бар Сергей Павлович Шикалов, Әлішер Құсайынұлы Жуанышов және Сейтмахан Жұлбыхарұлы Жайынбаев, Еркін Оспанұлы Тобағабылов, Анатолий Алексеевич Полухин мәртебелі мерекелерін тың табыстармен қарсы алып отыр. Әрине, озаттар есімін тізіп айтар болсақ, ол бір қауым жерге барары анық. Озаттары көп жерге қуандық. Еңбек тәртібі қатаң сақталған жерде техника қауіпсіздігі де ерекше назарда тұрады екен. Ел байлығын еселеп жатқан ерлердің атына қанша марапат, қанша мақтау айтсақ та жарасымды. Себебі, олар ел ырысын еселеп келеді.

Мыс қорыту зауытындағы қайнаған қызу еңбектің түпкі нәтижесі Отан байлығы, ел ырығын еселеу десек, бір кездері жылына 100 мың тонна мыс өндірудің өзін үлкен жетістік көрген ұжым, бүгінде «Қазақмыс» корпорациясының құрамына енгеннен кейін жұмысқа жаңаша көзқарас қалыптасып, жаңа технологияларды игеріп, алдағы межені екі-үш еселеуге қол жеткізді. Қазір металлургтер жылына мыс өндіру жоспарын жылма-жыл жоғарылатып келеді. Бұл үшін мұнда барлық жағдай жасалған. Ол жағдайды жасап отырған әрине, жұмыс ұйымдастыруды жаңаша қолға алған «Қазақмыс» корпорациясы десек, мерейлі мерекенің баршаға ортақ екенін және бұл қуанышқа шын ниетімізбен қуана алатынымызды да айтқанымыз жөн. Демек, металлургтер мерекесі әрбір жезқазғандықтың көптен күтетін, қуана күтетін мерекесі.

**«Сарыарқа» газеті.
№ 59 (7149).
15.07. 2005 ж.**

БАҒДАРЛЫ БАҒЫТ БАЙЛЫҚҚА БАСТАДЫ

Есімі әлемге өзін ғана емес, тұтас республиканы танытып отырған Жезқазған мысының халық игілігіне қызмет атқара бастағанына 70 жыл толыпты. Бастауын сонау қазыналы Қарсақбайдан алған мыс тасқыны бүгінде дүние жүзінің назарын өзіне аударып отыр. Нарықтың ауыр салмағын да табанды еңбекпен қайыспай көтеріп келеді. Бойындағы бар асылын ел игілігіне жаратып жатқан қазыналы өңірдің мақтанышына айналған ірі өндіріс орны Жезқазған мыс қорыту заводы екені сөзсіз. Мереке қарсаңында мұндағы еңбек тасқыны еселенген жігермен ерекше шабыт алған. Жақында завод директоры Қайсар Жұмақанұлы Телешевпен әңгіме-сұхбат өткізудің реті келді. Қат-қабат қауырт жұмыстардың арасында өткен сұхбатты оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

— **Қайсар Жұмақанұлы, Жезқазған мысына 70 жыл деп жатырмыз. Осы төңіректе кішкене ой қозғасақ. Мыс заводының кешегісі мен бүгінгісі, ертеңгісі дегендей...**

— Бұл бірер сөзбен түйіндей айта салатын мәселе емес. 70 жылдың өзіндік мол тарихы бар. Әр жылдың астарында бүгінгі алып заводтың өсіп-өркендеу жолдары жатыр. Сонау Қарсақбай мыс заводынан бастау алған мыс тасқыны әр жыл сайын молая түсті. Ал табысқа еркін кең жол ашылған жылдар десек, ол осы еліміздің егемендік алған, еркін тәуелсіз кезімен сабақтасады. Кеңестік дәуірде қол жеткен жетістіктерімізді бүгінгімен салыстыруға болмайды. Өткен жылдардың белесіне зер салсақ кеңестік жүйе кезінде завод өзінің толық қуатындағы мүмкіндігінде мыс алмаған екен. Ал заводтың өзінің қуаты 200 мың тонна. Бұл межеге Кеңестер Одағы тұсында біздің завод бірде бір рет қол жеткізген жоқ. Еліміз егемендік алып, тізгін қолға тиген кезде 200 мыңдық межеден асып түсе бастадық. Мәселен, 1997 жылы завод бойынша 205 мың 700 тонна катод мысы алынды. Үстіміздегі 1998 жылы бұл меже 211 мың тоннаға жетеді деп күтіп отырмыз. Қазір оның алғашқы межелерінен астық. Демек, биылғы мерекелі жылды 211 мың тонна мыс беру межесінен асып

түсіп аяқтаймыз деген ойымыз бар. Бір сөзбен айтқанда завод өзінің толық қуатынан да тыс мүмкіндікті пайдаланып жатыр.

— **Қайсар Жұмақанұлы, сөзіңізде Советтер Одағының кезінде деген сөз тіркесі қолданылып қалды. Сол жылдары қол жетпеген межеге кейінгі жеті жылдың ішінде жете бастауымыздың сыры неде?**

— Сауалыңызға түсіндім. Бұл жерде басты қадап айтатын негізгі бір мәселе заводқа шын жанашыр иенің келуі. Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көрегендік саясаты, көсемдігі табысты жолға бастады. Әлемдегі ең үздік мүмкіндігі мол инвесторларды таңдай білді. «Самсунг» фирмасы президенттің үмітін ақтады. Қолдарындағы бар қаражатты аямай сала отырып, бүгінгі табысқа жол ашты. Нақтылап айтсақ «Самсунг» фирмасы 1995 жылы 1 миллион доллар жұмсаған еді. Іс қалыптасып, жұмыс жүре бастағаннан кейін 1997-98 жылдары 4,5 миллион доллар қаражат жұмсады. Ал ақшаны беріп отырғаннан кейін оның жұмсалудың нақты қадағалап, бақылап отыратын жаңа жүйе қалыптасты. Бұрын советтік жүйе кезінде бөлінген ақша мақсатты да, мақсатсыз да, орынды да, орынсыз да жұмсалып жатты.

Ал бүгінгі шетел инвестициясының қожайыны бар. Әр тиын есепте. Кіріс пен шығыс, табыс пен пайда сәт сайын таразыланып тұрады. Жұмысты комплексті есептеу, бағдарлау, бағыттау жүйесі қалыптасты. Осы бағыт байлыққа бастады. Қаражаттың көзін тауып жұмсағаннан кейін заводтағы әр цех, әр буын өз мүмкіндігіне сай жұмыс атқарады. Міне, 200 мыңдық меженің биігінен шығуымыздың түп тамыры, сыры, Ел Президентінің инвестицияны дәл тауып, бағыттап беруінде болды. Осыған орай әр металлургтің атқаратын ісі айқындалып, нақтыланды. Қанша жұмыс атқарсақ, сонша табыс табатынына бәрінің көзі жетті. Несін жасырамыз бұрын бірдей разрядпен тең айлықты бөліп алатын. Оның ішінде жұмыс істеген де, істемеген де араласып кететін. Қазір олай емес. Контракты бойынша еңбек тәртібі қалыптасқан. Әркім өзінің атқаратын ісін мезгілінде, уақытында, тиянақты атқаруы керек. Ол болмаған жағдайда бостан-бос келіп кеткендер айлық алмайды. Міне, табыстың және бір сыры осын-

да жатыр.

— Бір кезде «Бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» деген бір ұран көтерілетін және «Бәрі де адам үшін» деп еңбек адамдарына әлеуметтік жағдайлар жасауды ойластырып жатушы еді. Бұл жағы қалай?

— Басын ашып алайық. «Бәрі бірі үшін» дегенді енді «Әркім өзі үшін» дегенмен ауыстырып айтсақ қателесе қоймаспыз. Біреу үшін біреу табыс тауып, басын ауыртады дегенге кім сенеді. Әркім өзінің қабылетіне қарай, өзінің мүмкіндігіне қарай, атқарған еңбегіне қарай табыс табады. Бізде орташа айлық 16700-16800 теңге көлемінде. Ал жақсы жұмыс істегендер 30 мың теңгеден кем айлық алмайды. Салыстырмалы түрде айтсақ Қазақстан бойынша айлық жалақысы жағынан біздің металлургтердің айлығы банктер мен энергетиктерден кейінгі үшінші орында. Бұл көп жайды аңғартса керек. Ендеше жақсы тұрмыс, мағыналы өмір сүргісі келгендер жақсы еңбек етіп, көлемді табыс табуға ұмтылады. Ал, еңбекті абыройлы атқарған адам өзін-өзі толық қамтамасыз етіп, өз жағдайын өзі жасайды. Міне, өткеннен бүгінгінің ерекшелігінің бірі де осында. Бұрынғыдай «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» деп даурығып жүріп, «сен салар да мен салар, атқа тоқым кім салардың» күні өткен. Әркім өзін-өзі, өзіне-өзі қарауы керек. Бүгінгі еңбек принципі осында. Ал жалпы қала өміріне араласып отырмыз. Қаладағы 2-ші шағынаудан, Некрасов, Бейбітшілік көшелері мен Ленин даңғылының бойы мыс заводының қамқорлығында әлеуметтік-экономикалық мәселелерге атсалысып келеміз.

Шағынаудан мен көшелердің тазалығы, басқа да мәселелер назарымыздан тыс қалып жатқан жоқ. Қала ортасындағы «Жастар паркі» деп аталатын парктің ішінде спорт комплексі салынып, пайдалануға берілді. Ал кәсіподақ тарапынан демалыс орындарына барып, тынығып қайтып жатқандар, денсаулығын түзетіп емдеу орындарында болғандар ол күнделікті қалыпты жұмыс жағдайына жатады.

— **Заводтың алдағы атқарар істері жайлы бірер сөз.**

— Заводқа жаңадан фин әріптестерімізден аспалы құю машинасын алдық. Ол іске қосылды. Оны жетілдіре түсу де

ойымызда тұр. Бұл дегеніміз анодты мысты автоматты құюдың жаңа сатысын өттік дегенді аңғартады. Ендігі басты бір назарда тұрған мәселе заводта газды азайту дер едік. Осы бағытта газды азайтуға бағытталған жұмыстарды қолға алдық. Келешекте Балқаш пен Жезқазған мыс заводтарында да лаға газды бос жібермеу бағытында комплексті жұмыстар атқарылады. Оның сыртында табысты молайтудың жаңа жолдары іздестіріліп, ол жүзеге асырылатын болады. Бір сөзбен айтқанда, Жезқазған мысы әлемдегі өзінің орыны мен бағасын тұрақты да жоғары ұстап тұру үшін қажыр-қайрат пен ізденісті, жемісті істерді жүйелі жалғастыра береміз. Оған мүмкіндік те, қаражат та жеткілікті. Бүгінгі мен алдағы жылға өлшем емес. Жыл сайын табыс баспалдағын биіктете береміз. Алда Жезқазған мысының 70 жылдық мерекесі тұр. Бүгінгі таңдағы басты бағыт сол мерекені тұтас ел болып табыспен тойлауға қол жеткізсек дегенге сияды.

ЗАВОД директорымен қысқаша болған сұхбатта көп әңгіменің түйіні ағытылғандай болды. Қыруар жұмыс, қатқабат болып бір қолды екі ете алмай жатқанда жақсылықты елге жеткізсек деп жүрген журналистер қауымының өтінішін жерге тастамай, алтын уақытынан бөліскені үшін Қайсар Телешевке рахмет айтып қоштастық. Онымен болған бес-он минуттық әңгіме үстінде де завод директорының телефоны тыным тапқан жоқ. Цехтағылардың әрқайсысына жеке-жеке тиянақты қысқа да нұсқа тапсырма беріп, бағыт-бағдар сілтеп отырған қабылетті басшының ертеңге деген сенімі нық, байламы берік екеніне қуандық. Қуана тұрып еліміздің болашағы үшін Жезқазған мысы шешуші сөзді айтады-ау деген мақтаньш сезімі бойды кернеді. Мәртебелі де жауапты істің басықасында да қолынан іс келетін, елім деп ертеңін ойлайтын азаматтар болғанына шаттандық. Ықылас пейілімізді білдіре тұрып завод директорына, оның ұжымына, «Қазақмыс» корпорациясы басшыларына жаңа табыс тіледік. Завод табысы молайса елдің ертеңі жақсарады деген сеніммен аттандық.

«Сарыарқа» газеті.

№ 119 (193).

9 қазан 1998 ж.

ЖЕЗДАРИЯ, ЖЕЗБҰЛАҚ

ТҮСПЕСІН ОТТАН МЫСҚАЗҒАН

Қазанда мыстың қайнауын көрдім,
Диірменнің тасты шайнауын көрдім.
Байлықты тауып шарқ ұрып жүрген,
Еңбектің ерен жайлауын көрдім.
Майталман жігіт балқытқан мысты,
Жинаған бойға таусылмас күшті
Хас батыр нағыз осы ма дерсің,
Дулыға киген келбеті сұсты.
Келбеті сұсты, жанары шоқтай,
Жігері жалын, жүрегі оттай.
Қаймықпай қолды келеді бастап,
Нарықтан мынау хабары жоқтай.
Жанары шоқтай қарып тұр мысты,
Жүргізген солар алып құрылысты.
Мысқазған барда, мысшылар барда,
Жақсартары анық халық тұрмысты.

ИЯ, — ЖЕЗДАРИЯ, ЖЕЗБҰЛАҚ! Естуге қандай ғаламат, айтуға қандай сүйкімді. Айта бергің де келеді, қайталай бергің де келеді. Қайталаған сайын, ерекше бір шаттық, ерекше бір қуаныш билеп кетеді екен денеңді. Сол шаттықтың, шабытымен төгіп-төгіп өткендей боласың бір еңбек жайлы жазылмаған жаңа өлеңді.

ЖЕЗДАРИЯ, ЖЕЗБҰЛАҚ! Сонау түпсіз шыңырау тереңінен, қазақ деген халықтың қаршадай ғана кішкентай Қарсақбай деген қара шалының қой жая жүріп ойымен болжап, қиялымен шолған кең даладай кеңді зеренінен толқындай тасып, шабыттай шалқып, сарқырай аққан жезбұлаққа артық кемі жоқ міне, аттай тура 70 жыл толыпты. Осынау жалаулы жетпіс жыл, алаулы жетпіс жылдың белесіне көз салып, бер-

геніне зер салсақ жездария, жезбұлақ сәт сайын толысып, кемеліне келіп, елге байлық, ерге бақыт болып қонып, мерейді асырып, дәулетті тасытқанына көңіл өсіп, жаның марқайып, жүрегің жырға толғандай болады.

Жезбұлақтың жарқыраған мың-мыңдаған маржан мөлдір моншақтары жолында қаншама тер төгілді. Төккен тердің өтеуі елге несібе болып, байлық болып берілді. Кешегі ел басына зұлмат болып төнген ашаршылық нәубетте қазыналы Қарсақбайға жетіп құлаған жанның қарны тоғайып, ертеңіне үміті оянды. Аштық жайлаған азынаған өлкенің төрт бұрышынан түгелдей дерлік тіршілік тұрбасы атанған Қарсақбай мыс қорыту зауыдының қос тұрбасынан шыққан түтінді бір көруге зар болып ағылып, сол түтінге жетсе өзегін жалғап өлмейтініне көзі жеткен қазақ «Жері байдың — елі бай» дегенге өздерінің де, өзгенің де көңілін сендіріп қана қоймай, көздерін де жеткізді.

ЖЕЗДАРИЯ, ЖЕЗБҰЛАҚ шалқып-толқып тасқындай түсті. Мыс бұлағын толқытқан қазақ деген қарапайым бір ел барын сол кездің өзінде-ақ бүкіл әлем елең етіп ескере бастап еді. Дүйім жұртқа «мен қазақтың ішіндегі ең кішкентайымын» — деп көргеннің көзін сүйсіндіріп, талайды тамсандырған Қаныш атты ғажап ұл қасиетті халықтың болашағы мыс толқынымен сабақтаса түсерін оймен болжап, қолмен қойып кеткендей. Еліміздегі еңбектеген баладан, ел бастаған данаға дейін Жезқазған — Қаныш есімін қатар қойып айта бастады. «Жездария, жезбұлақ» десек, ойымызға енді еріксіз Қаныш ата оралып, көмейіңнен күмбірлеп күй төгіліп жүре береді.

Мыс толқыны жалындай лаулап, елге ырыс болып құйыла бастағанда Қарсақбай мыс зауыды жылына небәрі 5 мың тонна ғана мыс қорытады екен. Сол кездегі өлшеммен алғанда қол жетпейтіндей болып көрінген 5 мың тоннаңыз бүгінгі күннің ерлерінің өлшемінен кейін тұр. Рас, сол 5 мыңдық меже кезінің өзінде бүкіл әлем қазақ металлургтерінің рекорд-

тық көрсеткіштеріне елең етпей қалған жоқ. Қаншама тер төгілді. Соншама мың таспадай болып өрілді. Бүкіл ел түгел таныды мыс балқытқан майталман Өсербай Үдербаев, Мұзапар Жүсіпов, Хамза Байзақов, Байтас Мәмбетов, Қозыкен Жанпейісов сынды нағыз ерлерімді. «Қазақтың қолынан қой бағу ғана келеді» дегендердің бәрінің ауызына сөйтіп құм құйылды.

Дүние жүзін соғыс өрті жайлағанда әлем тағы да Қарсақбай, Жезқазған мысына көз тікті. Жезқазған мысы фашизмнің ордасына от болып құйылды. Бүкіл жігер-қайрат, күш мыс қазанға жиылды. Осында қайнап, құрыштай бекіп, шыңдалып жауға оқ болып атылды. Жауға деген кекті қажырлы еңбекпен жеткізіп, жеңісті жақындата түскен металлургиягердің алдыңғы қатарында Әлкебай Нұрғалиев, Тұрсын Смайылов, Әбутәліп Оразаев бастаған рекордшы жігіттер жүргенін біз ұмытқанмен тарих ұмыта қойған жоқ, ұмытпайды да. Байлықтың да, бақыттың да, шаттықтың да бастауы болған Жезбұлақ арнасынан асып, бүкіл әлемге сары алтынға бергісіз жарқыраған жүзімен, жанар арбар сипатымен таныла бастады. Дүние жүзіндегі мыс базарында өн бойындағы қасиеті төрт тоғызбен түрленіп талайды тамсандырды. Тамсандырып қана қойған жоқ, талайды мойындатты.

— Шіркін, сары алтынға бергісіз Жезқазғанның мысы-ай! — деп талай кәсіпкер, талай алпауыт тісінің суын сорғанын да ұмыта қойған жоқпыз-ау. Рас. Одақ ыдырап, әркім өзімен өзі болып, құрылым өзгеріп, қоғам қайта құрылып жатқанда, халыққа нарық қақпаны түскенде тарықпаған жан қалмағанда, тағыда бүкіл ел жез дариялы, жез бұлағы шалқыған Жезқазған мысына үміт артты. Сенім білдірді. Елбасымыз Нұрағаның өзі Жезқазған мысын инвесторлар арқылы ел игілігіне жаратуға бағыт берді. Дана да дара саясат, байлыққа бастаған бағыт адастырған жоқ. Қайта сонау Кеңестік кезеңде қол жетпеген табысқа енді келіп қол жетті. Жезқазған мысын өз қарауына алған «Самсунг» компаниясы қолында

барын аямай жұмсап, сәл сүрінген Жезқазған кен-металлургия комбинатын қолтығынан демеп, аяғынан тік тұрғызды. Тұнғыш рет Жезқазған мыс қорыту комбинаты бір жылда 215 мың тонна мыс өндіріп, тағы да әлемді таң қалдырды.

Қасиетіңнен айналайын, қара жер. Топырағың торқа, суың бал, ауаң жұпар десек те, алтының мен мысыңа, байлығыңа сөз де тең келмейді, тең келмейді екен еш бір есеп те. Миллиондарың да, миллиардтарың да жездария, жезбұлақтың алдында бас иіп билей жөнелерін өзге емес дәл осы «Қазақмыс» корпорациясының бүгінгі қарымды істерінен көріп те, біліп те жүрміз. Нағыз иесінің қолына тиген Жезқазған мыс қорыту зауыды бір кезде өндіріске қазақ жастары жоламайды деген желеуді тағы да жоққа шығарды. Бастарына дулыға мен оқ өтпес сауыт киінген ерлердің қолбасшысындай болып Қайсар Жұмақанұлы Телешев қазақ деген халықтың кешегі Қаныш сынды алыптың ізбасары барын, игі істерінің ілгері басарын, жалғасарын, жарқын дәлелдеп, жасампаз ісімен көрсетіп келеді. Жылдар белесінен өз межесін алған Жезқазған мысының бүгінгі өлшемі — бірлік, береке, байлықпен өлшенеді. Ал, бұл жолда егемен елдің ұлдары Елбасы Нұрсұлтандай асыл азаматтың айтқанын екі етпей, ел үшін, жер үшін, өздері үшін аянбай тер төгіп, нарықты ерттеп мінген тұлпарына айналды. Жез дулығалы, жез сауытты Жезқазғандық жігіттер жездария, жезбұлақтың толастамауын қамтамасыз етіп қана қоймай, ғасырлар тоғысындағы керемет керуенге ғажайып табыспен бармақшы.

Жездария, жезбұлақ толқындай берсін, солмасын!

Бүгінгі Жетпіс ғасырларды — ғасырларға жалғасын!

Жеңісті қанат талмасын!

Ерлерім ісі туған елге арнасын!

**«Сарыарқа» газеті.
21 қазан 1998 ж.**

ӨНДІРІСТІҢ КҮРЕ ТАМЫРЫ

Жезқазған жерінің байлығын баршаға танытып отырған «Қазақмыс» корпорациясына қарасты өнеркәсіп теміржолы көлігі кәсіпорынның директоры Болат Серікұлы Жүнісов мырзамен еліміздегі жыл сайын аталып өтілетін теміржолшылар мерекесі қарсаңында арнайы сұхбаттасудың қолайлы бір сәті түскен еді. Алып кәсіпорынның күретамыры саналатын болат жолдың өндіріс саласындағы алар орны ерекше екені белгілі. Осыған орай төл мерекелері қарсаңында темір тұлпарды тізгіндегендердің қол жеткен табыстары мен алдағы міндеттері туралы ой бөлісуге тура келді. Енді соны оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

— Болат Серікұлы мырза, әңгімемізді алдымен дәл осы өзіңіз басқарып отырған «Қазақмысқа» қарасты өнеркәсіп теміржол көлігі кәсіпорнының тарихына қысқаша таныстырудан бастасаңыз қалай болар еді?

— Әрине, сауал қойылғаннан кейін оған азды-көпті білгенімізше жауап бергеніміз ләзім. Себебі басқа емес, өзін еңбек ететін кәсіпорынның тарихы дегенде үнсіз қалуға әсте болмайды ғой. Демек, сізді тарих қойнауына бағыттасақ, онда, сол өткен ғасырдың отызыншы жылдарына зер салуға тура келеді. Қазақ өндірісінің қарашаңырағы атанған қарт Қарсақбай мыс қорыту зауытының іске қосылуымен біздің теміржолдың тарихы бірге қаз-қатар өрілген. Сол кездегі ең тиімді, ең қадірлі тасымал көлігі болған Қарсақбайдағы тар табанды теміржолда жүк тасыған пойыз бүгінде Жездідегі тау-кен мұражайында тұр. Қарсақбайдан басталған кен тасымалдау ісі кейін Ұлы Отан соғысы жылдарында тіптен өрістеп, санаулы күндері салынып біткен Жезді марганец кенін үдете тасуға жалғасты. Одан кейінгі бесжылдықтар белестерінде де Жезқазған өнеркәсібінің теміржол көлігі кәсіпорнының көрікті қолтаңбасы қалды. Ал, шын мәнінде өнеркәсіп теміржол көлігі кәсіпорнының екінші тынысы «Қазақмыс» корпорациясының құрамына кірумен тікелей байланысты.

— Директор мырза, енді осы жерде «Қазақмысқа» кіру дегеннен шығады, кеніштерде өндірілген кенді тасымалдаудың да өзіндік бір ерекшелігі мен өзгешелігі бар шығар. Бұған не айтасыз?

— Тасымалдау дегенде, тиеп бергенді жеткізудің қандай қиындығы бар — дегенді де ойға алып отырған шығарсыз. Оныңыз да дұрыс дейік. Былайғы жұрт қайдан білсін, әлгі сіз айтқандай — біреу тиеп береді, анда апарып бер — деуі мүмкін ғой. Бірақ өкінішке орай, кен тасу екі шелек су алып келу емес. Жүздеген тонна кен тиелген керуенді болат жолдың бойында, аударып алмай, дер кезінде айтылған уағында, минутына минут дегендей, дәлдікпен жеткізу шебердің шеберінің қолынан келетін іс. Бұл ретте барша теміржолшыларға ортақ темірдей тәртіп бар. Ол болмаса бола ма? Міне, осындай бұлжымас заңға айналған тәртіпті нығайтуда, еңбек өнімділігін арттыруда, жаңа техникаларды іске қосуда, басшылық буынына нарық заңын қадағалай отырып, еңбектің атқарылуына немесе түпкі нәтижеге орай еңбек ақы төлеу жолдарын ұсынып, оның орындалысына қол жеткізуде «Қазақмыстың» қосқаны да, бергені де, үйреткені де ұшан-теңіз деп бүгінгі күні ашық айта аламын.

— Дұрыс-ақ. Енді, осы кәсіпорынға қарасты теміржолдың жағдайы, ұзындығы, дегендей мәліметтен сыр шертсеңіз. Анығына келгенде, жолаушылар тасымалдау темір жолында бірнеше бекеттер, бөліктер барын білеміз. Ал, сондай станция, разъездер сіздерде де бар ма?

— Болғанда қандай. Бар. Жалпы біздің теміржол көлігі кәсіпорнына қарасты теміржолдың ұзындығы 422 шақырым болады. Міне, осы жолдардың ұзына бойында 9 станция, 5 разъезі бар. Мұның сыртында биыл тағы 168 километр теміржол қосылмақшы. Бұл қашықтықтағы теміржолдың тұрақты әрі қалыпты жұмыс істеуі үшін оған 2 станция мен 4 разъезд салынып, пайдалануға берілемек. Демек, жол ұзақтығы алдағы жылы 590 шақырымға ұзармақшы.

— Жолдың ұзақтығы жақсы екен. Енді сол жол бойымен таситын жүктеріңіз жайлы айта кетесіз бе?

— Айтайын. Өнеркәсіп теміржол көлігі деп кәсіпорынның

өзінің аты айтып тұрғандай, біз негізінен ел байлығын елдің өзіне қайта оралтып жеткізушіміз десек нақтырақ болар. Асылы, біздің таситын жүгіміз — кеніштерден өндірілген кен өнімдерін байыту фабрикасы мен зауытқа кідіріссіз тасып жеткізу болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, кен тиелген пойыз керуенін көрсеңіз, онда біздің ісімізді танып, біліп, түсіндім дей беріңіз. Ал, оны цифрға айналдыра айтсақ үстіміздегі жылдың алты айындағы жүк тасу өткен 2004 жылдың аталған мерзімімен салыстырғанда 108,9 пайызға немесе 459.084.790 тонна жүк тасылды. Мұның өзін талдап айтсақ, кен тасу өткен жылдың алты айымен салыстыра қарасақ 113,9 пайызға немесе 13.993.602 тонна болды. Мұның сыртында 3.595.051 теңгенің қызметі көрсетілді, ретіне орай 23471 вагон тасымалданды.

— Бұл да түсінікті болды. Айтайын дегенім, жалпы сіздердегі теміржолдың жағдайы қалай?

— Жолды ешқашанда жаман деп айтуға болмас. Ол жақсы болсын, жаман болсын — жол, жолың болып саналады. Демек, жолдың аты жол. Оған күтім керек. Әсіресе болат жолдың күтімі бөлек. Оның әр метрінің өзіндік ерекшелігі бар. Тегістеліп төселген шпалдың үстіндегі рельстердің майыспауы, төзімділігі, беріктігі үнемі бақылап байқап отыруды, сәл ақауы бар немесе осы жерде қауіптілеу деп көңілге күдік келген жолдың бөлігі тұтастай, не ішінара ауыстырылып, жаңартылады. Біз алдын ала жүргізген зерттеу жұмыстарымызға қарап алдағы суық түскенге дейін 35000 дана шпалды түгелдей ауыстырып, оларды жаңасымен алмастырамыз. Сондай-ақ 21 бағыттаушы бөлікті және 1400 тонна рельсті де ауыстырамыз деп белгілеген едік. Қазір бұл істер рет-ретімен атқарылып жатыр. Сөз орайы келіп тұрғанда жаңадан 168 шақырымдық Жаман Айбат кеніне баратын темір жол салуымыз да биылғы жылдың үлесінде тұрғанын айта кетейін. Бүгінгі күнге бұл жолдың 60 шақырымы салынды.

Жол туралы айтқаннан кейін біздегі локомотивтерді жөндеу, вагон құрамдарын жөндеу істері де өзімізде атқарылатынына назар аударта кетейін. Мұның сыртында тұтастай

берік байланыс барын да біле кеткен артық болмас. Байланыс орталығы мен машинистердің жол бөліктеріндегі белгі берушілердің арасындағы байланыс бір секундқа да үзіліп көрген емес, үзілмейді деп батыл айта аламын.

— Атқарылған істер баршылық екен. Оған біз де қуаныштымыз. Осыншама істер, сөз жоқ, адам күшімен атқарылады десек, озаттар да көп шығар?

— Дұрыс айтасыз. Озаттар көптеп саналады. Біздегілерді түгелдей дерлік озаттар десек те болады. Әйтсе де «жүзден жүйрік» дегендей, озаттардың ішіндегі озаттарға тоқталсам, жоспар орындауда үнемі көш басында жүрген локомотив машинисі — В.М. Смернягин, А.И. Булгаков, локомотив жөндеу жөніндегі шебер — А.И. Кондрашин, вагон бақылау жөндеушісі — И.И. Түлкібаев, жол монтері — Т.М. Жұманов, белгі беру постысының кезекшісі — Г.В. Шеонга, жүкшілер бригадирі — В.И. Иванов, электромонтер — В.Н. Белокуров, мотор жөндеуші — М. Айтбаев, вагон жөндеу және пайдалануға беру жөніндегі шебер — А.И. Бендер, пойыз диспетчері — Г.Н. Айранбаев, желілік-дәнекерші — Н.Ф. Чугунов және локомотив машинисі М. Рахметов есімдері қай кезде де құрметтеп айтуға лайықты.

— Озаттар көп жерде әлеуметтік сала да жақсы жолға қойылған болар?

— Әрине, «тұрмыс көңілді болса, еңбек өнімді» болады деген емес пе? Кәсіподақ тарапынан ұсынған әр ұсыныс әкімшілік жағынан тұрақты түрде қолдау тауып отырады. Еңбек етіп жүргендердің айлықтары жақсы, тұрмыс жағдайларына қолайлы көмек беріледі. Ардагерлер де есімізде. Бұл жағынан алғанда жақсы деп айта аламыз. «Қазақмыстың» емдеу-сауықтыру орындарында біздің теміржолшылар да еңбек демалыстарында дәрігерлік жолдамалар бойынша барып, емделіп, тынығып, демалып келеді. Бір сөзбен айтқанда, корпорацияның әлеуметтік салаға бөлген назарынан біз қалыс қалып жатқанымыз жоқ. Содан да болар жылма-жыл төл ме-рекемізге толымды тартулармен өзімізге белгіленген негізгі жоспарды кен тасымалдау ісін асыра орындаумен қарсы алып

келеміз. Бұл біздің дәстүрімізге еніп кетті десек те болады.

Мұрат Рахметов, «Қазақмыс» корпорациясы өнеркәсіп теміржол көлігі кәсіпорнының локомотив машинисі. Оның мамандығы — теміржолшы. Бұл жалпы айтыла салса да, өзін осы саладағы ең қажетті бөлікте еңбек ететіндердің санатына санайды. Себебі ол локомотив машинисі. Бұл мамандықты меңгергеніне де биыл тура отыз жылға айналды. Әлі есінде осында жұмысқа тұруға ниет етіп келгені. Сонда оған вагон құрастырушыға көмекші болып барасың деген. Ол вагондарды бұрын сыртынан ғана көріп жүріп вагонды құрастырады-ау екен, оны жөндейді-ау екен деп тіпті де ойлап та көрмепті. Сөйтсе оның өзіндік маңызы бар болып шықты. Ден қоя кіріскен ісін тез меңгеріп шығу оның бала кезден бойында бар қасиет болатын. Вагон құрастыру ісін үйреніп алды. Көңілі локомотивті жүргізуші болсам дегенге ауа берді. Бұл ойын басшылар да құптады. Қысқасы локомотивті жүргізуді үйреніп қана қоймай оны меңгеріп алды. Содан бері болат жолдың бойында жүк тиелген жүздеген вагондарды уақытылы, белгіленген жеріне жеткізіп келеді. Осынау жылдар ішінде жолында еш кедергі болған жоқ. Болат жолдың үстінде, ел ризығын тасымалдап келеді. Жол үстінде жүргенде кейде кен қазған кеншінің, мыс балқытқан металлургтің мол табысының дәнекері, себепкері негізі осы біздер — теміржолшылар болар деп ойлайды. Шынында да алынған кен кезінде байытушыларға жетпесе бола ма? Міне осы жағы оның санасына берік орнап қалған. Ел игілігі, Отан байлығын тасып жеткізуден артық бақыт болмас. Бұл нағыз еңбек бақыты. Ал жылына бір келетін теміржолшылар күнін табыспен қарсы алу оның дәстүрлі ісі. Биыл да сол үрдістен жаңылысқан жоқ.

«Жезказганская газета» — «Дауа».
3 тамыз 2005 ж.

КЕН БАЙЫТУ —

БАЙЛЫҚТЫҢ БАСТЫ БҰЛАҒЫ

Жезқазған мысының атағы аспандап, әлемдегі ең сапалы өнімдердің ішінде төрт тоғыздықпен таңбаланып, көргеннің көзінің жауын алатын алтынға бергісіз абыройға ие болғанына қаншалықты мерейленсек, онда, сөз жоқ, кен қопарған кеншінің бағын жандырған, мыс балқытқан металлургтердің мәртебесін көтерген бір сөзбен айтқанда, кенші мен металлургтердің арасындағы аспалы көпір қызметін атқарып келе жатқан кен байытушылар десек, өзінің аты айтып тұрғандай барлық байлықтың бастау бұлағы осы Жезқазған кен байыту фабрикасы болатынын, болып қала берерін әркезде де орында мақтан еткеніміз жөн. Себебі, бүгінде мыс қорыту заводы мен кен шахталарының табысының шын мәніндегі жарқырай көрінуі, сөз жоқ, байытылған кеннің көлемімен өлшенетінін, байытушылар еңбегінің жемісі болып табылары еш дәлелдеуді қажет етпейтін басы ашық шындық. Демек, байлық бастауы кен байыту фабрикасының кешегісі, бүгінгісі, ертеңгісі жайлы әңгіме қозғасақ. Маңдай терін туған елдің дәулетін асыруға аянбай төгіп жүрген байытушылар туралы айтқанымыз, айтқымыз келгені болар. Осыған орай Жезқазған кен байыту фабрикасы № 1, 2 өндірістік кәсіпорын директорының әлеуметтік сала жөніндегі орынбасары, есімі өңірге, республикаға кеңінен танымал, ел ағасы ҚАБЖАН КҮСЕНОВ мырзамен болған тілші сұхбатын оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік.

— **Қабеке, байыту фабрикасының өткені туралы, болмаса бүгінгі жайлы әңгіме қозғала қалса, алдымен сөзді неден бастар едіңіз?**

— Сөзіңнің төркінін түсіндім. Жалпы алғанда, кен барлау ісінен бастап оны қазып алу, одан кейін оны байыту, ең соңында одан өнім алу, сату жұмыстары бірімен бірі жіпсіз байланысып жатқан жүйелі, бір арнадағы толқын сияқты. Бұл еңбек процесінде бір жерде кінәрат, не ақау болса, онда тұтас жүйеге кедергі қолбайлау болады. Сондықтан да кенді тауып барлап анықтау бар да, оны қазып алып өндіру бар. Хош, сол қазып алған кенді енді ұнтақтап елеп, екшеп, өңдеп

байыту қажет. Онсыз кен өз бетінше мыс қорыту зауыдына жетпейді. Демек, осы аталған жүйе жеке-жеке өз бетінше ешқашанда нәтижеге қол жеткізе алмайды. Сондықтан да кенді тауып, аршып алғаннан бастап, оның соңғы өніміне қол жеткенге дейінгі аралықтағы атқарылар істердің бәрі-бәрі ортақ талаптар негізіндегі үйлестірудің нәтижесіне байланысты болады. Содан да болар, бар байлықтың басы — байытудан басталады деп бекер айтпаса керек.

Ал, енді тікелей әлгі сауалыңа келер болсақ, кен байыту фабрикасының жеке өзінің тарихы да осы кенді өлкенің тыныс-тіршілігімен тікелей байланысты. Өткен жылы фабриканың өзінің елу жылдық мерекесі орынды атап өтілді.

Фабриканың өзінің бүгінгідей дәуірлеуі, әңгіменің ашығын айтсақ, «Қазақмыс» корпорациясының құрамына 1995 жылы кіруімен тығыз байланысты. Кешегі Кеңестер одағы ыдырап жер-жердегі байланыстар үзілген сәтте фабриканың жұмысы тұралап, тоқтап қалудың сәл алдында ғана болды. Сол бір қиын кезде кен байыту ісі 57 пайызға дейін төмендеп кетті. Техникалардың бәрі ескірген, тозған. Қосалқы бөлшектер жетіспейді, еңбек адамдарының жағдайы да, көңіл-күйі де төмендеген еді. Міне, сол қиыншылықтан Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тығырықтан шығар жол тапты. Шетел инвесторларына алып өндірістерді бірігіп басқаруға ұсынды. Нәтижесінде Жезқазған сияқты алып кен өндірісті аймақ түлеп сала берді. «Қазақмыс» корпорациясы қарауына алған кәсіпорындарды жаңаша нарықтық экономика негізінде басқару принциптерін ұстанды. Сан жылдардан бері «саудасы» бітіп тұрған техникалардың орнына жаңа қуатты жабдықтар әкелді. Нақтылап айтсақ өндірістегі жабдықтардың 70 пайызы ә-дегенде-ақ жаңартылды. Мәселен, КМД-2200 ұсақ ұнтақтау диірменнің орнына қуаты мол КМД-2200Т/1 диірмені қойылды. Сол сияқты орташа ұнтақтайтын КСМД-2200 Гр-ВД диірмені еңбекке жаңа леп берді. Айта берсек мұндай игілікті істер жеткілікті. Мұның бәрі айналып келгенде сапалы кен байытуға мол мүмкіндік ашты.

— Енді бір сауалдың реті келіп тұрғандай. Сөз арасында техника жаңарды, жағдай жақсарды дедіңіз. Дұрыс-ақ. Оған қуаныштымыз. Ал, еңбек адамдарына қандай жақсылықтар жасалып жатыр. Осы төңірегінде

тоқтала кетсеңіз.

— Әрине, қандай техника болса да, қандай жұмыс болса да адам арқылы атқарылады. Сондықтан да адамға қамқорлық қашан да бірінші кезекте тұрады. Айтатын ісіміз жеткілікті. Тек мұның бәрін бос мақтаньш үшін айтып отыр деменіз. Бізде, жалпы «Қазақмыста», еңбек адамына қамқорлық жасау мәселесі жақсы жолға қойылған. Мен кешегі одақ көлеміндегі, әрісі шетелдердегі өндіріс орындарында арнайы іс-сапарлармен аз болған жоқпын. Өртүрлі деңгейдегі іс-сапарлармен басқа кәсіпорындарда, басқа елдерде болғанда көзім көріп, көңілге түйгендеріммен осы өзіміздегі жағдайларды салыстырсам, сөз жоқ, біздегі жағдайлар кім-кімге болса да үлгі-өнеге етерліктей. Шетелдерде жеке кәсіпкерлер алдымен өз бас пайдасын ойлайды. Негізінен жеке кәсіптің бұл ерекшелігі дұрыс. Дегенмен, «Қазақмыстағы» қалыптасқан жағдай басқа шетелдік қандай да бір алпауыттармен салыстырғанда адамға қамқорлықты ең бірінші мақсатқа ұстайтындығын ісімен де, жұмыс қызметімен де дәлелдеп келе жатқаны анық. Айталық, біздің фабриканың жай сыртқы келбетінің өзі «Қазақмысқа» қарағаннан бері қалай өзгерді. Жұмыскерлердің жұмыс орны бұрын түске кірмеген жағдайда жаңарып, жақсартылды. Жұмыс киімдерінің өзі жаңаша тәртіпті танытып тұрғандай. Кіре берістен бастап, фабриканың аумағындағы аймақтың бәрі жасыл желекке бөленді. Бұл бұрын болған жоқ. Бірақ, қазір осыған көзіміз үйреніп, баяғыдан бері осылай болып қалыптасып келе жатқандай қабылдайтын болдық. Жұмыскерлердің айлық жалақысы еш уақытта да кешіктірілмейді. Әлгінде жаңа жұмыс киімі дедік. Айтайын, 2004 жылы жұмыскерлердің жұмыс киімінің өзіне 77,3 млн. теңге бөлініп, осыған киім алынып берілді. Өткен жылы арнаулы тамақ үшін 17,5 млн. теңге қаралса, жұмыскерлердің сүт ішуі үшін 3,4 млн. теңге жұмсалды. Ал, мұны жалпы түйіндей айтсақ, өткен жылда 108,1 млн. теңге еңбек адамдарының жағдайын жақсарту үшін жұмсалғанын ойға алуға болады. Мұның сыртында «Қазақмысқа» қарасты «Лесной», «Ақ бұлақ», «Мойылды», «Мерке» санаторий-сауықтыру орындарында өткен жылы фабриканың 229 адамы демалды. Жезқазған қаласындағы санаторий-профилакторийде 230 еңбек ардагері өткен жылы демалып емделді. Фабрика-

ның өзінде еңбек ететіндердің ішінде бір жылда — өткен жылы 670 адамға бағалы сыйлық немесе ақшалай шаққанда 13630000 теңгенің сый-сияпаты жасалды. Бұлардың сыртында біздегі еңбеккерлердің, жұмысшы-қызметкерлердің балалары жазғы демалыс лагерлерінде болады. «Жезказганец», «Орленок» лагерлерінде өткен жылы фабрика еңбеккерлерінің 150 баласы тынықты. Сондай-ақ, қаладағы №№ 5, 24 балалар бақшаларына 2003 жылы — 490000, ал, 2004 жылы — 211000 теңгенің ойыншықтары сыйға тартылды. № 4 мектеп пен сазколледжіне демеушілік көмек көрсетілді.

— **Жалпы техника қауіпсіздігі дегенді әркезде айтып қаламыз ғой. Экология мәселесі де тіл ұшында тұр. Бұған не айтар едіңіз?**

— Техника қауіпсіздігі туралы әңгіме қозғасақ, бізде соңғы жылдары бірде бір өндірістік жарақат, болмаса басқадай қауіпті оқиғалар болған жоқ. Бұл техника қауіпсіздігі туралы профилактикалық жұмыстың жүйелі түрде басшыдан бастап, қатардағы жұмыскерге дейін жүргізілгенінің нәтижесі деу керек. Бұл алда да күнделікті күн тәртібінде тұр. Ал, қоршаған ортаны қорғау мәселесіне келсек, жасыл желекке оранған фабрика өз аумағында таза ауаның тұрақты тұнып тұруына ерекше көңіл бөлуде. Бұл мақсатта өткен жылы 593,6 млн. теңге бөлінгенін айтсақ, экология мәселесіне қаншалықты көңіл бөлініп отырғанын ой елегінен өзіңіз өткізе беріңіз.

— **Сізге рахмет айтудың алдында фабриканың болашағы туралы бір сөз айта кетсеңіз дер едім.**

— Фабриканың келешегі зор. Бүгінгі жетістік ертеңге өлшем емес, жалпы Жезқазған мыс қорыту заводы өз жоспарын орындап, асыра орындап жатса, байыту фабрикасының жұмыскер, қызметкерлерінің маңдай терінің өтелгені деп есептеуге болады. Демек, Жезқазғанның жарқын күндері фабрика еңбеккерлерінің жемісті еңбегімен нұрлана береді деп батыл айтуға болады.

— Әңгімеңізге рахмет.

«Сарыарқа» газеті.
№ 43 (7133).
20 мамыр 2005 ж.

Үшінші бөлім

**ЕҢ БАСТЫСЫ —
ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ**

ЖАҢАРЫП, ЖАСАРҒАН ӘУЕЖАЙ

Жерінің асты қазына, үсті ырысты Жезқазғанның аты дүние жүзіне енді-енді танымал бола бастағанда небір болашақты болжайтын дуалы ауыз даналар «Бұл жердің келешегі кемел, ертеңі ғажап» деген екен. Оны әлемге таралған әр түрлі ақпараттардан да, оқып тыңдай білсек, қазақтың біртуар дара дарыны, тұңғыш академигі Қаныш Имантайұлы Сәтбаев осынау ұшан-теңіз байлыққа бөккен өлкенің гүлденетініне еш шүбә келтірмей, білімін де, тәжірибесін де осы жолға арнағаны аян. Ғұлама ғалым Менделеев кестесіндегі барлық элемент кездесетін өмірдің байлығын игеру үшін әлеуметтік салаға, еңбек адамдарының табысқа жетуіне қолайлы жағдай жасауды бірінші кезекте қолға алудың жолын ұсынған. Жезқазған-Ұлытау аймағындағы жер асты байлығын игеру барысында ауыр еңбекпен айналысатын кеншілердің, байытушылар мен металлургтердің демалуы, саулығы, өсуі мен өркендеуі, жер-жерге барыс-келісін қамтамасыз ету туралы өзінің ой толғамдарын 1935 жылы республикалық «Социалды Қазақстан» газетінде арнайы мәселе етіп көтеріп, Ұлытау бөктерінен демалыс үйлері мен сауықтыру орындарын салу, мал, егін, бау-бақша шаруашылығын дамытудың өте маңыздылығына тоқталып, жол қатынасының барлық түріне мән берген екен. Соның ішінде әуе жолы да ерекше айтылып, оған қол жететін кездің алыс еместігіне сенім білдірген.

Қаныш Имантайұлының бұл армандары бүгінде орындалды. Рас, Жезқазған қала мәртебесін алғанша мұнда үлкен әуе кемелерін қабылдайтын әуежай болған жоқ. Тіпті, күні кешегіге дейін дейтіндей облыс орталығы болып тұрғанының өзінде де, Жезқазғанда ауыз толтырып айтатын әуе айлағы жоқ еді. Қала іргесіндегі әуежай аталған екі қабатты жалғыз үй келіп-кетушілерге хал-хадірінше қызмет көрсетіп тұрды. Бірақ, мұнда жергілікті маңыздағы әуе кемелері ғана келіп қонып, ұшып шыға алатын. Қыл көпір іспетті жалғыз аяқ асфальты жолға келіп табан тірейтін ұшақтың соңында құшақ-құшақ шаң көпке дейін сейілмей тұнып қалғанына ешкім де ол кезде таңданбайтын да таң қалмайтын. Әсілі, ол солай болуы заңдылық та сияқты көрінетін.

Әуе жолы осындай жағдайда болса, автокөлік жолдары да оңып тұрмағанын кімнен жасырамыз. Тек, тіке тартылған темір жол ғана, түп-тұзу қалпында күніге бір рет жолаушыларды таситын пойыздың екпінін тежемей тепең-тепең етуге жарап жатты. Міне, осындай, осыдан 40-50 жыл бұрынғы жағдайлардағы қатынас жолдары бар Жезқазған қаласы облыс орталығы болып құрылғаннан кейін басшылардың көбі әуе қызметінің зәрулігіне көздері жетті. Енді қалай, олар да көптен бірге қою шаңды бұрқ еткізіп ұшып-қонып жүргеннен кейін, — әй, бәлем, — деген болуы керек. Бұл іспен, сол кезде қаланы басқарып отырған, қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, облыстық бюроның мүшесі Ошақбай Асылбеков тікелей өзі айналысыпты. Берісі Алматы, әрісі Мәскеудегі шен-шекпенділердің алдына Ошекең жазған өтініш хаттар бірінен соң бірі топырлап түсіп жатты. Онда, облыс орталығы Жезқазғанға «үлкен әуежай керек» дегенді дәлелдейтін тұжырымдар мен тиянақты ұсыныстар тұнып тұратын. Қазақтың «Ұра берсең» дейтініндей, әйтеуір «Ә, пірім, тәңірім» деп жүріп, әуежай құрылысы басталды. Ол ұзаққа созылып, біткеннен кейін де, — «ой, анау жері, ой, мына жері» деген әңгімелер аз болған жоқ.

Әйтсе де, әуежай іске қосылды. Сырты еңселі, келбеті келісті әуежайдан жезқазғандықтар небір марқасқаларды күтіп алып, шығарып салды. Дегенмен енді әдепкіде ұзаққа созылып, салыну технологиясында көптеген кемістіктері жай көздің өзіне көрініп қалатын ұшу-қону алаңы, оның тарлығы мен қысқалығы қайсы бір алып әуе кемелерінің қонуына қолайсыз еді.

Соның салдарынан мұнда шетелге шығатын алып лайнерлердің қонуына, не ұшуына еш рұқсат болмаған. Бір сөзбен айтқанда, техникалық жарақтандырылуы жағынан да, әлемдік стандарт талаптары жағынан да талапқа сай келмеуінен тек өз ішіміздегі кішігірім ұшақтарды қарсы алып, ұшыруға жарамды. Сол кезде «Шіркін-ай, әлемдік талапқа қашан сай келеді екен. Ондай әуежайға қашан қолымыз жетеді» деп жүргенде Одақ оппа түсті де, экономикалық байланыстар үзіліп, жеке-жеке бөлінген елдердің етек жеңін жинауының өзі мұң болды. Бір сөзбен айтқанда, «Тұрымтай тұсына» дегендей, әуежай тұрмақ баспана мен асхананың қамынан аса алмай қалған кез келді.

Тек, Жезқазған ғана емес, тұтас еліміз бет-аузына қарап отырған Жезқазған өндірісінің өзінің сол кезде екпіні басылып, еңсесі жаншылып, есі шығып кетті. Кеніштерде кен өндіру құлдырап, мыс алыбы еңкейіп кетті. Міне, осы кезде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев елге шетелдік инвестицияның көмегі керек екенін айтып, Жезқазғанның өнеркәсібіне шын жаны ашитын инвесторларға қолдау білдірді. Алғашқы қолдауды шетелдік инвестициядан алып, бүгінде тікелей басшылығы бар «Қазақмыс» ЖШС-ның ұтымды істері тез арада Жезқазған кен орындары мен өнеркәсібін аяғынан тік көтерді. Келісімен, әсіресе, еңбек адамдарының әлеуметтік тұрмыстық жағдайына айрықша назар аударуды қолға алған. «Қазақмыс» корпорациясының қамқорлығы көпшіліктің көңілінен шыға бастады. Жезқазған мен Сәтбаев қалаларында бірнеше тұрмыстық-әлеуметтік жаңа нысандар көтеріліп, игіліктің үлесіне қосылды. Өзіне өзі келіп, еңбекшілермен, бұрын еңбек еткен ардагерлерге, олардың жанұясына қамқорлық жасау мәселесі «Қазақмыс» корпорациясының күн тәртібіндегі күнделікті жұмысына арқау болды. Алыс жақын шетелдерге ұшақпен бару мәселесі де осы сәтте ойға оралды. Облыс тарап, ел тұнжыраған кезде әуежайдың да мәні кетіп, азып-тозып, ұшу алаңдарын арам шөп басып кеткен-ді. Жезқазғанда енді ұшақ келіп, қонады-ау, әуежай жөнделеді-ау деп те ешкім ойламайтындай болғанда, бұлттың астынан күн шыққандай болып корпорация әуежайды жөндеуді қолына алыпты — деген бір жылы хабар жүрекке жап-жайлы тиді. Қазақ «Жел болмаса шөптің басы қимылдамайды» деп бекер айтпаған ғой. Шынында да ол сөз тегін емес болды. «Қазақмыс» корпорациясы өздерінің кеніштерді жөндеп, жаңа жабдықтар алуға қаралған бюджетінен қомақты қаржыны Жезқазған әуежайын шұғыл түрде қайтадан әлемдік талапқа сай етіп жасақтауға бөлді. Мұндай шұғыл шешім, әрине, корпорацияның Қырымдағы «Лучезарный» санаторийін өз қарауына алуы, оған баратын мысты өлкенің өрендері мен ерендеріне ұшақ қызметі өте қажет еді. Елдің қамы үшін кенішке, тікелей кен өндіруге бөлінген қаржы енді, алдымен адамға қызмет етуге жұмсалды. Нәтижесі ше? Айтарлықтай.

Әуежайға бұрын барып-көріп жүргендер енді қайтара жабдықтылып, жасарып, жасақталғаннан кейінгісіне зер салса,

айырмашылығы жер мен көктей. Ең алдыменен де әуежай үйінің еңсесі тіктеліп, сырт келбетінің өзі сұлуланып, сымбаттанып кеткендей.

Ал, ішінің мәрмәр тастармен өрілген қабырғалары көрген көздің жауын алады. Жолаушыларды шығарып салу, қарсы алуда да жаңалық көп. Жаңа үлгідегі жабдықталған кеден және реттеу бөлмесінде бұрынғыдай іркес-тіркес кезек көрінбейді. Қаз-қатар тұрған екі қабылдау кабинасы мүлтіксіз қызмет көрсетіп тұр. Ең бастысы, қол жүктеріңізді айнадан өткізіп, алдыңа әкеліп түсіретін жылжымалы жүк орнында іркіліс жоқ. Бір жерде, бір сәтте тез әрі жылдам рәсімдеп, жол серіктің қолына ұшу билетіңізді ұсынуға мүмкіндік мол. Әрине, әуе жайдың ең бірден бір көрікті жері болып ені бұрынғыдан едәуір кеңейген, әрі ұзындығы көз ұшына кететін ұшу алаңының сапасы бірден-ақ көрініп тұрғандай. Бір мезетте бірнеше алып әуе лайнерін де қабылдай алатын және оларға мінсіз әлемдік талапқа сай қызмет көрсетудің барлық әдістері мен тәсілдерін қолдануға толық жағдай жасалған. Бұл Жезқазғанның жаңадан жөнделіп қайтадан іске қосылған әуежайының ең басты талап — әлемдік стандартын меңгергенінің белгісі.

Бүгінде, Жезқазған әуе жайынан алыс-жақын шетелдерге ұшуға мол мүмкіндік ашылып отыр. Бұл әуежай жөнделгенге дейін, анығында қайтадан қатарға қосылғанша ұшақпен ұшып шетелге шығу үшін жеті жүз шақырым жол жүріп, Қарағанды баратын жолаушылар енді ол қиыншылықтан толықтай құтылатын сәт те алыс емес. Бұлай деуіміздің және бір сыры енді, мәселе еліміздің әуе жолдарын реттейтін көлік министрлігі Жезқазған әуе жайының мүмкіндігін ескеріп, алыс-жақын шетелден келетін ұшақтарға жол ашса, онда өндірісті өлкедегі кешегі Қаныш армандаған мақсатты тағы бір қырынан көреміз.

Ал, әзірге ғұламаның мұрасына, мақсатына еш қылау түсірмей, сол ізді жалғастырып келе жатқан «Қазақмыс» корпорациясы «Ең басты қамқорлық еңбек адамына» дегенін іспен дәлелдеп келеді. Мына әуежай, соның сөзсіз бір дәлеліндей.

«Жезказганская газета» — «Дауа»
17 наурыз 2006 ж.

КӨРІКТІ ҚОЛТАҢБА

Жезқазғанға 50 жыл. Жарты ғасыр. Былай қарағанда көп те емес, аз деп айтуға да келмейді. Көп демеітіміз атағы аспандап айға жеткен, ғасырларды ғасырларға жалғаған жер бетінде қаншама көркем де ғажап қалалар барын білеміз. Әне солардың жасымен салыстырғанда 50 жыл көп те болып саналмайды. Ал, аз да емес дейтіміз, жарты ғасырлық — 50 жылдық белесінен өткен жолына көз салсақ, сол әлемдік деңгейдегі айтулы қалалардың қол жеткізіп отырған жетістіктерінің денін жез қаласы — Жезқазғанның бүгінгі тыныс-тіршілігінен әбден-ақ көруге болады. Сондайда мыс шаһарының кескін-келбетіне, дамуына дем беріп, өсуіне жол ашқан және оның күнделікті әлеуметтік-экономикалық салалардағы мәселелерін кідіріссіз шешуіне жетекші болып келе жатқан «Қазақмыс» корпорациясы десек, бүгінгі қуаныш құшағына бөленген қаланың көркеюіне корпорацияның қосқаны көп дер едік. Жезқазғанның бүгінгі келбеті «Қазақмыстың» осындағы игілікті істерінің көрінісіндей.

Қалада жүз мыңға тарта халық тұрады десек, осының 35-40 пайызынан астамы «Қазақмыс» корпорациясында еңбек етеді деп батыл айтуға болады. Демек, Жезқазған десек «Қазақмыс» деуіміз орынды болар. «Қазақмыссыз» Жезқазғанды бөліп айту, Жезқазғансыз «Қазақмысты» айту да мүмкін еместей. Осылай десек, Жезқазғанның бүгінгі жарқын келбетінде «Қазақмыс» корпорациясы Акционерлік Қоғамының қолтаңбасы көзге бірден көрінеді, ең бастысы, Жезқазған жас Тәуелсіз Қазақстандағы ең бір жайлы да жылы, тұрақты да тыныш қала атанып келе жатса, бұл саладағы «Қазақмыстың» көмегі мен қолдауын айтпай кете алмайсыз. Қаланы жылумен, сумен қамтамасыз ету кәсіпорынның бір

кездері іркілісті қиын кезеңді бастан кешіргені, жылуды қамтамасыз етуге қажетті мазут жетпей бу қазандықтарының істен шығып, оны жөндеуге қаражат болмай қиналғанда аталған кәсіпорынды «Қазақмыс» корпорациясы қарауына алғаны белгілі. Бұл саланы қалпына келтіріп, қаланы жылумен толық қамтамасыз ету үшін жұмсалған қаржыны бүгінгі күні есептеп айту артық та болар. Бірақ, қыруар қаражат жұмсаған «Қазақмыс» Жезқазғанды жылумен қамтамасыз етті. Бүгінде қала тұрғындары күздің қара суығы мен қыстың ызғарынан ыға қоймайды. Үй жылы, жарық бар, жұмыс орны жеткілікті. Кім-кімнің болса да жұмыс істеуіне мүмкіндік молынан қарастырылған. Бұл ретте «Қазақмыс» Жезқазғанның бұл саладағы проблемаларына жол қалдырмады десек те болады.

Жезқазғанның зәулім үйлері мен ғажап ғимараттары дегенде де корпорацияның аты аталмай қалмайды. Қаланың бір кездегі «Балқаш көшесі» деп аталған бүгінгі Сәтбаев көшесімен қалаға кірген әр мейман, жолаушы, қала тұрғындарының өздері де ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың көркем де көрікті ескерткішіне келіп, оған гүл шоқтарын қоймай өте алмайды. Ал, оны сол тұғырға орнықтырған ғалымның өзі бастаған істерді бүгінде жалғастырып келе жатқан «Қазақмыс» корпорациясы екені баршаға аян. Ескерткіш түбіндегі гүлзар мен аспанға су шашқан фонтан жастар мен балалардың ғана емес, ересектер мен үлкендердің де дем алатын сүйікті орындарының біріне айналған. Ал, бұлардың қасындағы орталық алаңға өң беріп тұрған корпорацияның әкімшілік ғимараты еуропалық үлгідегі үлкен қалалардағы ғажап сәулет өнерін көз алдыға келтіргендей. Қала көркіне ерекше өң беріп тұрған христиандар шіркеуі де корпорацияның кейінгі жылдары қала тұрғындарына тартқан сыйы деуіміз керек. Өткен жылы пайдалануға берілген

«Қазақмысқа» қарасты спорт кешені жастар мен оқушылардың денсаулығын шыңдап, спортпен айналысуына еркін жол ашты. Қазір мұнда жүздеген жас спорттың ондаған түрімен жаттығады. Ең қуаныштысы сол мұндағы жастар арасында ел чемпионаты мен әлем чемпионатының жүлдегері атағын алғандар да бар. Спортқа бөлінген мұндай көңіл мен денсаулыққа мән берудің көрінісі жалғыз бұл емес. «Қазақмысқа» тән қаладағы медициналық орталық бөлек бір қалашық сияқты. Мұнда қонақ үй, медицина қызметкерлерінің тұрғын үйлері, бәрі-бәрі бүгінгі әлемдік стандартқа сай салынған. Сыртқы келбетіне оның ішкі қызметінің мазмұны да сәйкес келіп тұруы көңілді қуанышқа бөлейді. Деев көшесінің бойындағы сауықтыру комплексі, ауызекі тілде «профилакторий» деп аталып кеткен кешенді емдеу-сауықтыру бөлімі жезқазғандықтар үшін ғана емес, осы аймақ тұрғындарының барлығына барынша қызмет етеді. Мұнда жылына орта есеппен 1600-дей адам дем алып шығады. Одан әріректегі корпорацияның бизнес орталығы, Байқоңыр қонақ үйі бүгінгі Жезқазғанның жаңаша бейнесін ажарландыра түскендей. Қаладағы 91-92 ауданындағы коттедждер ойды өсіреді. «Қазақмыс» корпорациясының осындай көрікті қолтаңбасын көргенде еңбекпен ер де, жер де жасарып, көгеріп көркейе түседі дегенге көңіл сенгендей. Бүгінгі қаланың 50 жылдық мерекесі — мысшылардың мерекесі, байытушылардың тойы, демек, тұтас «Қазақмыстың» да тойы деп батыл айта аламыз. «Қазақмыс» барда Жезқазған бар. Ал, Жезқазған барда «Қазақмыс» қашан да әлемдік деңгейдегі өзінің алған биігінен әрі қарай көтеріле берері сөзсіз.

«Алтын Аймақ» газеті.
16.12. 2004 ж.

ҚАНЕКЕҢНІҢ КӨЗІН КӨРГЕН

Бүгінгі «Қазақмыстың» іргесіне тірек болған қазыналы Қарсақбай мыс қорыту зауыты екені аян. Ал, қазыналы Қарсақбайдың кешегісін айтсақ, бүгінгі «Қазақмысын» айтқанымыз болар. Сонымен әрине, «Қазақмыс», Қарсақбай, Қанекең жайлы.

Халқымыздың біртуар ұлы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі аталған жерде қарашаңырақ Қарсақбайдың аты аталмай қалған емес. Қанекең десек Қарсақбайға бір соқпай, ал Қарсақбай десек Қанекең есімін еске алмай кетпейміз. Екеуі де санамызда егіз есімдей қалыптасып қалыпты. Уақыт, заман белгісіндей ғалымның әр басқан қадамынан сыр шертер мұрағаттары да осы Қарсақбай жерінде аз емес. Бүгінгі Жезқазғанның «Қазақмысының» атағы алты құрлыққа толық жетсе, ол сонау Қарсақбайдан қуат алып Қанекең салған жолмен заман биігіне көтерілген алып келбетінің ғажайыптарын аңғартса керек. Сонымен Қазақ елінің түсті металлургиясының тал бесігі болып ел тарихына жазылған Қарсақбайға тағы да жол түсті.

Зауыттың мұржасы көз ұшынан мұнарланып көрінеді. Кең даланың төсінде мен мұндалап тұрған қос тұрба кімді болса да өзіне шақырып «Кел осында, тарихыңмен таныс» деп тұрғандай. Шынында да қазыналы Қарсақбайдың биік үстіртіне шыққанда жүректі шымырлатып, көңіл тербейтін ғажап бір көрініске бой алдырарыңыз да рас. Көз алдында шағын қалашық. Кіреберіс қыр басынан ойға түскенде кешегі дүниені дүр сілкіндірген Қарсақбай мыс зауытының бүгінгі бітім болмысымен сырттай болса да таныса аласыз. Ал одан әрірек озған соң өзеннің екі бетіне жарыла салынған тұрғын үйлер, кеңсе ғимараттары, аурухана, тағы басқа да әлеуметтік

мәдени объектілер көзге бірден түседі. Орталық көшенің өн бойында өзіндік бітім болмысы бар әдемі бір қонырқай біркелкі үйлер бір-біріне жапсарлас жақын бой көтеріпті. Осы көше бойымен адымдап алға басқанда ойыңды бір сәт «Япыр-ау осы көшемен, дәл осы жерменен Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жүріп өтті ғой. Қарсақбайдың әр сүйемі Қанекеңнің тері тамған жері ғой» деп ойға қалғандай бола-сың. Шынында да Қарсақбайдың қай көшесі, қай бұрылысы болса да Қанекеңнің жанарынан қалт қалмай, ғұлама ғалымның көз жұмғанша көңілінде тұрғанына еш шәк келтіре алмайсыз.

Сонау өткен тарих туралы сыр шерткенде Қарсақбай өңірі ондағы сол бір кездердегі өмір жайлы әңгімелегенде аталарымыз алдымен ауызға алатын анау бір тұрған «Рудный двор». Бала кезден естіп өскендіктен бе Қарсақбайдағы сол Қанекеңнің өзі бар кезінде қалыптасқан көшелердің аттарын біріненсоң бірін іштей қайталап келемін. Мына бір көше — Жосалы көшесі аталатын.

Ғұламаның өзі көзі тірісінде тұрған үй бүгінде мұражайға берілген. Қанекең мұражайы қасында қазақ еліндегі алғашқы мектептердің бірінен саналатын № 1 орта мектеп тұр. Өзінің тарихын сонау отызыншы жылдардан бастайтын бұл мектептің алдында да талай-талай өрен ертеңін қиялдап, болашағын бағдарлаған шығар-ау. Тарихтың қойнауынан суыртпақтап сыр тартсаң талай-талай бел белестерден ой қозғауға болады. Мектеп үйі мен Қанекең үйінің арасының жақын болуының өзінде де үлкен бір мән, мағына жатқандай. Қанекең сонау отызыншы жылдары осы мектеп ашыларда дәл осы Қарсақбайға түсті металлургияның ертеңін болжап, бағамдап, мыс кенінің жез дариясының телегей теңіздігін бар әлемге ғылыми тұрғыда дәлелдеп берген кезі еді ғой. Демек, Қарсақбайдың келешегі — қазақ елінің келешегі деп білген Қане-

кем болашақ жастарды білім нәрімен сусындату ісінде қалыс қалмағаны анық. Содан да барып өз үйінің маңында білім ордасы — мектептің бой көтеруін құп алған-ау. Осындай ой бойыңды баурап, жүрегіңді тербеген сәтте Қанекеңнің табаны тиген осы қасиетті жерде тұрғанға бір шүкірлік еткендейсің.

Елінің ертеңі, болашағы жайлы көп тебіреніп, көп ізденген бір ғалым болса ол осы біздің Қанекең деп бұрын да, бүгін де айтып жүрміз. Шынында да бүгінгі жеткен белесімізге Қаныш Имантайұлының қосқан үлесі өлшеусіз екені даусыз. Жезқазғанның бүгінін Қарсақбайда отырып болжай білген Қанекеңнің данышпандылығы да сол оның ойының бір орыннан шыққанында. Сонау «Рудный двор» атанып кеткен Қарсақбайдың кең келетін дарбаза жақ бетіндегі Қаратөбенің үстінде отырып Қанекең Жезқазғанның бүгінін сол кездің өзінде-ақ көз алдына келтірген бе дейсің. Шынында да солай. Қаратөбенің басында тұрып алыс-жақын маңайды Қанекең ойымен де, көңілімен де, қиялымен де шолғанына талас жоқ. Дәл сол кезде Қарсақбайда Қаратөбеден мәртебелі төбе болды ма екен сірә. Дәл осы «Рудный двордан» артық көше де бола қоймаған шығар-ау. Сонау бір Қарсақбайдың қазаны қайнап, бақыты тасып тұрған шақта зауыттың құлақ құрышын қандыратын үнімен бірге Қаратөбе үстінде шаттықтың нұры ойнайтын. Сағат сайын ән салатын зауыт үні сол кезде бар әлемге Қарсақбай — Қаныш есімін мәңгілікке таратып жар салған екен ғой.

Иә, көңілде бәрі кешегідей, Қанекең өзі көріп кеткен қалпында тұрғандай. Бүгінде сол Қанекең жүріп өткен көшелердің бойымен қаншама ұрпақ алмасып алға озды. Осы жерде Қанекеңнен тәлім-тәрбие алған қазақтың қарапайым ұлқыздары кен балқытып, мыс сапырды. Талай ерлер дүниеге қазақ атын шығарды. Сонау Ұлы Отан соғысы жылдары жауға атылған әр он оқтың тоғызы осы Қарсақбайдан құйы-

лыпты. Міне, сол кезде жанқиярлық пен ерен еңбектің үлгісін көрсеткен Қанекеңнің шәкірттері жауды жеңуге есепсіз үлес қосып жатқандарын сезген де жоқ. Тек бір минут, бір секунда та тоқтамай, еңбек көрігін қыздыруды мақсат еткен майталмандар Қанекеңнің тәлім-тәрбиесін алға ұстап жеңісті жақындата түсті. Осы көшелерімен қазақтың небір өнерпаздары, небір дүлдүлдері Қанекеңнің ізін басып соңында жүрді. Алып күші мен ақылдың иесі атанған Шенеу Далабаев Қанекеңмен бірге осы Қаратөбенің етегінде әңгіме дүкен құрмады дейсіз бе? Жалынды жырын маздатқан ақиық ақынымыз Әбділдә Тәжібаев осында, Қарсақбайда Қанекеңмен кездесіп, елдің ертеңі жайлы келелі сөзге келіспеді деп кім айтар.

Күшім бар Жамбылмен де шайқасатын.

Қайсың бар меніменен байқасатын — деп сырнайын құлаштай созған Тайжан ақынның толғай да толғай жыр төккен Қарсақбайы осы жер. Кешегі Болман мен Ыбырахымның жырларына өзек болған Қарсақбайыңыз да осы.

Сол Қарсақбайдағы Қаратөбенің үстінде бүгінде зауыттың бергі бетіндегі төбе етегінде тау-тау болып үйіліп тұрған мыс қалдықтарына еріксіз назар аударасыз. Осыншама тау боп үйілген мыс қалдықтарының әр грамында қаншама жанның маңдай тері мен қолының табы қалды десеңізші. Осының бәрі кешегі алып жандардың, ағалар мен аталардың өшпес ерлігінің куәсіндей, өткен күндердің белгісіндей болып тарихтан бүгінге сыр шертіп тұр.

Үлкен Жезқазғанға да темір жол сол Қанекем салдырған Қарсақбайдағы «ЖДЦ»-дан басталады. Одан бері өтіп, ішке қарай енгенде де сонау бір жылдардың Қарсақбайдың нағыз гүлденген кездерінің куәгеріндей атақты «Қарсақбай паркі» жылы ұшырай көрінеді. Кейінгі көшелерден Жезқазған көшесі, Огородный көшесі, Колбасов көшесі болып жалғасып жатқан шағын поселкенің таусылмас тарихы алда талай том-том кітаптар мен қыса-дастандарға негіз болғандай.

Қазыналы Қарсақбайдың сырт бейнесіне қарап тұрып-ақ

қайран қазағымның елдігі мен ерлігінің талбесігі болған отты ордам деп мақтана кеткің келеді. Қарсақбайды халқына танытқан Қанекеңнің ашық та жарқын жүзін Қарсақбайдың ең биік беткейінен көргендей боласыз. Қанекем бейнесі дегенде алда оның жүз жылдығы тойланар Қарсақбайда Қанекең қандай белгі қойылар екен деген ой да көңілде қылаң беріп қалды. Әрине, Жезқазған мен Сәтбаевта Қанекең есімі ардақталар, аталар. Оған дау жоқ. Бірақ, өзінің маңдай тері тамып, табанының ізі түскен өзінің төл перзенті Қарсақбай Қанекеммен қайта қашан қауышар екен. Олай дейтініміз Қанекең өзі тұрған үйі, бүгінде мұражай болып тұрған үй, ішкі жиһазымен тұтастай Жезқазған мұражайына көшіріледі дегенді де осы Қарсақбайдан естідік. Кезінде өзі тұрып, қуанышы мен шаттығын бөлген, қиялын алға оздырған қазағының ертеңін армандаған алтын ойына арналы бесік болған құттықана үйіндегі бүгінгі бұл мұражай көшсе Қарсақбайдан Қанекең біржола көшіп кеткендей көңіл қоңылтақсып қалады. Ал, әзірге Қанекең тұрған үйде Қанекемнің мұражайы тұр. Алдағы жылда мұражай көшірілсе Қанекем Қарсақбаймен мәңгілікке қоштасқандай болады. Бұл, әрине, жанға да, жүрекке де ауыр тиеді.

Қарсақбай мен Қанекемнің есімі қашанда қатар аталады деп сөзіміздің басында айтып кеттік. Ал, Қанекеңнің көзін көрген көшемен кейінгі ұрпақ, бүгінгі жастар жүргенде ғұламаны есіне алатындай елеулі ескерткіш қалдыра алдық па? Рас. Қанекең бізге қалың мыстан қазыналы ескерткіш қалдырды. Оны Қарсақбайға барған әр адам көріп біледі. Демек, ендігі міндет Қанекеңнің көзін көрген көшелерді жетімсіретпей кең даладағы келісті ашық мұражай ретінде құрметтесек те артық емес. Бұл әрине көңілдегі ой ғана.

«Сарыарқа» газеті.
1997 ж.

ҚАМҚОРЛЫҚ АЯСЫНДА

Адам баласының ойы мен қиялында шек болсайшы. Кешегісі мен бүгінін салыстырып, ертеңіне ой жібереді. Өткенінің жетістігі мен ертеңінің өлшемін саралайды. Осыдан барып көкейінің түкпіріндегісі көз алдына оралып, нақты бір тұжырымды тиянақтауға негіз береді. Тіпті, кейде өз ойыңда жоқты өзгеден естігеніңмен толықтырып барып, қиял мен шындықтың ара-жігінен қыл айырғандай болатының бар ғой. Ондай сәттер кім-кімде болса да, ара-тұра десек те кездесіп қалатынына еш таласыңыз болмасын. Ия, ия, дәл сондай екеу-ара алма-кезек ой алмастырудан барып белгілі бір жүйелеп атқарылып жатқан істердің мән-жайын бағамдай аласың. Оған, әрине, себеп те жоқ емес. Неге десеңіз, кім-кімнің болса да өзінің айтқаны қашанда өзгеге оғаш болса да өзіне әрине, қашанда да тура болып тұратыны бар емес пе? Әйтсе де, кім қанша айтса да, түгел сөздің түбі шындыққа баратынын еске алсақ, айтылған әр сөздің себептен себепсіз сыртқа шықпайтыны және бар. Бұлай деуіме қаладағы тоғыз қабатты медициналық орталықтан шыққан екі танысымның қатарлас тұрған «Қазақмыс» корпорациясының медициналық орталығына бірге келіп тұрып біріне-бірінің қадала айтқан қайтарма сөздері себеп болды десем жөн болар.

Орта бойлы, тығыршықтай келген қыр қазағы қолындағы дәрігерлік жолдама қағазын қасындағы қара мұртты жылтыр қараға ұсынып тұрып:

— Міне, көрдің бе? — деді.

— Көрдім.

— Көрсен айт.

— Нені?

— Ненің не, мені аудандағылар бұрынғы облыстың орталығындағы, бүгінгі аймақтық аты бар тоғыз қабатты ауруханаға жолдама жазып жіберді емес пе?

— Ия, онысының несі айып?

— Айып деп тұрғаным жоқ. Бір жан үшін ат арылтып кел-

генімде ондағылар олай қарап, бұлай қарап: «Сізді толық тексеріп шығуға бізде мүмкіндік жоқ. Мына «Қазақмыстың» ауруханасына барсаңыз, ол ең жетілген жаңа жабдықтармен жарақтандырылған. Сонда барыңыз, — деді емес пе?

— Онысы дұрыс. Мен жылда осында келіп, ақылы негізде тексеріліп өзімді-өзім бір байқап аламын. Асылы, ақысын төлеген жерде айтарлықтай жұмыс сұрай аласың. Ал, анда олай дей алмайсың. Әрі мұндағы жағдай Алматы, Астана, әрісі Мәскеудегіден бір кемдігі жоқ. Шетелдік озық емдеу әдістері де осында, — деп бұл да оған өз уәжін айтып жатыр.

Дабыр-дүбірі алысқа естіліп жатқан екеу ұзын дәлізбен әрі қарай ұзап кетсе де, олардың сөздері құлақ түбінен өтіп кетер емес. Өзімді-өзім қаншама басқа бір ойға жетелегеніммен де, көңіл тербеткен жайдан алысқа кете алмай, амалсыз ойға ілестім.

Бас-аяғы жүз мыңнан асар-аспас тұрғыны бар мысты қаладағы біріне-бірі бой таластыра тұрған екі аурухананы бір көргенде, «осы екеуін бірдей ұстау кімге тиімді екен?» деген ой саңылауы бардың санасына сызат салып өтері хақ. Шынында да, алғашқы ойлағанға бұл сауал ешқандай дәлелдеуді қажет етпестен-ақ, «ия, біреуі де жетер» деген сөзді тіл ұшына оп-оңай-ақ оралта салары және анық. Ал, осы соңғы сөздің мәнісіне үңіле қарасақ ой таразысы тербеген сайын оның тым ұшқарылау, тым асығыстау, тым шолақтау екенін, оның маңызы ойлағаннан да тереңде, ойлағаннан да көлемді екеніне көз жете түседі. Олай деуге қандай негіз бар десеңіз, мына бір жайларға назар салып көріңіз.

Қалалық денсаулық сақтау бөлімінің мәліметтеріне сүйенсек те, оның сыртындағы өзіміздің күнделікті көзіміз көріп жүргеніндей де аталған тоғыз қабатты аурухананың қай қабатында болса да, қай бөлімінде болса да, қай уақытта болса да дәрігерлердің алды бір сәтке де бос болып, адамнан үзілгенін айта да алмайсыз және ондағы дәрігерлердің де екі қолды алдыға салып, ысқылап:

— Бос отырып қалдым-ау, — дегенін естімейсіздер. Естімейтініңіз бос отыруға уақыты да жоқ. Қайта қашан

көрсеңіз де медбикесінен бастап дәрігеріне дейін мұрнынан шаншыла жұмыс істеп, зыр қағып жүргенін көресіз. Ертелікеш мұнда келіп шыбын жанына шипа іздеп, ауруына бір дәру бола ма деп үміттенгендердің көбі жылдың төрт мезгілінде де толассыз. Демек, тоғыз қабаттағы білікті маман дәрігерлердің алды адам қабылдаудан бір босамайды дегенге еш талас жоқ десеңіз, дәл осындай, тіпті одан да мол кезек, мол қабылдау «Қазақмысқа» қарасты «Самсунг» аталған медициналық орталықта да болып келе жатқанын батыл айта аласыз. Міне, осындай емдеу орталығындағы ортақ ұқсастықты көргенде көңілдегі қалындаған ойдың қабыршығы ашылып сала берері және хақ. Бұл ретте осы әңгімеміздің басында атап өткеніміздей «жүз мыңға тарта тұрғыны бар қалаға осыншама ірі-ірі екі аурухананың керегі қанша» деген сөзіміздің асығыстау айтылғанына көз жетеді. Әрине, біздің бұл пікірімізге қайсыбіреулеріміздің қарсы пікір білдіріп:

— Әй қойшы, «Қазақмыс» үй ішінен үй тігіп бөлек аурухана ашқанының несі жақсы дейсің? — деуі әбден мүмкін.

Ондай күңкілді естіп те жүрміз. Бір ғажабы, естісек те ондайға мән бермей, — ә — дегенде қайта соған иланып:

— Япырай, а, шынында да солай-ау, — деп елп ете қалатындарымыз да бар. Бірақ, бұл сөз қатар тұрған екі аурухананың біреуінде жұмыс жоқ боп, дәрігерлердің алды бос боп тұрса ғана айтылса керек еді. Ал, қазіргі таңда осы екі аурухананың қайсысына барсаңыз да толған кезек. Демек, бұл ойлардың «Қазақмысқа» емхананың керегі не еді?» деген ойлардың тым ұшқары әрі асығыс жасалған байлам деуге болады. Себепп, қалада бір ғана осы тоғыз қабатты аурухана болса, анау «Самсунгке» барып емделіп жатқандар да осында келіп қосылса не болар еді? Ат көпір кезек сонда болмай ма? Ал, оның соңы асығыс істердің аяғы өкінішке ұрындыратын жағдайларға жалғастыра еді. Ендеше, «Қазақмыс» корпорациясының «Самсунг» ауруханасын салуы қала тұрғындарының денсаулығын сақтауға, аурулардың бір жерде үймелеп, үйіліп, бір-ақ жерден ем іздеп жүруінен құтқарып тұрған жоқ

па? Оның сыртында аймақтық атауы бар ауруханада атқарыла бермейтін кейбір ем түрлері «Самсунгте» жасалып жатса, бұл да тұрғындарға алыстан ем іздемей, жақыннан емделуге берілген мүмкіндік болар.

«Сөз сөзден шығады» дегендей, бала кезден бірге өскен бір досым «Қазақмыстың» ауруханасы корпорацияда жұмыс істемесең қабылдамайды, емдемейді екен дейді. Сол рас па?» деп ауылға бір барғанда менен қайта-қайта сұрағаны есіме әлі күнге дейін түсе береді. Оның сұрауы өзінің естуі бойынша екеніне дауым жоқ. Ал, істің жайына келсек, мәселе қалай? Байыптап көрейікші, Жезқазған қаласы тұрғындарының 35-40 проценті «Қазақмыс» корпорациясында еңбек етеді десек, қаладағы әр үйден корпорацияның әйтеуір бір саласында әйтеуір бір адамы еңбек етеді дегенді білдіреді. Олай болса, аталған ауруханаға корпорацияда еңбек еткен адамның отбасының мүшесі барып қаралып, емделуіне тосқауыл қайдан болмақ. Міне, осындай жағдайда қатар тұрған қос аурухананың бір-біріне бөгеті жоқ, қайта бірінің жоғын бірі толықтырып, бір қалада тұратын тұрғындарға қолдарынан келгенше, қал-қадерінше қызмет көрсетуі жарасымды емес пе? Оның сыртында «Қазақмыс» корпорациясына Жезқазған қаласының төңірегіндегі елді мекендер мен Ұлытау-Жезді өңірі, мына жағы Қаражал-Жәйрем төңірегіндегі тұрғындардан басқа еліміздің ірі-ірі қалаларының өзінен әдейі атбасын тіреп келіп, ақысын төлеп емделетіндер қаншама десеңізші. Бұл ретте тоғыз қабатты аурухананың дәрігерлерінің де біліктілігі жоғары екенін тек жезқазғандықтар ғана емес, тұтас Қазақстан білетінін қалай айтпай кетесіз?

Ауруханаға келген екі адамның әңгімесінен келіп көңіліме түйген ойым қолыма осылайша қалам алғызды. Бұл бір жағынан қатар тұрған қос ауруханадағы жарасымды жұмыстардың ел игілігіне бірдей атқарылғандығынан да болар. Асылы, адамға қызмет көрсету мәселесі дегенде және бір ой көңілді түртеді. Мәселен, «Қазақмыс» корпорациясын жоғарыдағы «Самсунг» ауруханасын қайтсең де сал деп

ешкім күштемеген сияқты. Себебі, жеке меншік, нарықтық жағдайдағы іргелі кәсіпорын ешкімге де тәуелді емес. Қарауындағы адамдардың емделуіне қамқорлық жасауы ол осындағы басшылардың табысты еселейтін, дәулетті арттыратын адам екенін, адамға қызмет көрсетудің игіліктерге жол ашатынын жетік білгендігінен де болар. Бұлай дейтінім жетілген, дамыған шет елдерде мұндай ірі корпорациялар бірыңғай табыс табуды ғана көздейді. Ал, мынандай ірі емдеу орындарын салу, әрине, нарық заңымен қарасаң артық шығын, ал адамгершілік тұрғысынан қарасақ, қамқорлықтың белгісі.

Бұрынғы кеңестік жүйе кезінде «Бар қызмет адамға жасалсын» деген бір көңілді елең еткізе қалатын әдемі ұран болатын. Сол ұранға үн қосып сол кезде еңбек адамына әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау үшін қаншама іс-шаралар жасалып, жоспарлы жұмыстар атқарылатын. Соған халықтың көбі үйреніп те қалған. Ал, қалқып тұрған кеңестік жүйе көзді ашып-жұмғанша құлап түскенде «тұрымтай тұсына, балапан басына» дегендей, әркім өзімен-өзі болып денсаулықты күйттемек тұрмақ, дұрыстап тамақ ішіп жүріп-тұрудың өзіне мұң-зар боп қалғанын бүгінгі күні кімнен жасырамыз. Әркім өзімен-өзі болып, тоз-тоз болған кезде дәулеттілер алдымен есін жиды. Шет елдік инвесторлардың ішінен бізге келіп көмек қолын созғандардың нәтижесі болар, қазір жағдай дұрысталды. Елдің экономикасы көтерілді. Бұған, әрине, «Қазақмыс» сияқты ірі корпорация алғашқы ондықтың ішінде үлес қосып келе жатқанын оқып-біліп, тыңдап, көріп келеміз. Міне, осы тұтас елге донор болып саналатын «Қазақмыс» Жезқазған тұрғындарының, былайша айтқанда, өзінде еңбек ететіндердің (бір үйден бір адам еңбек етеді десе) өздерімен қоса отбастарының емделуі мен демалуына да әр жыл сайын қомақты қаржы бөліп, алыс-жақын шет елдер мен ел ішінде ең тәуір-тәуір деген емдеу-сауықтыру орындарын алып ашып, оның тұрақты қызмет атқаруын қамтамасыз етіп отыруының өзі де нарық шеңберімен емес, адамға

қамқорлықтың қаржыдан да жоғары екенін көрсетеді. Бұл ретте «Қазақмысқа» қарасты емдеу-сауықтыру орындарының ішінде Жезқазған қаласындағы профилакторийдің өзінде ғана жылына 1500-ің үстінде адам емделіп, сауығады екен. Дәл осыншама адам Жезқазған поселкесіндегі емдеу-сауықтыру орнында да болып емделіп, демалады. Ал, мұның сыртында Алматы қаласындағы «Ақ бұлақ», Кавказдағы минералды сумен емдеу орындарындағы «Қазақмыстың» емдеу-сауықтыру кешендері жыл он екі ай толассыз келушілерді қабылдайды. Ал, онда баратындар, әрине, жезқазғандықтар десек, металлургтер мен кеншілердің өздерімен бірге отбасылары, балашағасы емделіп, демалуға жасалған мүмкіндікті тұрақты пайдаланып келеді.

Жезқазған қаласындағы жақында пайдалануға берілген «Қазақмыстың» спорт кешенінің өзі де денсаулық кепілі — шынығу екенін шын ұқтырып тұрғандай. Әрине, ел дәулетінің көтерілуіне елеулі үлес қосып отырған «Қазақмыс» корпорациясының адамға қамқорлықты денсаулықтан бастауы маңызды мәселенің қайда екенін аңғартқандай. Осыдан да барып ең басты мәселе — әлеуметтік мәселе дегенге мән беретініміз. Бұлай десек, «Қазақмыста» халыққа қызмет көрсететін 90-ның үстінде әлеуметтік салаға бағытталған сәулетті ғимараттар мен мекемелердің болуы мұндағы табыстың көзі адам екенін, адамға қызмет көрсету ісін жақсарту арқылы үлкен табысқа қол жетіп отырғанын айтпай-ақ аңғартып тұрғандай. Олай болса, қазығын өзі қағып, ертеңіне сенген Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сынды ғұлама ғалымның ісін әрі қарай жалғастырып жатқан кеншілер мен металлургтердің бүгінгісінен ертеңіне алаңсыз қарауға толық жағдай жасалған деп айта аламыз.

ҰЛЫТАУ МЕН АЛАТАУДЫ ЖАЛҒАҒАН «АҚ БҰЛАҚ»



Ұлттың ұясы аталған Ұлытаудың қадірі мен қасиеті туралы қаншама айтылып, қаншама жазылса да оның ел тарихындағы, мемлекетіміздің іргесін қалаудағы атқарған ауқымды істеріне ешқашан да, ешкім де нүкте қоя алмайтындай. Себеппен, бүгінгі өркениетке ұмтылған қазақ елінің түп тамыры, кіндігі саналған Ұлытаудың бізге бергенінен де, берері әлі де мол. Оның әр қойнауы мен әр тасында бабалар салған жарқын із, жасампаздық таңбасы тұруы көкірегі ояу жанға көп жайды аңғартса керек.

Қойнауына қазынасын қымтаған қасиетті таудың басты байлығы оның абыройын асырған ұлдары пен қыздары десек те қателеспеспіз. Атының тұяғы тимеген жер қалдырмаған Шыңғыс ханның алдында қаймықпай оның қаһарлы ұлы Жошының өлімін жеткізген Кетбұғаның бүгінгі ұрпақтары бабалар ісін, ерлік пен елдік жолын жалғастырып келеді.

Тарихи таудың кең жазығында кең қоймасына айналған, Арқаның алтын сандығы аталатын жер жаһұты Жезқазғанның бүгінгі көркем де келісті келбетінің өзі бейбіт елдің ұландарының үлгілі істерінің жарқын жемісі мен жеңісі десе болғандай. Ежелден сонау Геродот заманының өзінде-ақ бүкіл әлемге мыс өндіріп, мал өсірген ел ретінде танылған, жез дариялы Жезқазған бүгінде жұмыр жерге алтын, күміс, мысымен, сирек кездесетін металдарымен де әйгілі. Рас, еліміз өз тізгінін өз қолына алғанша, бодандық бұғауы қолдағы байлықты да бүркемелеп, тұтас қалпында жалпақ жұртқа жетерліктей етуге мүмкіндік бермеді. Байлықтың рахатын басқалар көріп, жер иесі одан қалғанын қанағат тұтты. Оның соңы Жезқазған сынды алып кен орнында тоқырауға әкеліп соқтырды. Тәуелсіздігін енді алған ел тұралаған өндірісті қайтсем көтеремін деп қиналған шақта «Самсунг-Дойчланд» компаниясы көмек қолын созды.

Өндіріс тамырына қан жүгірді. Ел еңсесін көтерді. Еңбек адамының тұрмысы түзелді. Өзіне-өзі келген адам өз бойын күтуге, денсаулығын түзеуге ниет етері белгілі. Осыған орай аталған компаниядан енші алып, Жезқазған кен орындарын басқару құқына ие болған «Қазақмыс» корпорациясы бұл мәселелерге ерекше назар аударуда. Оның жарқын мысалын корпорацияның Алатау бөктеріндегі емдеу-сауықтыру орындарындағы игілікті істерден, ондағы білікті де білімді, парсатты жандардың жақсы да жарасымды істерінен де көруге болады. Ал, ондағы ауызға алып мақтан етуге тұрарлық, өзгелерге үлгі етерлік игілікті істердің басы-қасында тағы да сол Ұлытау ұланының тұруының «ел жақсысы қандай-ды» дегенді еріксіз ойға оралтқандай. Ұлытау бөктерінде туған ұлдың Алатау баурайындағы абыройлы істері екі таудың арасында көзге көрінбейтін бір жақындық бардай әсер береді. Шынында да қарт Ұлытау мен әсем де ару Алатау арасында жүректен кетпейтін, көңілден өшпейтін ерекше бір байланыс бары рас. Ол қазақ елінің екі тауының бір-біріне жанымен де, табиғатымен де ұқсас болуынан да болса керек. Осылай десек, бүгінде «Қазақмыс» корпорациясының қарауындағы Алатау бөктеріндегі «Ақ бұлақ» шипажайы, оны басқарып отырған Туғанбай Байғабылұлы Жанысбаев жайлы әңгіме қозғасақ, ондағы еңбек адамдарына, өндіріс озаттарына жасалып жатқан жақсы істер туралы айтсақ артық болмас. Халқымызда «жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» деген бір мақал бар. Бұл реттен келгенде де Туғанбай туралы айтсақ, оның мерейін өсіріп, ел алдындағы атқарып жүрген істеріне сүйсінгендігіміз болар. Жалпы, өзінің атқарып жүрген күнделікті қызметінің халық үшін қаншалықты қажет те қадірлі екенін білсе де, «мен мынаны тындырдым» деп көпшілік алдында мақтанбайтын, өзін-өзі көрсете бермейтін небір марқасқа азаматтарымыз аз емес. Солардың бірі осы Туғанбай Байғабылұлы десек қателеспейміз. Ал, шынына үңіле қарасақ, оның туған жеріне, ондағы азаматтарға ең қажетті, ең керек іспен, адам денсаулығын сақтау, оны қалпына келтіру сияқты қасиетті іспен айналысып жүруі және оны абыройлы атқаруы — Ұлытаудың ұлы деген атқа лайықтылығын көрсетіп тұрғандай.

Ұлытаудың бөктерінде 1946 жылы дүниеге келген Туғанбай Байғабылұлы тауға қарап өсіп, биіктіктің бағасын білді.

Тасбұлақтан су ішіп, тазалықты бойына сіңірді. Көк майсасында еркін көсіліп кеңдіктің, һәм теңдіктің қадірін ұқты. Ұлытаудың Ұлылығынан ұлагат алып, зеңгір көкке қанат қаққан қыранымен қиялын жарыстырды. Арман жетелеп, жоғары оқу орнына барып түсті. Туған жерге, Жезқазған қаласына білікті мамандәрігер болып оралып, еңбегін елге ұсынды. Кешегі Жезқазған облысы болып тұрған кезде облыстық денсаулық сақтау ісінің өркендеуіне үлес қосты. Іскер де білікті, тәжірибелі маманды республика денсаулық сақтау министрлігі өздеріне қызметке шақырды. Пәтер берді. Әсем Алматыда, ақ басты Алатауда жүрсе де Туғанбай туған жерін ұмытпады. Министрліктің түрлі тапсырмаларын орындай жүріп, шипажайлар жағдайын зерттеп, мыс шаһарындағы жер астында еңбек ететін кеншілер мен зауыттағы металлургтердің денсаулығын түзеуге, сақтауға ыңғайлы да қолайлы орын іздеді. Оны тапты да. Ол кешегі кеңестік кезеңде Алматының төрінен, Алатаудың ең шұрайлы, ауасы таза, суы ем, космонавтарға арнап салынып, Одақ тарағаннан кейін әр түрлі бизнесмендер мен банкирлер, қалталылар пайдаланып келген «Ақ бұлақ» шипажайы болатын.

Министрліктің шипажайлармен жұмыс істеу бөлімінде қызмет еткеннен бері емдеу-сауықтыру орындарының мүмкіндіктерін жақсы білетін Туғанбай «Ақ бұлақты» Жезқазғанға оралтуды ойлады. Ондағысы «осындай тамаша шипажай байлығы тұнып тұрған өлкедегі еңбек адамдарына қызмет етсе дегендік еді. Адам ертеңін де ойлайды. «Ақ бұлақ» Жезқазғанға бұйырса, туған жерімнің әр адамы келіп тынығып, дем алып, денсаулығын түзесе, соған менің септігім тисе, одан артық бақыт бар ма?» — деп өзіне-өзі сауал салған Туғанбай артынша оған өзі — «Жоқ» — деп жауап береді. Жезқазғандағы алып кен орындарын басқаруға алып отырған «Қазақмыс» корпорациясына, оның басшылары Владимир Сергеевич Ким мен Руслан Борисович Юн мырзаларға ойындағысын ұсынды.

Әр нәрсені қалыбынан танытын Владимир Сергеевич пен Руслан Борисович Туғанбай ұсынысының мәнді екенін біліп, оны бір ауыздан қолдап, «Ақ бұлақты» корпорацияға қабылдап, ұсыныс иесінің өзіне оны басқаруды жүктеді. Содан бері де талай көктем келіп, су ақты. Корпорация қабылдауына алғанда кем-

кетігі жетерлік шипажай бүгінде әлемдік стандарттар талабынан шығатындай деңгейден күрделі жөндеуден өтіп, еліміздегі ғана емес, шетелдегі қандай бір шипажайлармен иық шендестіретін деңгейдегі емдеу-сауықтыру орнына айналған. Ал, оның осындай деңгейге жетуіне, әрине, күндіз күлкісі, түн ұйқысын бұзып дегендей осының басында тапжылмай жүріп, табан тоздырып, министрліктегі өзі көзі көрген, тұрған жерін білетін жерлердегі ең жетілген медициналық құрал-жабдықтарды жеткізіп, құрылыс жұмыстарына өзі тікелей араласып, айналасы бір жаздың ішінде «Ақ бұлақ» алғашқы көргендегіден ерекше өзгеріп, жаңаша күйге түсуіне қол жеткізген Туғанбайдың үлесі мол.

Шипажайды алғашқы алғанда келіп бір көріп, одан кейін көргенде корпорация басшысы Руслан Борисовичтің: «Туғанбай Байғабылович, рахмет Сізге!» деп ерекше риза болғанының өзі көп жайды аңғартса керек-ақ.

Алматы қаласының іргесінде, қаладан небәрі 13 шақырым жерге орналасқан, тау бөктеріндегі «Ақ бұлақ» шипажайына бүгінде Жезқазған, Сәтбаев, Балқаш қалаларындағы кеншілер мен металлургия, корпорацияның түрлі буынында еңбек ететін жұмыскер-қызметкерлердің өздері мен олардың отбасы мүшелері келіп емделіп, сауығып, тынығып, дем алып қайтады. Бұл жерде шипажайға келіп-кету, оның жолдамасының құны, бәрі-бәрі корпорация кәсіподақтарының жеңілдігі арқылы атқарылады. Жайлы орын, жақсы тағам, таза ауа, тұнық та шипалы су адам жанын жадыратып, анау-мынау сырқатыңды қолмен сылып алып тастағандай әсер береді. Ал, ондағы сөзі дәру, емі шипа дәрігерлер мен медбикелердің еңбегін дәріптен айтуға тіл жетпестей.

Сөз басында Ұлытау ұланы Туғанбай Байғабылұлының негізгі мамандығы дәрігер екендігін айтып өткенбіз. Тауда туып, тарихтан тәлім алған тәрбиелі ұл ұлттың әдет-ғұрпы мен салтын санасына сіңіріп өскен сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Оның бойында жеті өнердің жетілген түрін көресіз. Институт қабырғасына дейін-ақ, ол мектепте сурет салатын өнерімен қатарластарынан дараланды. Оның майлы бояумен салған Абайдың суреті Қарсақбайдағы орта мектепте күні кешеге дейін көрнекті жерде ілулі тұрды. Ал, институтта киім тігумен де айналысты. Жатақханадағы кішкентай бөлменің бір бұрышында оның киім тігетін іс ма-

шинасы тұратынын, оны Туғанбай тұрақты пайдаланып, қатар құрдастарының шалбарларының балағын қысқартып, белін түзеп дегендей қолқабысын тигізетінін замандастары әлі күнге аңызға бергісіз әңгімелеп айтады. Қаңылтырдан ою ойып, өрнек салуы, зергерлігі бір бөлек әңгіме етуге тұрарлық. Музыкалық аспаптың домбыра, сырнайынан бастап фортепиано, сыбызғыңызға дейін сызылтып сазға бөлегенде кәсіби музыкант екен деп қаласың. Құдай өнерді берген адамына бәрін бірақ беретіндей. Туғанбайдың көңіл күй мен өмір өрнектерін қапысыз дәл басқан, жыр шумақтарын құрағанына қызыққандайсыз. Ақындығын Алматы таныған Туғанбайдың бірнеше мәрте Республикалық ақындар айттысында қазылық етуінің өзі оның жыр айдынында да желкені оңынан тұрған жан екенін көрсеткендей. Ол — ғалым. Медицина ғылымдарының кандидаты.

Осындай ақылы мен парасаты тең түскен тұлғалы жан басқарған «Ақ бұлақ» шипажайы жылына Жезқазған жерінен мың жарым-екі мыңға жуық адам қабылдап, оларға қызмет көрсетіп, денсаулықтарын қалпына келтіруде үлгілі істің ұйтқысы болып келеді. Әрине, мұндай елдік істің үлгілі болуына, сөз жоқ, «Қазақмыс» корпорациясы, оның ел қамын ойлаған басшылары Владимир Сергеевич Ким мен Руслан Борисович Юн мырзалардың қамқорлығының мол екені өзінен-өзі белгілі.


Арқа өңіріндегі қасиетті тауда туып, қазақтың Алатауының түбінде «Ақ бұлақтан» алты алашқа жақсы істі таратқан азаматтың жүрегі де, тілегі де туған жердің тұтастығы, тәуелсіздігі деп соғады. Бұл Туғанбайдың туған елін, туған жерін сүйген кешегі бабалар бас қосып бәтуаға келген Ұлытаудан алған өнегесі, Алатаудан алған пайым, парасатының жемісі десек, ел мен жер қадірін білген және оны қастерлеген, құрметтеген әр жанға үлгі боларлықтай. Алыста жүрсе де ауылға қызмет көрсетіп, ел ішіндегідей тер төгіп жүрген Туғанбай Байғабылұлы биылғы Жезқазғанның 50 жылдық мерейтойына сонау ақ басты Алатау бөктеріндегі «Ақ бұлақтан» бастау алған таза көңілімен балаша қуанып, еңбек тартуын шашу етпек.

«Жезказганская газета» —

«Дауа». № 77 (1018).

10 шілде 2004 ж.

СӘУЛЕТТІ ҚҰРЫЛЫС — СӘНДІ ТҰРМЫС



Кейіпкердің деректерінен:
Аты-жөні: Марат Шахманұлы Асансейітов.

Туған жылы: 1965 жыл.

Мамандығы: инженер-құрылысшы.

Білімі: жоғары. 1989 жылы Алматы құрылыс-сәулет институтын бітірген. 1993 жылдан бері «Қазақмыста» еңбек етеді. «Қазақмыс» корпорациясының 2005 жылы құрылған құрылыс-монтаж трестінің директоры.

«Қазақмыс» корпорациясының қарыштап алға қадам басуы, сөз жоқ, ел дәулетіне сәулеті сай өркендеп, кең қанат жайғанының жарқын жемісі десек, ондағы іргелі де еңселі істердің басы-қасында негізі ертеден қаланып, жұмысын жаңаша қалыптастырған құрылыс-монтаж тресінің көрінуі заңдылық та дер едік. Қазақстанның төрт бұрышына кең қанатын жайған корпорацияның құрыш қолды құрылысшыларының тамаша жұмыстары қараған көздің жауын алардай болып, қалаға да, далаға да сән беріп тұрғанының өзі қандай жарасымды десеңізші!

Осыған орай, құрылысшылардың кешегісі мен бүгінгісі, ертеңгісі туралы әңгіме қозғау үшін аталған трестің директоры Марат Шахманұлы АСАНСЕЙІТОВ мырзамен сұхбаттасудың орайы келген еді. Алғашқы сәлемдесуден-ақ, қарапайым, кісілікті де, кішілікті де бойына қалыптастыра алған, ақжарқын азамат жұмыс жайлы, құрылысшылардың атқарған, атқарар істері туралы айтқанда сөз реті келгенде, өзінің басқарып отырған саласын өте жетік білетінін аңғартты. Көңілге түйіп келген көп сауалдарымызға еш кідіріссіз, рет-ретіне орай байыппен баптап жауабын түйіндей берді. Ал, мұның өзі де оның құрылысты да, құрылысшыны да, ондағы проблемалар мен шешімді істерді де түбегейлі түсіндіріп бере алатын қабылетті барымен бірге үлкен істі үлгілі ұйымдастыра алатын беделді басшы екендігін де көрсетіп бергендей болды. Сонымен енді сауалымызға жол берейік.

— Марат Шахманұлы, ең алдымен өзіңіз туралы, сәл-сәл болса да қысқаша айтып өтсеңіз?

— Өзім туралы дейсіз бе? Қызық екен. Мен өзім туралы

айтқаннан да, атқарған еңбек туралы, әріптестерім жайлы, салынған, салынып жатқан құрылыс туралы айтқанды жақсы көремін. Асылы, мен, мен-деп кеуде қаққанды ұната қоймаймын. Сондықтан да, сөзді төтесінен шаруаға тура бастаған жөн болар.

— Ол дұрыс-ақ, әрине, әйтсе де, оқырмандар үшін, өзіңіздің бұл салаға қалай келгеніңізді, құрылысшылықты не үшін таңдағаныңызды өзіңіз айтып өткеніңіз еш артықтығы да жоқ. Неге десеңіз Сізді өзіңізден артық кім біледі дегеніміз ғой.

— Мақұл, онда, олай болса, қысқаша айтып көрейін. Құрылыс-сәулет өнері институтына оқуға түсерде ауылдың, қаланың келбеті, ең біріншіден ондағы салынғын құрылыстың жай-жапсарынан көрінерін еске алғанымнан болар. Шынында да қандай да болмасын салынған ғимарат сол жердегі дәулетінен де, сәулетінен де хабардар етіп тұрмай ма? Міне, осыдан барып, бала қиялымның өзінде — шіркін зәулім-зәулім, үлкен-үлкен үйлер, ғажап ғимараттар салған жандар қандай бақытты — деп ойлайтынмын. Сол ой, сол мақсат, сол арман мені Алматы қаласына, ондағы құрылыс-сәулет институтынан бір-ақ шығарды. Институтты бітіргеннен кейін инженер-құрылысшы мамандығы бойынша туған қалама келіп еңбек жолымды бастадым. Содан 1993 жылы ол кездегі «Жезқазғантүстіметалл» кен-байыту комбинатына келіп, мамандығым бойынша салаға жұмысқа тұрдым. Содан кейін, міне, табан аудармай «Қазақмыс» корпорациясындағы құрылыстың әр буынында хал-хадірімше еңбек етіп келемін.

Өткен жылы корпорацияның өз ішінен жаңадан барлық құрылыс буындарының басын қосып, үлкен ірілендірілген құрылыс-монтаж тресін құрды. Корпорацияның басшылары көп жылғы еңбегімді ескерген шығар, треске басшы таңдауда менің кандидатурама тоқталыпты. Үлкен сенім артылғаннан кейін, оған бар ықпалас пейіліммен, білімім мен тәжірибемді жұмсап еңбек етуге ұмтыласың. Енді қалай, атқарған ісің елдің игілігіне айналса, одан артық еңбек қуанышы бола ма?

— Әрине, әрине, айтқаныңыз өте орынды. Атқарған еңбектің ел игілігіне айналғаны бірдің ғана емес, мыңдардың, миллиондардың шаттығына бастау болары анық. Осы орайда, треске басқа буындардың басын біріктірді дедіңіз. Сонда треске қанша басқарма қарайды және қол жеткен жетістіктер туралы тоқтала кетсеңіз.

— Трест болып үлкен көлемді қамтитын істердің ауқымының кеңеюіне байланысты аталып отырғанымен де, бұрынғы

құрылыс саласындағы бөлімдер мен басқармалардың жұмыс көлемі қысқартылған жоқ. Қазір треске осы қалай, осы қалай дейтіндей алты құрылыс басқармасы қарайды. Құрылысшылардың кәсіби шеберлігі мен іскерлігін нақтылайтын, көзге көрсететін құрылыс десек, бұл ретте Сәтбаев қаласында салынған республикада ғана емес Достастық Елдерінің ешқайсысында әлі бой көтермеген, бір мезетте бірнеше мың көрермендерді қабылдай алатын жабық спорт-сауықтыру кешенінің салынғанын айтар едік. Бүгінгі күнге дейін оның — спорт-сауықтыру кешенінің, алғашқы кезеңін аяқтап шықтық. Ендігі міндет — спорт-сауықтыру кешенінің екінші қалған бөлігін осы үстіміздегі жылы толық, сапалы аяқтап шығу болып отыр.

— **Өткен жылы аяқталған құрылыс дегенде санамалап айтуға нені негіз етер едіңіз?**

— Әліндегі спорт-сауықтыру кешені айтылып қалды. Оның сыртында, Ақбастау-Қосмұрын кеніші салынды. Қарағайлыдағы кен-байыту фабрикасының құрылысы қайта жөндеуден өтті. Жезқазған қаласындағы әуежай қайтадан халықаралық стандарт талабына сай етіліп жаңаша жөделіп пайдалануға берілді. Мұның өзі санамалап айтуға оңай болғанымен іскер көзбен қарағанда қыруар қаржы мен күш-жігерді жұмсағанын аңғартады. Ең бастысы трест болып құрлғаннан бері, құрылыстың әлемдік талап деңгейінде көрінуі үшін қажетті техника, құрал-жабдық, құрылыс материалдарынан зәрулік көрмейтін болдық. Бұл да болса «Қазақмыс» корпорациясының елдік іске еңсесін түгел бұрғаны. Шынында да, солай. Салынған құрылыс аяқталысымен пайдалануға беліледі. Ал, оны пайдаланатын кімдер, ол біздің азаматтар. Міне, корпорацияның көмегі дегенде осыны ойдан еш шығаруға болмайды.

— **Марат Шахманұлы, ендігі алда салынып пайдалануға берілетін құрылыстар туралы ойыңыз қалай?**

— Жоспар ұшан-теңіз деуге келеді. Басқа-басқа, біздің құрылысшылар жылдың қай мезгілінде болса да құр қол қарап отырмайды. Үзіліссіз еңбек көрігі қызға түседі. Алда, осы жылы — 2006 жылғы межеміз дегенде Ақтоғай кен байыту фабрикасының құрылысы тұр.

Атағы енді-енді таныс бола бастаған Жаман-Айбат кенішінен тартылған темір жолды пайдалануға бермекпіз.

Жезқазған қаласындағы «Қазақмыс» корпорациясының бас ғимаратына жалғаса салынған инженерлік құрамды толық аяқтап шығу қажет.

Мыс қаласы Жезқазған тұрғындарына жаңадан мешіт салып береміз деген корпорация басшыларының өз уәделері де осы жылы орындалатын болып отыр. Сондай-ақ, Жезқазған қаласындағы бұрынғы «Металлург» спорт-кешені стадионыменен қоса қайта күрделі жаңарудан өтпек. Корпорацияға қарасты Шығыс Қазақстанда стадион жөнделіп, футбол алаңы іске қосылатын болады. Жезқазғандағы №№ 1, 2 фабрикалардың қалдықтар сақтайтын бөлігі жөндеуден өтеді.

— **Осыншама құрылысты атқаратын адам күші, техника жеткілікті шығар.**

— Әрине, қазірдің өзінде бізде 1700-ге тарта құрылысшы еңбек етеді. Техникадан кедергі жоқ. Мамандар білікті, әрі тәжірибелі. Айталық, ең бір қиын да шешуші шепке Леонид Николаевич Аношкиннің бригадасын жібереміз. Неге десеңіз, онда бірыңғай шебер-мамандар кез-келген құрылысты қиналмай атқарып жүре береді. Газбен дәнекерлеуші Геннадий Пицаев, монтаждаушы Қадірбек Әбдилдин, ағаш шебері Түгел Дүйсенбаев, механизатор Ахтанбердиев есімдері әр кезде де құрметпен аталады. Корпорация әкімшілігінің мақтау қағазына ие болған сылақшы-сыршылар Н. Калинина, А. Шингина еңбектері өзгелерге үнемі үлгі-өнеге етуге тұрарлық.

— **Тұрғын үй салу қалай?**

— Жоспарда ол да бар. Биыл — осы 2006 жылы Қарағайлыдан жас мамандарға арнап «Сосновый бордан» 41 тұрғын үй салуды жоспарлап, ондағы құрылыс жұмыстары басталып кетті. Жалпы «Қазақмыстағы» тасқанды табыс туралы айтсақ, бірінші кезекте еңбек адамдарына лайықты құрмет, оңтайлы әлеуметтік жағдайлар жасалып жатқанын айтар едім. Сәулетті құрылыс — сәнді тұрмысқа жол ашатыны да рас. Кеншілер мен металлургтердің, байытушылардың өнімді еңбек етуі үшін құрыш қолды құрылысшылар уақытымен санаспай, сапалы еңбек етіп келеді. Ал, құрылыс жұмыстарының кең көлемде қарқын алуына басшылардың жасап отырған көмегі, қамқорлығы қашан да мақтана айтуға тұрарлық. Тек, біздің құрылысшылар сол қамқорлыққа, сол сенімге сай сәулетті құрылыстарды сапалы салып, ел кәдесіне ұсыну болып табылады.

— **Әңгімеңізге рахмет!**

— **Сізге де!**

«Жезказганская газета» — «Дауа»
29 наурыз 2006 ж.

БІРЛІККЕ БАСТАЙТЫҢ БЕЛГІ



Кейіпкердің деректерінен: Аты-жөні — Бейсен Әукенұлы Жолдыбаев. Туған жылы — 1944 ж. Тұрғылақты жері — Жезқазған қаласы.

«Қазақмыс» корпорациясы кеншілер қаласы — Сәтбаев қаласын үнемі назарда ұстап келеді. Қаладағы небір көрікті ғимараттар, әдемі гүлзарлар, тақтайдай түзу жолдар, көрнекті көшелерде «Қазақмыстың» көрікті қолтаңбасы көзге бірден көрінеді. Соның нәтижесінде кеншілер қаласы жыл сайын жаңарып, көркейіп, өсіп, өркендеп келеді. Мұнда қашан келсең де жасару бағытындағы жасалып жатқан бір игілікті істің үстінен шығасыз. Бұл жолы да солай болды. Мұнда Бейсен ағаның бастамасымен бұрынғы «Достық» көшесіне осы өңірге есімі кеңінен танымал, Ұлытау-Жезқазған аймағын қоныстанған елдің төрт босағасының бірі саналған Бабыр Бөкеншіұлының аты берілді дегенді естігеніміз бар-тын. Бірақ, есту бар да, оны көзбен көру бар емес пе? «Мың естігеннен, бір рет көрген артық» — дегендей, Сәтбаев қаласындағы Бабыр биге берілген көшенің салтанатты ашылу рәсіміне қатысуға шақыру қолға тигенде, көңілге бабалардың бірлікті көздеген кезеңіндегі айтқан сөздері, бүгінді болжаған болжамдары ойға келе қалғаны да жасырын емес. Енді қалай, өзінің заманында бірлікті бірінші кезекке ұстаған бабалардың бүгінгі ұрпақтары өнегелі-өркенді істі қолға алып жатса, бабалар ісінің жалғасын тауып жатқаны емес пе? Осы ретте Бабыр би атындағы көшенің өн бойының жаңартылып, үйлердің қабырғаларына атаулы тақтайшаның қағылуы сияқты істердің бәрі-бәрі қала

әкімшілігімен келісе отырып, «Қазақмыстың» қолдауымен бабаның ұрпақтарының бірлесе іс атқарылғанын баса айта кеткен жөн болар. Әрине, мұндай елдік, игілікті істерді бір адам бастап, ұйымдастырып, басшылық жасамаса, маңайына ағайын-туыс, жақын-жуығын жинастырмаса, жалпылама көпшілік шөре-шөре, өз бетінше де ештеңе бітірмесі және анық. Осы ретте, Бабыр бабаның дүниеден өткеннен кейін, қасиетті Түркістанға жеткізілгенге дейін жамбасы тиген аманат жерге белгі тас орнату ісінде де, Жылкелді атаның балаларының басын қосып, өзі соған сөзімен де, ісімен де, қаражатымен де қомақты үлес қосқан, одан кейінгі Жылкелді атаның өзіне бағыштап ас берудің ұйтқысы болған Бейсен Әукенұлы Жолдыбаев мырзаның бүгінгі өнегелі істің де басында тұрғаны — кейінгілерге өнеге, замандастарға үлгі болатын-ақ іс.

Кешегі төрт босағаның ішіндегі Бабыр бидің ізін басып, аруақты ардақ тұтып, оны қастерлей білудің үлгісін көрсеткен Бейсен Әукенұлы — Бабыр бабаның ұрпаққа қалдырған аманатын — Бірлікті, Татулықты ту етіп ұстаған жан. Жақсылық атаулыны жанымен қалайтын Бейсен мырза Бабыр би атындағы көшенің бойындағы барлық безендіру көріктендіру шараларын өзі қолға алып, ағайынның, құда-жекжаттың басын қосып, ойға алған істі көңілдегідей жүзеге асырды. Көшенің ең басында биіктігі үш метрлік гранит тастың бетіне «Бабыр би көшесі» деп әдемі етіп, айшықты жазылып қойылған. Бұл бірлікке бастайтын белгітасты осы көшеге орнатуға Бейсен уақытпен санаспай, күн-түн жүріп, айтылған күн мен сағатына дәлме-дәл орнатып шықты. Белгі тастың тұғырдағы тұрған тұла бойынан тек бір ғана Бағаналы балаларына емес, тұтас қазақстандықтарға «Бірлікті, Татулықты, Білтымақты берік ұстаңдар!» — деп әлдебір жылылық пен ықыласты леп есіп тұрғандай.

Салтанатты сәттің ең бастысы, осында, көше бойында, тұғырға орнатылған «Бабыр би көшесі» деп жазылған белгі

тастың ашылуы болды. Бұл гранит тасты сонау Балқаштан «Қазақмыс» корпорациясы жеткізуге көмектесті. Оны осында жеткізіп, оған ойып атын жазып, өрнектеуге тағы да «Қазақмыс» корпорациясы қолғабыс жасап, тұтас көше бойын түзеп, сәулеттендіріп, белгіні тұғырына орнатты. Белгі тастың ашылуында Жезқазған, Сәтбаев қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Мырқы Ақпанбетов, Шермұханбет Байбосынов, қарт ұстаз Бекіш Күзекөв және Жезқазған қалалық мұрағатының директоры Сағындық Қожамсейтов сөз алып, бабаның елге сіңірген еңбегіне ерекше тоқталып, осы белгіні орнатуға ерекше үлес қосқан Бейсен Әукенұлының атына ағайындардың алғысын жеткізді.

Бабыр бабаның ұрпағының бірі Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, қоғам қайраткері, Ел Президентіне үміткер Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кандидатурасын қолдау жөніндегі республикалық орталық «Ынтылы» топтың жетекшісі Серік Тілеубаев көшенің ашылуына арнайы Астанадан келіп, сөз алып, осындай игі шараны ұйымдастырушы Бейсен Әукенұлына зор ризашылығын білдіріп, Бабыр бабаның — жүз жылдар өте ел билігі нұр сипатты бір ұланның қолына тиіп, қазақ еркін ел болар — деген көрегендік сөзінің шындыққа айналғанын, алда да сол Бабыр баба болжаған ұланның қолында көк туымыздың желбірей беруін қалайтындығын толқыныс үстінде көпшілік алдына салды. Бұл пікірді сол жерде жиналғандар бір ауыздан қолдап қол соғып, қошемет көрсетті.

Өз сөзінде Сәтбаев қаласының әкімі Қанат Сұлтанұлы Баламағамбетов:

— Қала көшелерінің ішіндегі ең бір әдемісі осы Бабыр би атындағы көше болғалы тұр. Көшені көріктендіруде Бейсен ағаның көмегі көп болды. Алда да бола береді деген сенім мол. Дәл осы Бейсен аға сияқты ағалардың қамқорлығын күтіп тұрған көшелер аз емес. Ерден көшесіне де осындай белгі орнату ойда бар. Сондай-ақ Шегірі, Кәдір билер атына

да көше болса, оларға қамқор ағалар көмек қолын созса, қаламыз гүлдене берер еді. Соған жетеміз деген ойымыз бар, — деді.

Қала әкімінің «Қала гүлдене берер еді» дегеніне орай, осы салтанатқа арнайы құттықтау хат жіберген Республика Парламенті Мәжілісінің депутаты Райымбек Аяшов — Бабыр би көшесі тұрғындары мен тұтас сәтбаевтықтарға алғыс сезімін білдіріпті.

Көше салтанатының ашылуынан кейін Бабыр би аруағын ұлықтап, оған дұға бағыштап, ас берілді. Осыншама игілікті істердің көпшілік көңілден шығардай атқарылуы, шынында да, ұйымдаса білсе, ұйымдастыра білсе, адам баласының ықылас пейілі мен ынтасы бір жерге тоғыса қалғанда ойлаған ойдың жүзеге асырылуы оңай екен-ау деген бір ой көңілге қона қалады екен. Бір адамның қолынан не келеді деп жатағындар болады ғой, сонда — жоқ ол адамына байланысты, Бейсен мырзадай азаматы бар елдің етек-жеңі бүтін, кемкетігі түгелденеді деп батыл айтуға әбден болады. Тек, әзірге аймағымызда осындай Бейсекеңдей азаматтардың аздығы ғана, әйтпесе, кешегі төрт босағаның ізін ұстаған сөзі де, өзі де өткір, білімді, дәулетті азаматтар шығып, Бейсекеңдермен тізе қосса, ғасыр бұрынғы Бағаналы балаларының бірлігі қайтадан түлеп, ел ішінде жоқ-жітіктің жағдайын әр ауыл бір түгендейтіндей мүмкіндік молаяр еді-ау. Дегенмен де біреу болса да мыңның ісін атқарар Бейсеңдей азаматтың бүгінгі өнегесі жастарға, келешекке үлгі екені даусыз және Бабыр бидің «Бірлік!» деген бір ауыз сөзі бүгінгінің көңіліне қона қалғандай.

Ең бастысы, кеншілер қаласында бірлікке бастайтын Бабыр би көшесінде белгі бар. Ал, белгі барда ештеңе жоғалмайды.

«Жезказганская газета» —
«Дауа» газеті. № 86 (1175).
16 қараша 2005 ж.

МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім: ЖЕМІСТІ ОН ЖЫА

Өндіріс басшысы ашқан жаңалық.....	5
Әлемдік биіктен әдемі көрінеді.....	19
Үлкен Жезқазғанның болашағы бар ма?.....	25
Келешекті көздеген кеніштер.....	33
Жеміске толы он жыл.....	37
Бағыты түзелген Батыс.....	42
Келешегі кемел кеніш.....	48

Екінші бөлім: МЫСТЫ БҰЛАҚ

Мысты бұлақ — бастауында.....	54
Жаңаша жұмыс — тамаша	
Әлеуметтік қолдау тұрақты	
Басшының тапсырмасы	
Үйренерім көп	
Игілікті істер жалғаса бермек	
Қазақтың мысы — халықтың ырысы.....	61
Еселенген — табыс.....	65
Бағдарлы бағыт байлыққа бастады.....	70
Өндірістің күре тамыры.....	78
Кен байыту — байлықтың басты бұлағы.....	83

Үшінші бөлім: ЕҢ БАСТЫСЫ — ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ

Жаңарып, жасарған әуежай.....	88
Көрікті қолтаңба.....	92
Қанекеннің көзін көрген.....	95
Қамқорлық аясында.....	100
Ұлытау мен Алатауды жалған «Ақ бұлақ».....	106
Сәулетті құрылыс — сәнді тұрмыс.....	111
Бірлікке бастайтын белгі.....	115

Батырбек Мырзабеков

ҚАЗАҚТЫҢ МЫСЫ — ХАЛЫҚТЫҢ ЫРЫСЫ

Публицистика. Очерк. Суреттемелер

Редакторы: Сара Смағұл

Көркемдік редакторы: Қарлығаш Сексембаева

Техникалық редакторлары: Арман Абдрахманов, Наталья Шароватова

Теруге 10.03.2006 ж. жіберілді. 11.05.2006 ж. басуға қол қойылды.

Қалпы 29,7x42 1/4. Көлемі 3,47 баспа табақ.

Таралымы 500 дана. Тапсырыс 7332 .Бағасы келісім бойынша.

«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС баспаханасы.

Жезқазған қаласы, Жастар көшесі, 24 үй.



Журналист Батырбек Тыныштықбайұлы Мырзабеков 1948 жылы Ұлытауда туған. 1966 жылы Ұлытау 11жылдық орта мектебін бітірген.

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі.

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері.

Ұлытау ауданының “Құрметті Азаматы”.
“Ұлытаудың ұлымын”, “Тасбұлақ” жыр жинақтары мен “Ұлытау - ұлттың ұясы” публицистикалық, тарихи-танымдық және “Белестер Белдеуі” кітаптарының авторы.

Мақалалары мен очерктері, өңгімелері мен өлеңдері қалалық, облыстық, республикалық мерзімді баспасөз беттерінде тұрақты жарияланып келеді.